

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шапшақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

8/2014

ТАМЫЗ

МАЗМҰНЫ

Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында

- Авторлық ұжым. «Қазақ тілі» пәніне арналған электронды оқулық.....3
- Ұстаздар кәдесіне жарамды көмек*
- Ақбота ТҰРЫСБАЙҚЫЗЫ. «Абайтану» бейіндік бағдарламасы.....22
- Таным табиғатында*
- Әмір МОЛДАБЕКОВ. Қыпшақ санар тактасы және бүгінгі телевидение.....27
- Рухани туыс тақырыптар*
- Сұлу ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ. Тіл – басты қазына.....31
- Нұрила ОМАРОВА. Асыл сөз өнері.....36

<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>		
Әсел ЕРҒАЛИЕВА.	Дауыссыз дыбыстар.....	42
Гүлнағима КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ.	Антонимдер.....	47
Айгүл ӘБДИЕВА.	Ортақ етіс.....	50

<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>		
Ардақ ХАБАЛҚЫЗЫ.	«Ананьин анасы» не дейді?.....	55
Гүлбаршын СЕРІКОВА.	«Тәмпиш қараның» ықпалы.....	59
Анар ЖАМИЕВА.	«Тарланым» өлеңінің құдіреті.....	64

<i>Лияс Жансүгіровтің 120 жылдығы</i>		
Бақытгүл СОВЕТХАНҚЫЗЫ.	«Құлагердің» сахналық қойылымынан.....	68

<i>Қайталау – оқу анасы</i>		
Гүлсім РАШИТҚЫЗЫ.	Есімдердің түрленуі.....	74
Меруерт ИБРАГИМҚЫЗЫ.	Сан есім қызығы.....	81

<i>Тамыз мәслихатына – мәзір</i>		
Ақмарал ШАРПЕКОВА.	Қазақ тілін тереңдетіп оқытудың күнтізбелік-тақырыптық жоспары.....	88
Айнұр ЖИЫЛМАСОВА.	Шалкиіз жыраудың «Би Темірге – бірінші толғауы».....	95
Еркін МОЛЖИГТОВ.	Қалиханнның «Қоңыр күзі еді».....	98
Бақтыгүл АБАТАЕВА.	«Қалқаман-Мамыр» махаббаты.....	102
Алтынай АҚДӘУЛЕТОВА.	Сабақты және салт етістік.....	107
Майра НЫҒМЕТОВА.	Мағжан өлеңдерінің өміршендігі.....	111
Жанна БАЗАРҒАЛИЕВА.	Жамбылдың жылы жүректі жырлары.....	116
Бағдагүл АҚЫБАЕВА.	Қайсар рухты қаһарман.....	120

<i>Бір тақырыпқа - қос мақала</i>		
Мейрамгүл ҚУАНЖАНОВА.	«Қараш-Қараш оқиғасы».....	123
Жанна АЙРАНБАЙ.	«Қараш-Қараш оқиғасы».....	126

<i>Сайыс сабақ</i>		
Рзагүл ӨТЕУЛИЕВА.	Сөз өнері – өмір өрнегі.....	130

<i>Тәрбие сағаты</i>		
Хуралай АЛДАНЫШ.	Ауғанның отты жылдары.....	134

<i>Оңаша жыр отауы</i>		
Әлия МЕЙРАМҚАЗЫҚЫЗЫ.	Дүние өлең болып төгіледі.....	140

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева, Қанина Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразақынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ

Авторлық ұжым:

«Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері

Арын Ержан Омарұлы,

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері:

«Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» медалінің иегері

Байғалиева Бағдат Мұқатайқызы,

«Білім беру ісінің үздігі»

Махамбетова Гүлбану Жанбекқызы.

Түсінік хат

... Білім беруде халықаралық кірігу болып жатыр. Білім берудің дамуының маңызды сипаты – оның ауқымдылығы болып саналады. Бұл сипат, қазіргі әлемдегі кірігу үрдісінің бар екендігі, мемлекеттер арасындағы қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларындағы қарқынды өзара әрекеттерден көрініс табады. Білім беру ұлттық басымдылық санаттан әлемдік басымдылық санатқа өтеді ...

Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә. Назарбаевтың Л.Н. Гумилев атындағы

Евразия Ұлттық Университетінде оқыған дәрісінен.

Егеменді елімізде бүгінгі күнде болып жатқан түбірлі жаңарулар, туған тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы – ата-бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс.

Түркі халықтарынан шыққан танымал ғалым Махмұт Қашқари сонау ХІ ғасырда білім мазмұнының зор, мәңгілік

мұра екендігі жайлы өшпес іс қалдырған. Соның бірі: «Білім – нұрлы әлем» деген екен. Осы нұрлы дүниені Әліппеден бастап, әлем кеңістігіне дейінгі алып айдында жүзетін мектеп оқушыларының интеллектуалдық қабілетін дамытып, парасатты, білімді азамат етіп тәрбиелеп оқытсақ, бұл ұстаздық қызметтің ұлы мәртебесі болмақ. Ал осындай ізгі мақсатқа жету – тек ұдайы ізденудің, бұл жұмысқа шығармашылық іс деп қараудың нәтижесі болмақ.

Ақпараттық жүйе орталығымен біріге отырып, ұсынылып отырған қазақ тілі пәні бойынша жасалған электрондық оқулықтың негізгі мақсаты - оқулықты пайдалану арқылы оқушылардың білім-білік дағдыларын, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Қазақ тілі» пәніне арналған электрондық оқулық Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен мектеп оқу бағдарламасына сәйкес жасалған.

Электрондық оқулықтың мазмұны қазақ тілі бойынша нақты пәндік ойлауын ескере отырып, ақпараттық-танымдық білімдер жүйесінің жиынтығы негізінде берілген. Электрондық оқулықта мультимедиялық анимациялармен, бейнетізбектермен, көне түркі жазуындағы таңбаларды тану арқылы тамыры терең, тарихы бай тіліміздің қадір-қасиетін оқып, сөзжұмбақтармен, сценарийлермен, бейнефильмдерден алынған үзінділермен түсіндіріледі. Оқушы интерактивті тапсырмаларды орындайды және оның қалай орындалғанын бірден тексере алады. Қажетті білім-білік дағдыларын пысықтау үшін оларға интерактивті тапсырмаларды шығармашылықпен орындауларына мүмкіндік берілген, сол тақырыптың қорытындысы есебінде тест жұмысын орындайды. Интерактивтік тестілер балаға оқу жетістігінің нәтижесін көруге, оның қызметін бар ниеті мен тың ізденістерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балауса балғын шәкірттер!

Қазақ тілі – борандатқан дауыл күй,

Қазақ тілі – өлең-жыр мен ән мен күй.

Байқасаңдар, қазақ тілі осындай,

Аққан судай, ескен желдей табиғи.

Халқымыз құстың сұңқарын, аттың дүлдүл тұлпарын нәзік тани білгендіктен, балауса күннен-ақ баптап, сынап, сүйекке сіңген өрнекті сөзді жаны сүйіп, ақындықты аңсайтын, қара қылды қақ жаратын бұлбұл тілді шешен, ғаламат қазақтың бай тілін көсілте сөйлер дара да дана ұрпақ боларына үлкен аталық сенім артады. Қазақ тілінің кереметтей қасиетін ардақтап, бай қазынамызды тәберіктей қастерлеп, сауатты болып, сүйікті тілімізде мамандықты игеріп, қанатын кең жаюына үлес қосады деп сенеміз.

10-сынып. Қазақ тілін оқытуда электронды оқулықты пайдалану арқылы оқушылардың білім-білік дағдыларын дамыту

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі – жан-жақты, жоғары білімді, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

ҚР «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті – «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін жағдайлар жасау» делінген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында оқу бітіруші түлектердің біліміне қойылатын талаптардың ішінде былай делінген: өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу, кәсіптік қызмет саласында қажет ақпаратты жинау, сақтау мен сұрыптаудың компьютерлік әдістерін меңгеру; өзінің кәсіптік қызметінің түрі мен сипатының өзгеруіне пәнаралық жобаларымен жұмыс істеуге әдістік және психологиялық жағынан дайын болу.

Білім және ғылым саласын ақпараттандыру Қазақстан Республикасының Білімді дамыту Тұжырымдамасының басты бағыттарының біріне саналады. Ол оқушылардың білім сапасын арттыруға және болашақ мамандардың кәсіптік білімділігін күшейтуге негізделген Қазіргі кездегі компьютерлік технологияның даму деңгейі жаңа дәуірдің мультимедиялық, телекоммуникациялық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсететін, толыққанды, сапалы және бәсекеге түсуге қабілетті білімді қамтамасыз ететін нақты алғышарттар болып табылады. Оның көпшілік бұқараға барынша кеңінен таралуы «өмір бойы білім алу» ұстанымынан «білім барлығымыз үшін ғұмыр бойына үзілмейтін» ұстанымына нақты ауысады.

Қазіргі кезеңдерде негізгі мәселелердің бірі – оқыту үдерісінде білім, тәрбие берудің пәрменділігін, білімнің тәрбиелік, тәрбиенің білімдік мәнін жоғары дәрежеге жеткізу болып табылады. Білім берудің кез келген саласында электронды оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін, білім-білік дағдыларын арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Әлі де білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқушы өзін қоршаған ортаны барлық сезім мүшелері арқылы танып, біледі, алайда олардың қабылдауы әр түрлі. Ақпараттарды қабылдаудың негізгі арналары: есту, көру және сезу болып табылады. Өзін қоршаған ортадан қабылдайтын мәліметтердің 90 пайызын көру жүйесі арқылы, 9 пайызын есту жүйесі арқылы, тек 1 пайызын сезім мүшелерінің көмегімен қабылдайды. Көру жүйесі – есте сақтаудың түрлері ішінде жетік, үздік дамығаны.

Педагог-психологтардың зерттеулері бойынша берілетін білім оқушының ішкі мұқтажымен сәйкес келмесе, онда оқу үдерісінде қиындық туындайды. Тәжірибе тұрғысынан информатика пәнін алатын болсақ, компьютермен жұмыс істеу кезінде жаңа ұғымдармен таныс болмауынан және техника құралын бірінші рет пайдаланып отырғандықтан, оның мүмкіндігі мен қажеттілігін білмеуі салдарынан оқушылардың өздеріне деген сенімсіздігі туады.

Қазіргі кезде мектепте жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы, ең алдымен мұғалімге байланысты. Қазіргі заман мұғалімінен өз пәнінің терең білгірі болуымен қатар, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық, саяси экономикалық, білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу-тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде саналады. Оқушы білімінің сапалы болуы, бір жағынан, мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне байланысты болса, екінші жағынан, мектептің техникалық материалдық базасының қажетті жағдайда жабдықталуы да әсер етеді. Қазір, қазақ мектептері сабаққа қажетті электронды оқулықтармен, интерактивті тақтамен және мультимедиялық кабинеттермен жабдықталуда.

Оқушының мектепте алған білімді тек игеріп қана қоюы жеткіліксіз, оны жетік меңгеру арқылы болашақ өмірінде өз қажеттілігіне жарата білуі керек. Бүгінгі күннің басты ерекшелігі оқу үдерісін жетілдіру жолында ең озық әдістемелер, технологиялар қолданылып, оқу орындары әр түрлі оқу бағдарламаларымен жұмыс істеуде.

Баланың терең, жан-жақты білім алуына, сонымен қатар

танымдық, білім-білік дағдыларының жетілуіне көмегі тиетін бірден-бір білім берудің ұтымды әдіс-тәсілдерінің бірі – электронды оқулықты сабақ барысында тиімді пайдалану.

Электронды оқулықты пайдалану арқылы:

- оқушыларға оқу материалдары жайында дәл және толық ақпарат беру мүмкіндігі, оқу және оқыту сапасы артады.
- оқытудың көрнекілігін арттырып, оқу материалын саналы игеруге қол жеткізеді;
- абстрактілі оқу материалдарын нақтылыққа жеткізіп, оқытудың тиімділігін жетілдіреді;
- оқу материалының маңызын арттырып, уақытты ұтып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге қол жеткізеді. Есте сақтау арқылы әсер алу, қайталау, ассоциация арқылы оқу материалдарын терең игеруге жеткізеді;
- мұғалім мен оқушы еңбектерін жеңілдетіп, өзара тығыз байланыста болуларына мүмкіндік тудырады.

Осы орайда, Білім беруді Ақпараттандырудың педагогикалық технологиялар Орталығының басшылығымен жасалып, біз ұсынып отырған қазақ тілі пәні бойынша 10 сыныпқа арналған электронды оқулықтың ұстаздар қауымы мен білім алушыларға тигізер пайдасы бар деп есептейміз.

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы Орта білім институтының Ғылыми кеңесі шешімімен (№13 хаттама, 20 тамыз, 2008 жыл) дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер мен жалпы білім беретін орта мектептің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын сыныптарында пайдалануға ұсынылған, педагогика ғылымының докторы Ж.Т.Дәулетбекова, М.Б.Ибраимов, Е.О.Арын, Қ.Қ.Нұрлыбековалардың авторлығымен 2009 жылы жарыққа шыққан Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасын (5-11 сыныптар үшін) басшылыққа ала

отырып жасалынған күнтізбелік жоспардың үлгісін ұсынып отырмыз. Электронды оқулық осы күнтізбелік жоспар бойынша жасалды.

Ұсынылып отырған электронды оқулықтың басты мақсаты:

- бағдарлама материалдарынан жан-жақты білім беру;
- оқушылардың пәнге тұрақты қызығушылығын арттыру;
- шығармашылық жұмыспен айналысуға сабақ үстінде қолайлы жағдай туғызу.

Құрылысы: тақырыптың негізін теориялық тұрғыда түсіндіруге арналған шағын мультимедиялық сценарийден, білімді пысықтауға арналған түрлі тапсырмалар жүйесінен және тест тапсырмаларынан тұрады.

10 сынып. Қазақ тілінің апталық сағат саны – 3; жылдық сағат саны – 36.

<i>Р/с</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Сағат саны</i>
1	Сөз мәдениеті. Тіл – рухани қазына.	1
2	Тіл – жалпы адамзаттық құндылық.	1
3	Тіл – этностың рухани мәдениетін жасаудың, дүниені танудың, өзін-өзі сақтауының құралы.	1
4	Тілдердің әлемдік қарым-қатынастағы орынына қарай жіктелуі. Тіл – ұлттық қауіпсіздіктің кепілі.	1
5	Тілдің мәні және қызметі.	1
6	Ескі қазақ жазба тілі. Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы.	1
7	Қазақ хандығынан бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықтағы ескі жазба тілдің қолданылуы.	1
8	Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы.	1
9	Ескі жазба тілінің тастағы таңбалармен байланысы. Мәдени мұраларды қорғау.	1
10	Төте жазу. А.Байтұрсынұлының реформасы.	1
11	Тұңғыш қазақ әліпбиі.	1
12	Қазақ тілінде пайдаланылған әліпбилер.	1
13	Қазақ тілі – кемелденген тіл.	1
14	Сөз байлығы – тіл дамуының басты белгісі.	1
15	Шешендік жүйе – кемелденген тілдің көрінісі.	1
16	Тіл дамытуға арналған мәтіндер мен өлеңдер.	1

17	Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі. Ұлттық тілге тән белгілер.	1
18	Жалпыхалықтық тілдің ең жоғарғы формасы – әдеби тіл. Әдеби тілге нәр беретін қайнар көздер.	1
19	Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуындағы сөз зергерлерінің алар орыны.	1
20	Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.	1
21	Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі.	1
22	Мемлекеттік тілдің қызмет етуінің алғышарттары, сыртқы және ішкі факторлар.	1
23	Сөйлеу тілі мен кітаби тіл туралы түсінік.	1
24	Қазақ әдеби тілінің белгілері.	1
25	Әдеби тілдің стильдік тармақтары.	1
26	Сөйлеу мәдениеті.	1
27	Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері.	1
28	Сөйлеу тілінің қолданылатын орындары.	1
29	Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.	1
30	Сөйлеу тілінің фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері, синтаксистік ерекшеліктері.	1
31	Кітаби тіл және оның айырым белгілері. Кітаби тілдің өзіндік белгілері.	1
32	Кітаби тілдің стильдік тармақтары.	1
33	Монологтың түрлері: сипаттау, баяндау, пайымдау, олардағы кітаби тілдің қолданылу сипаты.	1
34	Диалог.	1
35	Көркем әдебиет стилі.	1
36	Көркем әдебиет стилінің қолданылатын орыны, қарым-қатынас мақсаты, стильдік қолтаңбасы.	1
37	Көркем шығарма жанрларының тілдік ерекшеліктері. Жеке суреткердің стильдік қолтаңбасы.	1
38	Публицистикалық стиль.	1
39	Публицистикалық стильдің қолданылатын орыны, қарым-қатынас мақсаты, стильдік сипаты, тілдік амал-тәсілдері.	1
40	Публицистикалық шығармалардың тілдік белгілері.	1
41	Ресми іс-қағаздар стилі.	1
42	Ресми іс-қағаздар стилінің қолданылатын орыны, қарым-қатынас мақсаты, стильдік сипаты, тілдік амал-тәсілдері.	1

43	Іс-қағаздарының тілдік ерекшеліктері.	1
44	Ғылыми стиль. Ғылыми стильдің негізгі белгілері: қолданылатын орыны, қарым-қатынас мақсаты, стильдік сипаты, тілдік амал-тәсілдері.	1
45	Ғылыми еңбектердің тілдік ерекшеліктері.	1
46	Кітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары. Орфографиялық нормалар. Фонетикалық қағида.	1
47	<u>Буын, буын түрлері.</u>	1
48	Орфоэпиялық нормалар: сөз үндестігі, сөз екпіні, интонациялық құрылымдар.	1
49	Орфоэпиялық нормалардың орнығуының алғышарттары.	1
50	Тілдік норманың анықтамасы. Әдеби тілдің «заңдастырылған» нормасы. Тілдік норма – әдеби тілдің ең маңызды элементі.	1
51	Тілдік норма және дағды. Тілдік норма мен тілдік жүйенің өзара байланысы.	1
52	Тілдік жүйе мен тілдік дағдының өзара үйлесімі мен қайшылықтары. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының тілдік нормаға айналуы. Объективті нормаға тән қасиеттер.	1
53	Қатаң норма. Қатаң норманың қалыптасуы. Қатаң норманың тіл жүйесімен бұлжымас бірлігі. Фонетикалық, лексикалық қатаң нормалар.	1
54	Босаң норма. Босаң нормалардың қолданылуының себептері. Босаң норма – тілдің түлеуінің көрінісі.	1
55	Босаң нормалардың тіл мәдениетіне қатысы. Аналитизм құбылысының артықшылығы мен кемшілігі.	1
56	Тілдік норма және стиль. Вариант сөздерінің тіл нормасымен қатысы.	1
57	Жарыспалы қолданыстардың стильдік реңктері. Терминдер мен терминдік ыңғайдағы сөздердің экспрессиялық баламалары, олардың тілдегі рөлі.	1
58	Тілдік норма және жаңа қолданыстар.	1
59	Жарыспалы сөздерді саралап қолдану шарттарының сөз мәдениетімен байланысы.	1
60	Сөз сапасы. Сөз сапасы туралы түсінік.	1

61	Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік қарым-қатынасқа әсер ететін әлеуметтік факторлар.	1
62	Тыңдаушының ұстанымын (позициясын) ескеру және ойлау мәдениеті, сөз даралығына ұмтылыс.	1
63	Әдеби тіл нормасын сақтау, сөздерді талғап, саралап, «таза» қолдану. Сөз сапасына кері әсер ететін қолданыстар.	1
64	Сөз дұрыстығы. Сөз дұрыстығы ұғымы. Сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуды.	1
65	Сөз байлығы. Сөз оралымдығының бір шарты – сөз байлығы.	1
66	Сөз қайталаудың сөз сапасына кері әсері. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер.	1
67	Сөз байлығының стиль түрлерімен байланысы. Лексикологиялық сөздіктер арқылы сөз байлығын болжау мүмкіндігі.	1
68	Сөз тазалығы. Тіл мәдениетінің маңызды сапасы – тіл тазалығы. Тілдердегі сөз алмасу құбылысы.	1
69	Сөз ауысудың көшірме (калька) тәсілі. Көшірмелердің тіл мәдениетіне ықпалы. Сөз тазалығына жат элементтер. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы.	1
70	Тілдегі бейәдеби элементтер, олардың көркем әдебиетте қолданылуы. «Қыстырынды сөздердің» тілдік қарым-қатынасқа әсері.	1
71	Сөз қысқалығы мен нұсқалығы. «Қызметсіз сөздер» ұғымы.	1
72	Сөйлемнің есім баяндауышқа аяқталуы – сөз жинақылығының белгісі. Аз сөзге көп мағына сыйдыру – шеберлік.	1
73	Сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік. Сөздің қысқалығы мен нұсқалығына қойылатын талаптар.	1
74	Сөз дәлдігі. Сөйлеудегі дәлдік ұғымы. Тауып сөйлеу – өнер.	1
75	Сөздің мағынасына лайық қолдану – сөз дәлдігінің талабы. Тілдегі паронимдер.	1
76	«Зат» - «сөз» қатынастары. Мағыналас сөздерді талғап жұмсау – сөз сапасын арттыратын шарттық бірі.	1

77	Сөз дәлдігіне қойылатын талап – логикалық дәлдік. Сөз дәлдігінің стильдермен байланысы.	1
78	Сөз бедері және стиль. Сөз бедері туралы түсінік.	1
79	Бедерлі сөздегі деректі, дерексіз ұғымдардың қолданылуы. Сөз бедерінің стиль түрлерімен байланысы.	1
80	Сөйлеу тілінің стильдік бедері. Сөйлеу тілі бедерінің анықтамасы.	1
81	Сөйлеу тілінің ерекшелігі және ондағы сөз бедерінің көрінісі. Өмірдегі және көркем әдебиеттегі сөйлеу тілі.	1
82	Күнделікті қолданыстағы сөздердің қоғамдық пікір қалыптастырудың құралына айналу жолдары. Жағымды және жағымсыз мағынадағы сөздер.	1
83	Ресми іс қағаздары тілінің сөз бедері. Күнделікті қолданыстағы сөздердің ресми іс қағаздары құралына айналу жолдары.	1
84	Іс қағаздарындағы дайын сөз үлгілері мен тілдік стандарттар. Ұғым түрлері.	1
85	Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері. Тұрмыстық және ғылыми ұғымдар.	1
86	Ғылыми әдебиеттегі атаулардың ерекшелігі. Денотат. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері.	1
87	Көркем әдебиет тілінің сөз бедері. Көркем әдебиеттегі сөз қолданысының ерекшелігі.	1
88	Суреткердің сөз жұмсау ерекшелігі. Сөзбен «көркем сурет» салу өнері. Өмір шындығы мен көркем қиял. Денотат және образ. Көркем әдебиет тілінің сөз бедері.	1
89	Көркем сөз бедері. Болмысты нақты, өз бедерімен бейнелеудің айрықша тәсілдері. Шығарманың эстетикалық қуаты.	1
90	Бейнелеуіш құралдардың сөз бедерін түзудегі мәні. Стильдік контраст.	1
91	Бөгде стильдік элементтер. Сөз әсерлігінің сөзге, мәтінге, тарауға, бөлімге, тұтас шығармаға қатысы.	1
92	Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас. Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік.	1
93	Қоғамдағы әдет-ғұрып, қарым-қатынас дәстүрі. Тіл – сезім білдірудің құралы. Сөйлеу этикеті ұғымы.	1

94	Сөз мағыналарының құбылуы. Сыпайылықты білдіретін сөз орамдары, қаратпа сөздер. Сөйлесушілердің әлеуметтік белгілері. Сөздің ортаға байланысты қолданылу жағдаяты мен мәні.	1
95	Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөз түрлері. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастың тілдік сипаты, тілдік құралдары. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынасқа тән сөз әдебі.	1
96	Құттықтау. Құттықтаудың мақсаты. Құттықтау жағдаятына қатысты сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Құттықтау сипатындағы сөздердің мағыналық, стильдік ерекшеліктері мен әлеуметтік сипаты. Құттықтау этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы.	1
97	Тілек айту. Тілек айтудың мақсаты. Экспрессивті сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Тілек айтуға қатысты сөздегі мағыналық, стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Тілек айту этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы.	1
98	Бата беру. Бата сөздің мақсаты. Батаға лайық сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Бата беруге қажетті сөздердегі мағыналық стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Бата беру этикеті: ұлттық дәстүр, жаңашылдық синонимдерді талғап қолданудың сөз мәдениетіне қатысы.	1
99	Ресми-іскерлік қатынас тілінің жазбаша түрі. Ресми-іскерлік қатынастың жазбаша үлгілері. Мекемедегі іс қағаздарының түрлері, олардың құқықтық қатынасты реттеуші рөлі.	1
100	Жеке құжаттардың тілдік емес жақтары. Жеке құжаттардың тілдік (лингвистикалық) жақтары. Ресми құжаттардың сөз әдебіне (этикетке) қатысты жақтары.	1
101	Ресми-іскерлік қатынас тілінің ауызша түрі. Ресми-іскерлік қатынастың ауызша түрлері. Ресми ауызша сөздің биік шыңы – шешендік сөз.	1
102	Хат түрлері, қатынас хаттар.	1

Электронды оқулықты даярлау барысында мынадай жағдайлар ескерілді:

- қазақ тілі пәніне байланысты дайындалған электронды оқулықта қамтылған материалдардың осы пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуын, тақырыпқа қатысты нақты әрі қысқа берілуі;
- ұсынылған тапсырмалардың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келуі;
- электрондық оқулықтар оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі материалдардың болуы;
- қамтылған материалдардың ұлт менталитетіне қайшы келмеу жағы;
- танымдық мәтіндердің болуы;
- берілген тапсырмаларға байланысты ой-пікірлерін, көзқарастарын жазатын, айтатын мүмкіндіктің болуы;
- негізгі тақырыптарға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші материалдар;
- тақырыпты меңгеру барысында балаларды қызықтыратын, ойландыратын, зеріктірмейтін сөзжұмбақтардың, жұмбақ есептердің болуы;
- сөйлемге немесе жекелеген сөз, сөз тіркестеріне грамматикалық талдаулардың жасалынуы;
- оқушының орфографиялық сауаттылығын бақылайтын тапсырмалардың болуы;
- аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест;
- бас материалды даярлауда пайдаланылатын әдебиеттер тізімдері қамтылды.

Үлгі:

1. Тақырыбы: Ескі қазақ жазба тілі. Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы.

Мұрағат. Қабырға толған кітаптар. Жақынырақ көрініп тұрған кітаптардың мұқабасында араб әліпбиімен жазылған жазулар көрінеді. Екі ғалым өзара пікір алмасып отыр. Екеуі

де көзілдірік киіп алған. Әңгімелерінің арасында тұрып, біраз жүріп барып отырған қимылдарын қосу керек. Қобыз сарыны естіліп тұрса...

1-ғалым. – Иә, әріптес, екеуіміздің де мұрағат материалдарынан қарастырып отырған тақырыбымыз «Ескі қазақ жазба тілі» екен. Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы жайлы біраз пікір алмассақ қайтеді?

2-ғалым. – Жақсы, мен де осы ойда отыр едім.

1-ғ. – **Араб әліпбиі** негізіндегі қазақтың ескі жазба тілі, шамамен, ХҮ ғасырдан

ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықта қызмет еткенін білеміз.

2-ғ. - Ол, негізінен, Қазақ хандығының іс қағаздарында, дипломатиялық қарым-қатынас ісінде қолданылды емес пе?..

1-ғ. – Кімдердің шығармаларын ескі қазақ жазба тіл үлгілеріне жатқызасыз?

2-ғ. - Қадырғали би Жалайыридің «Жамиғ-ат тауарихы», Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» жылнамаларын аталмыш жазу үлгілеріне жатқызуға болады.

1-ғ. – Дұрыс. Мен де ескі қазақ жазба тіл үлгілеріне Махамбет Өтемісұлы, Әбілхайыр ханның Ресей патшасы Елизаветаға жолдаған дипломатиялық жазбалары, Ш.Уәлихановтың хат-қағаздарының тілі жататынына көзім жетті.

2-ғ. – Иә, сонымен қатар, Мүрсейіт қағазға түсірген Абайдың қарасөз түріндегі шығармаларының тілін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп тануға болады.

1-ғ. - Халық тілінің элементтері жүйелі сипат ала бастаған уақыты қай шама?

2-ғ. - Ескі қазақ жазба тілінің нормалары, әсіресе, ХІХ ғасырдың соңына таман сөйлеу тілінің ықпалына көбірек ұшырап, халық тілінің элементтері жүйелі сипат ала бастады.

1-ғ. - Бұл тұста ілгерішіл демократиялық бағыт ұстанған «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті, тағы басқа басылымдардың алар орыны ерекше болды ғой.

2-ғ. – Иә, дұрыс айтасыз. Әсіресе, ХХ ғасыр басындағы көркем әдеби шығармалар тілінде сөйлеу тілінің нормалары айқын көрінді, бірақ ескі жазба тіліне тән сөз үлгілері де жиі кездесіп отырды.

1-ғ. – О, Мәке, уақыт біраз болып қалыпты. Біраз әңгіменің басын қайырдық.

2-ғ. – Иә, Сәке, сізбен сұхбаттасқанымға қуаныштымын. Ертең тағы келесіз бе?

1-ғ. – Иә, алла қаласа, келемін, тағы біраз жұмыс жасау керек. Сау болыңыз.

2-ғ. – Мен де келемін. Сау болыңыз.

Араб әліпбиі негізіндегі қазақтың ескі жазба тілі, шамамен, ХV ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықта қызмет етті. Ол, негізінен, Қазақ хандығының іс қағаздарында, дипломатиялық қарым-қатынас ісінде қолданылды.

Ескі қазақ жазба тіл үлгілеріне Қадырғали би Жалайыридің «Жамиғ-ат тауарихы», Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» жылнамалары, Махамбет Өтемісұлы, Әбілхайыр ханның Ресей патшасы Елизаветаға жолдаған дипломатиялық жазбалары, Ш.Уәлихановтың хат-қағаздарының тілі, Мүрсейіт қағазға түсірген Абайдың қарасөз түріндегі шығармаларының тілі жатады.

Бағдарламашыға! Осы сөздер ғалымдардың ауызынан шыққанда экранға жазылсын! Бұл тізім глоссарийде тұрсын!

Құрметті оқушы! *Ескі қазақ жазба тілі, ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы жайлы зерттеулер жазған ғалымдар еңбектері жадыңызда жүрсін!*

1. Малов С. Е., К истории казахского языка// Изв. АН СССР, отд. лит. и языка. 1941, N8, С. 97101;

2. Сыздықова Р., XV - XVII ғғ. қазақ көркем әдебиеті тілінің лексикасы жайында//кітап: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. 1981, 60-86б.;

3. Сыздықова Р., XVIII - XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. 1984, 25-26.;

4. Өмірәлиев Қ., XV - XIX ғғ. Қазақ поэзиясы, 1976;

5. Ысмағұлов О., Қазақ тарихының әлпеті қандай болмақ?//Қазақ тарихы, 1994, N3, 3-6 б.;

6. Исаев С., XV - XVIII ғғ. қазақ әдеби тілін танытатын үлгілер, XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. бірінші жартысындағы әдеби тіл//кітап: Қазақ әдеби тілінің тарихы, 1989, 91-141 б.;

7. Әбілқасымов Б., Алғашқы қазақ газеттерінің тілі // Жинақ: Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер, 1993;

8. Құрышжанов Ә., «Кітаби тіл « материалдарынан// Жинақ: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы. 1960, 2 шығарма, 72-90 б.;

9. Осы автор: Ескі түркі жазба ескерткіштері (XI - XVI ғғ.) курсының программасы. Қарағанды, 1986;

10. Балақаев М., Құрышжанов Ә., Қазақ әдеби тілі// ҚСЭ, 1980, 504-513 б.;

11. Балақаев М., Құрышжанов А. Казахский литературный язык// КСЭ, 1981, с. 481-490.;

12. Сарыбаев Ш.Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. 1-бөлім, 1965.

1-тапсырма. Қазақша ай аттарының ескіше (арабша) баламасын тауып жазыңыз.

<i>Қазақша</i>	<i>Арабша</i>	Жауаптары:
1 Қаңтар	1. Дәлу;
2 Ақпан	2. Хұт;
3 Наурыз	3. Хамал;
4 Сәуір	4. Сәуір;
5 Мамыр	5. Зауза;

6 Маусым	6. Сарыатан;
7 Шілде	7. Асад;
8 Тамыз	8. Сүмбіле;
9 Қыркүйек	9. Мизан;
10 Қазан	10. Ғақраб;
11 Қараша	11. Қаус;
12 Желтоқсан	12. Жәди.

Бағдарламашыға!

Жауаптарын «Ай, күн, ай, жұлдыз» бейнесіндегі сызбаларға жазып, жасырыңыз. Оқушы әр суретті басқанда, жауаптарды көре алатындай болсын, бала қайсысын дұрыс деп табады, соны жанына апарып қойғанда, жазуы қойылуы керек!

2-тапсырма: «Ұқсастарын жылдам тап!». Ұяшықтардағы ұқсас араб әріптерін жылдам тауып, жеңіске жетіңіз!

ا	ت	ج	ر	ز
چ	ح	ب	ب	ح
د	د	ص	د	د
خ	س	ا	خ	ش
ر	ت	ث	ض	ص
ض	ز	ش	س	ث

Бағдарламашыға!

1. Шаршы ұяшықтардың сырты бірдей түсте, бірдей ою-өрнектелген немесе ботақандардың суреттері болу керек.

2. Артында араб әріптері жасырылған. Әр ұяшықты басқанда айналып ашылуы тиіс, оқушы ұқсас әріптерді іздеп, тез-тез басқанда, егер ұқсас әріптер шықса, ол әріптер бірге ұшып, қорапшаға түсуі қажет.

3. Уақыт қойылса, «Сіз жеңдіңіз!», «Сіз жеңілдіңіз!» деген белгілер анықтайды.

4. Бірінші бағандағы он бес әріпті екі реттен жазып, жасыру керек.

3-тапсырма. Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуына үлес қосқан Қадырғали жайлы мәліметті мұқият оқып, өз толғанысыңызды жазыңыз.

Қадырғали Жалайыри (Қадыр Әлі Қосымұлы би, арғы тегі Жалайыр) деп аталған бұл кісі XVI ғасырдың ортасы мен XVII ғасырдың басында өмір сүріп, қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған. Ресейдің атақты патшасы Борис Годуновтың қол астында жүріп, 1602 жылы «Жылнамалар жинағын» жазып бітірген. Бұл – қазақ тілінде жазылған тұңғыш ғылыми еңбек. Еңбек үш бөлімнен тұрады: 1. Борис Годунов билігін бейнелеу. 2. Рашид ад-Диннің «Джами ат-Таварих» атты еңбегінің қысқаша аудармасы. 3. Орыс ханның Оразмұхаммед сұлтанға дейінгі қысқаша аудармасы. Бұларға қосымша алтынордалық ірі қайраткер Едіге батыр жайында дастаны берілген.

«Жинақтың» тілдік құрылымын, жазу мәнерін зерттеп, көрнекті ғалым Р.Сыздықова арнайы кітап жазған.

Қадыр Әлі деректеріне Шоқан Уәлихановтан бермен қарай талай тарихшылар, зерттеушілер сүйеніп келеді. Араб, парсы, түркі, орыс тілдерін бірдей жақсы білген Қадырғали Жалайыр тайпасынан шыққан қазақтың бірінші ойшыл ғалымы, жазушысы, өрнек қалдырған мәдениет мұрагері. Туған жері – Қазақстан жеріндегі Сырдария бойы. Қадырғалидың ата-бабалары Қарахандар әулеті билігінен бері үздіксіз хан сарайында қызмет етіп, ханның ақылшы-кеңесшісі, қол бастар батырлары болған.

Бағдарламашыға! Бұл тапсырмада оқушы жазады. Соған лайық мүмкіндік жасаңыз. Жауабын мұғалім бағалайды.

4-тапсырма: «Ізден, тап, салыстыр».

1) *Ескіше жыл атауларын сәйкестендіріп, ретімен орналастырыңыз;*

2) *Мағыналық жақындықтарын таразылаңыз (ауызша):*

- | | |
|--------------------|-------------------|
| 1. Жылқы – Сумақы; | 2. Тауық – Айбар; |
| 3. Сиыр – Айтақ; | 4. Ит – Маңғаз; |
| 5. Қоян – Қорысқы; | 6. Жылан – Мешін; |
| 7. Ұлу – Секем; | 8. Барыс – Шопан; |

- | | |
|-----------------------|---------------------|
| 9. Мешін – Шақырауық; | 10. Қой – Иртек; |
| 11. Барыс – Сумаң; | 12. Доңыз – Тұлпар. |

Жауабы:

1	Тышқан	Сумақы
2	Сиыр	Маңғаз
3	Барыс	Айбар
4	Қоян	Секем
5	Жылан	Сумаң
6	Жылқы	Тұлпар
7	Ұлу	Иртек
8	Қой	Шопан
9	Мешін	Мешін
10	Ит	Айтақ
11	Тауық	Шақырауық
12	Доңыз	Қорысқы

Бағдарламашыға! Бұл тапсырманың екіншісін оқушы айтады. Соған лайық мүмкіндік жасаңыз. 2-жауабын мұғалім бағалайды.

5-тапсырма: Тақырыппен байланыстыра әр сөйлемге сұрақ жазыңыз.

Үлгі: 1) Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуына үлес қосқан Әбілғазы Баһадүр кім?

Әбілғазы Баһадүр Хан (1603-1664) – Хиуа ханы (1645-63), тарихшы-шежіреші. Ол өзі туралы: «Құдай тағала мырзалық қылып, маған біраз нәрселер берген. Мен, әсіресе, үш түрлі өнерді жете меңгердім. Біріншісі - әскери өнер, яғни, әскерді басқару, оның тәртібі; Екіншісі - ақындық өнер, яғни түрлі өлең құрылысын сақтай отырып, түрік тілінде меснеуи, қасида, ғазел, рубаят тәрізді өлең шығара алу; араб, парсы, түрік сөздерінің мағынасын жетік білу; Үшіншісі – бұрын Арабстан, Иран, Тұран, Моңғолияны билеген патшалардың өмірі мен мемлекеттік маңызды істерін, оларда болған ірілі-уақты оқиғаларды жатқа білу», - деп жазды.

Бағдарламашыға! Жауабын мұғалім тексереді.

(Жалғасы келесі санда).

Ақбота ТҰРЫСБАЙҚЫЗЫ,
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 гимназияның жоғары
деңгейлі санаттағы қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Алматы.

«АБАЙТАНУ» БЕЙІНДІК БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде).

5. Қосымша.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Т.

Таубалдиеваның қысқа мерзімдік жоспары.

2014 жыл 8.50 – 9-35.	Әдебиет	10-сынып
Сабак тақырыбы:	А.Құнанбайұлының «Жиырма жетінші» қарасөзін оқыту	
Жалпы мақсат:	«Жиырма жетінші» қарасөздің идеясын ашу. Автордың көркемдік мұратын таныту барысында оқушыларды сыни тұрғысынан ойлауға, ойын ауызша, жазбаша түрде дәл де сауатты жеткізе білуге, басқалардың көзқарасын сыйлай білуге және ақ пен қараны салмақтап, одан тұжырым жасай білуге дағдыландыру. АКТ-ны тиімді пайдалану.	
Сілтеме:	1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық (41-49 б.); 2. Әдебиет пәнін оқыту әдістемесі (53-62 б.); 3. Абайдың қарасөздері; 4. Портал материалдары.	
Оқу нәтижесі:	Имандылық туралы білімдерін кеңейту. Қарасөзді талдау арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиетін танып, мейірімді болуға ықпал ету. АКТ-ны тиімді пайдалану.	
Негізгі идеялар:	Шығарманың көтерген проблематикасын айқындау.	

Сабақта қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақта, тақырып бойынша тұсау-кесер (презентация), видео-кеспелер, смайликтер, кесте, стикерлер, флипчарт қағаздары.
Оқыту әдістері:	Жаңа әдістер: сұрақ- жауап, диалог. АКТ, СТО нақтылаңыз: сұрақ-жауап,миға шабуыл, диалог. Бағалау түрі: формативті - қол шапалақтау, смайликтер тарату. Жұмыс түрлері: жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс.
Дерек көздері:	Интернет материалдары; «Жиырма жетінші» қарасөзін ұнтаспадан тыңдату, т.б.
Тапсырмалар:	Мәтінмен жұмыс. Тақырып бойынша постерлерді қорғау, ойталқы.

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:

I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу (5 мин). 8.50 – 8.55.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату мақсатында музыка әуенімен Т.Айбергеновтың «Ана» өлеңінің әр тармағын оқушыларға тарату арқылы топқа бөлу.	Оқушылар өлең тармақтарын ретімен мәнерлеп оқиды да, 6 оқушыдан 3 топқа бөлінеді.
II. Үй тапсырмасын сұрау (5 минут). 8.55 – 9. 00.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	1. А.Құнанбаевтың қарасөздер жазудағы мақсаты не? 2. Қандай қарасөздерді білесің? Мадақтау сөздер арқылы бағалау.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді, талқылайды.
III. Жаңа тақырып (6 минут). 9.00 – 9.06.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Оқушыларды жаңа сабақтың тақырыбы, мақсат-міндеттерімен таныстыру. Әр топтық	1-топ: Акынның әкесі Құнанбай туралы деректермен таныстырады. 2-топ: Ахмет-Риза медресесі

	спикерлері интербелсенді тактада алдын ала берілген тапсырмаларды қорғайды. Смайликтер беру арқылы формативті бағалау.	туралы деректермен таныстырады. 3-топ: Абайдың орыс, батыс әдебиеттерін оқуына жол сілтеген Е.П.Михаэлис туралы деректермен таныстырады.
«Мағынаны ашу» бөлімі (6 минут). 1.06 – 9.12.	1. Оқушыларға диктофоннан «Жиырма жетінші» қарасөзді тыңдату. 3. Түсініксіз сөздерге түсінік беру.	Сабакты зер сала қарап, мұқият тыңдап, есте сақтайды. Дәптерге түртіп алады.
Тапсырмалар (10 минут). 9.12 – 9.22.	Жеке жұмыс. Шығарма мәтінін іштей оқиды.	
5 минут.	Жұптық жұмыс. Шығарма мазмұны бойынша А4 парақтарына жоспар құрып, топ мүшелері бір-бірінің жоспарын оқиды.	Шығарманы оқиды. Керекті жерлерін түртіп алады.
2 минут.	Топтық жұмыс. «Иманды», «Имансыз» тақырыбын флипчарт қағаздарына Венн диаграммасы бойынша салыстырады.	Жұппен бірге жоспар құрады. Әр топтан ең үздік жоспарды топтар алдында оқу.
3 минут.	Қолпаштау сөздері арқылы бағалау.	Әр топ постерді қорғайды.
IV. Қорытындылау (5 мин). 9.22- 9.27.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
«Миға шабуыл» стратегиясы	1. Дүниеде жаза біткеннің ең сұмдығы не деп ойласындар? 2. Қатыгездік деген не? Қазіргі кезде адамдар арасында қатыгездік жиі көрініс тауып жүрген жоқ па? Ол неден туындайды деп ойлайсындар? Қолпаштау сөздері арқылы бағалау.	Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларымен бөліседі.
V. Үйге тапсырмасын беру (2 мин). 9.27 – 9.29.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:

	«Имандылық» – асыл қазына» тақырыбына шығарма жазу.	Үй тапсырмасын білу, түртіп алу.
VI. Бағалау (2 мин). 9.29– 9.31.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Формативті бағалау: «Отшашу».	Бағалауға қатысу.
VII. Рефлексия (4 мин). 9.31 -9.35.	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Сабактан алған әсерлері мен ұсыныс-тары туралы қысқаша стикерлерге жазу.	Сабактан алған әсерлері мен ұсыныстарын қысқаша стикерлер арқылы жеткізу.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың азаматтық бейнесі

Жұт кезінде	
Жер дауы	
Рулар арасындағы қатынас және т.б	

Өзін-өзі бағалау парақшасы

I. Үй жұмысын орындау.	II. Шығарманы талдау.	III. Шығармашылық жұмыс.	IV. Ашық, жабық сұрақтар қою, сұрақтарға жауап беру.

Ең жоғарғы балл – «5». Ең төменгі балл – «2».

Дәстүрлі білім беру мен II (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша білім берудің басты ерекшеліктері

1	2	3
Мазмұны	Дәстүрлі білім беру	2- (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша білім беру.
- Білім мазмұнын анықтау.	- Білім және ғылым министрлігі. - Мектеп басшылары. - Ата-ана баласы үшін шешім қабылдайды.	- Оқу білу үшін ізденеді. - Оқушылардың өзіне ерік беріледі. - Өзін-өзі таныту, өзін-өзі дамыту, бірін-бірі оқыту, т.б.

ҚЫПШАҚ САНАР ТАҚТАСЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТЕЛЕВИДЕНИЕ

Сандардың отаны – Шығыс. Біздің дәуірге дейінгі VII ғасырдың өзінде сақтар ежелгі түрк тілін білген және олардың санау үлгілері де ұқсас болған. Оған Ертіс жағасынан табылған, темір дәуірінде сүйекке жазылған түрк жазу таңбалары дәлел. Тым әріге бармай-ақ бергі орта ғасыр заманына келсек те ауыз толтырып айтар айғақтар жетерлік.

Мәселен, Харон Рашид Бағдатта «Даналық үйін, қазіргіше айтқанда ғалымдар үйін салдырды. Бағдат көгілдірі мен «Даналық үйін» ауыртпалығын Орта Азия және Қазақстан ғалымдары көтерді. Олардың сапында әл Хорезми, әл-Ферғани, әл Жауһари, әл Мервази, кейінірек әл Фараби болды. Осы тұста қыпшақтардан шыққан жаратылыстану, математика ғылымдары мәселеріне қалам тартқан бірсыпыра оқымыстыларды кездестіруге болады. Олар өздерінің ұлы ұстаздары әл Фараби және басқа да Орта Азия ғалымдары сияқты ғылыми риссаларын (трактаттарын) араб тілінде жазған.

Солардың ең көрнектілерінің бірі – Байлау (байлағ) әл Қыпшақи. Ол 1242-1282 жылдары Каирда Бахри сұлтандары сарайында қызмет еткен. Үлкен минералог-ғалым болған. Байлау әл-Қыпшақи – «Асыл тастардың қасиеттері туралы трактат» деп аталатын еңбектің авторы. Бұл шығармасын ол 1279-1290 жылдары билік құрған Бахри (қыпшақ) сұлтаны Мәнсұр Сайфаддинге бағыштайды. Бұл зерттеуден оның гректерден Аристотель, Гермес, Апплоний, Птолемей, ал мұсылман ғұламаларынан әл Фараби, әл Бируни, әл Масуди, әл Ғазали еңбектерімен таныс болғаны көзге ілінеді.

Байлау әл Қыпшақи минералдардың магниттік қасиет-

- Қандай оқыту формаларына, әдіс-тәсілдерге сүйенеді?	- Белсенді әдіс-тәсілдерден гөрі, әңгімелеу, баяндау, дәріс, сұрақ-жауап сияқты таптаурын әдіс-тәсілдерге көп иек артады.	- Өнімді, белсенді әдіс-тәсіл, сабақ түрлері, оқу формаларына сүйенеді. -Проблемаларды өздері табу, өз бетімен шешу. - Болжам, жоба, модель жасау, қорғау.
		- Өз беттерінше танымды іздендіру тапсырмаларын орындау, зерттеу жұмыс-тарын жүргізу. - Өзін-өзі таныту, өзін ойын қалыптастыруға әрекеттену. - Пікір сайыстары бойынша ойлау белсенділіктеріне әсер ету.
Оқушы білімді қалай меңгереді?	-Мұғалім – білімді дайын күйінде беруші, сарапшы, бағалаушы.	- Білімді меңгеруде өз еркімен жол таңдап алушы. - Сапалы зат шығарушы. - Өзін-өзі оқытушы, мақсатты білім алушы. - Өз өніміне өзі баға беруші.

«Абай жолы» романындағы жастар бейнесі

Абай пікірі	Қолдаушы топ пікірі	Үстем тап өкілдерінің пікірі	Өз пікірің	Олардың арманы
	Дәркембай: (Дәрмен жайлы) ...Абайдың ізінде, жолында сияқты			

1. Оқушыларды топтарға бөліп, Базаралының, Дәркембайдың, Бөжейдің сөйлеу тілінің сөздігін жасату. Сөз оралымдарының кейіпкерлер бейнесін ашудағы ерекшелігін дәлелдету.

2. Романдағы Абайдың бойжеткен қыздарға (Тоғжан, Әйгерім, Керімбала, Үмбетей, Салтанат, т.б.) деген ыстық сезімі мен шынайы ықыласы, абзал әжелер мен аналарға (Зере, Ұлжан, Иіс, Ділдә, Айғыз, т.б.) деген риясыз сыйластық, мейірім, әкесі Құнанбайдың баласының нағыз азамат, халық ұлы болып қалыптасуына ықпалы туралы мәтіннен үзінділерді тауып, мәнерлеп жатқа айтқызу. Жүппен, топпен рөлдік ойындар даярлату.

теріне де зер салған. Сонымен бірге білгір ғалым теңізде тура жол табу мақсатында пайдаланылатын компастың теориялық және практикалық мәселелерін зерттеген. Компас жөніндегі теориялық нұсқаулардың дұрыстығын сынап көру үшін 1242-1243 жылдары Жер Орта теңізінде жүзу сапарына қатысты деген дерек те бар.

Екінші бір ортағасырлық қыпшақ оқымыстысының аты-жөні – Мұхаммед Әтиф әл Қыпшақи (әл Қабужақи). Байлау әл Қыпшақимен замандас болған бұл ғалым – «Геометрия ғылымына кіріспе» атты трактаттың авторы. Араб тілінде жазылған бұл шығарманың бір қолжазбасы АҚШ-тың Нью-Джерси штатындағы Пристон университетінің кітапханасында сақтаулы. Осы орайда айта кететін бір жәйт – бұл кітапханада Отырардан шыққан көрнекті математик және астроном Ғаббас Жауһаридің (IX ғ.) «Евклидтің бесінші кітабына толықтыру» атты трактатының қолжазбасы да бар көрінеді.

Он екінші ғасырда Орта Азия және Қазақстан ғалымдарының еңбектері латын тіліне аударылып, сондай-ақ математиканың басқа елдерге, мәселен, Европаға ауысуы, қандастарымыздың еңбектерін саябырлата бастады, әл Фарабидің, әл Жауһаридің және басқалардың еңбектері Әбу әли ибн Синаға, Омар Хайямға, Насреддин ат Тусиге әсерін тигізді. Кейінгі зерттеулер бойынша Италия математигі Леонардо Пизанскийге өзінің «Абак» кітабын жазуға әл Хорезмидің, поляк ғалымы Николай Коперникке (1473-1543) өзінің гелиоцентрлік жүйесін ашуға әл Фарабидің еңбектері әсер еткен. Сол арқылы Кеплер өз заңдарын ашқан. Дөңес линзадан сәулелер өткенде сынатындығын, оны бір жерде тоғысатындығын әл-Фараби тапқан. Сөйтіп, линза – айна тоғысын – фокусын табушы Кеплер емес, оны табушы – әл Фараби.

Әл-Фараби өзінің еңбектерінде музыкалық нотаның орынына цифрлі жүйені қолданған, бұл жүйе осы кезге дейін қытайда пайдаланылып келеді.

Ертеде Вавилондықтар екі цифрді пайдаланған екен: 1 және 10. Америкадағы майя халқы үш санды қолданған: 0,1 және 5.

Ғылыми сөздікте «қос сандар» деген сөз бар: «БИТ» – бұл – ағылшын сөзі «binary bigit». Бұл жүйе ЭВМ – компьютерде қолдау тапты. Қазақ санау жүйесінің дамыған шағына дәлел, қыпшақ жазба ескерткіші «Кодекс Куманикус» 1303 жылдары жазылған. Бұл туралы профессор М.Е. Барманкұлов «Хан Иван» кітабында былай деп жазады: Уже в те времена у кыпчаков была счетная доска – «санар такта».

Если «Кодекс» пропускать не только сквозь сито падежных окончаний и особенностей синтаксиса, то можно многое узнать и о культуре, быте кыпчаков 1303 года. Уже в те времена употребляли иглу для пошива мешков – «чувалдуз», мельница – «тегирмек», расшитый тулуп – «сырма тонум», наперсток – «оймак», лампа – «фанар». Может, и этот «фонар» пришел в другие языки из тюркского, а потом из них – снова в тюркский как чужеродный элемент?

Қыпшақ санар тактасына (есеп шотына) жүгінсек, қазақтың ондап та санағандығына дәлел көп (қазақтың көбейту әдісі, бір саусақ, екі саусақ, жұдырық).

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен де ғылыми мағыналы көптеген сандық сипаттарды табуға болады. Қазақтың қара есептері де – соның куәсі, қазақтың ұлттық психологиясының бір көрсеткіші - өз түйіндеулерін көпшіліктің есіне қалдыру үшін «көбіне» осы жолды тандап алған. Мысалы,

«Бойтұмарым ең қымбатты,

Ақ гүлім алты тармақты.

Тұғыры төрт жапырақты,

Алтайым күн шуақты», - деген жыр жолдарындағы сандардың астарында белгілі бір мағына бар. Түрік халықтарының тіліндегі сан атауларының бірдей болып келуі де олардың есептеу жүйесінің ортақ болғанын дәлелдейді.

Булгар тілі Тоquz	Қараханид – ұйғыр тілі Токуз	Оғыз тілі Тоquz
Шағатай тілі Тоquz	Әзібайжан тілі Доггуз	Ноғай тілі Тоғыз
Алтай тілі Тоғус	Татар тілі Тоғыс	Башқұрт тілі туғыз
Гагауз тілі Докуз	Якут тілі тоғус	

Тоғызға көбейту ережесін – қазақтың көбейту ережесі дейді. Санды тоғызға көбейту үшін, мысалы, 5-ті 9-ға көбейту үшін, алақанды жайып, сол қолдан бесінші саусақты бүксек, бүгілген саусақтың сол жағында тұрған саусақ қырықты, ал оң жағындағы саусақтар бірлікті көрсетеді. Сонда 45 дегенді оқимыз.

Қол-аяқ есе (көбейту) қол аяқ есе оң $20 \cdot 20 \cdot 5 = 2000$.

Қыр қоспа қос қол оң $40 + 15 = 55$.

Ағылшын лорды философ Ф.Бэкон қос санды шифр ұсынған. Мысалы, «Егеменді Қазақстан» деген сөзді санға айналдырайық.

00	001	010	011	100	101	110	111
00	Ч	З	И	Ы	Р	С	О
01	А	Т	У	Й	Ь	Э	Е
10	Н	Б	В	Ф	К	Л	Ш
11	М	Ю	Я	Г	Х	Ц	Щ
12	Ә	І	«	Ғ	Ү	Ұ	Ө

Сандар тілінде былай оқылады: 01110, 11011, 01110, 11000, 01110, 10000, 00111, 12001, 12110, 01000, 00001, 01000, 12110, 01001, 10000.

Екі цифрдің құдіреті. Ол – (0) және (1) цифрлары. Осы екі сандық тәсілмен сөзді ұяға енгізу арқылы кез келген үлкен хабарларды лазерлік дискілерге жазуға болады: - Сандық (цифровое) телевидение; - Сандық байланыс жүйесі; - Сандық кабельді телевидение; - Сандық (нота) музыка; - Сандық телефон жүйесі.

Осындай қос сандар коды арқылы 30 томдық БСЭ (Үлкен Кеңес Энциклопедиясы) бар-жоғы $3 \cdot 10^8$ бит болады екен. Бұл информация сыйған ұя сіріңкенің қорабындай-ақ. Бірден-бір ірі электронды кітапхана – МЕДЛАЙ қорында, 1966 жылдан бері 5-млн. Рефераттар мен мақалалар бар екен. Нью-Йорк халқы өз үйлеріндегі телевизордан арнайы қондырғы арқылы 1976 жылы самолет, поездердің жүру кестесін, дүкендегі товарлар бағасын, түрлі информациялар қабылдай бастады, бұл – телемәтін (телетекст) еді.

Рухани туыс тақырыптар

Сұлу ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
«Тамды» орта мектебінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,

Алға ауданы,

«Тамды» ауылы.

ТІЛ – БАСТЫ ҚАЗЫНА

Мақсаты: ата-бабаның ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа сақтап келген алтын қазынасы – туған тіліміз. Тіл – тұтастығымыздың, елдігіміздің кепілі. Сайыс сабақта асыл мұраларымыз – мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөздерді жас ұрпақ қаншалықты білетіндігін сарапқа салу.

Жүргізушінің сөзі: - Құрметті ұстаздар, оқушылар, бүгін бізде 5-сыныпта «Тіл – басты қазынам» атты сайысымызға қош келдіңіздер! Оқушыларымызға тек қана сәт-сапар тілейік. Ойынымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

- Балалар, ана тілімізді «мен қазақтың» деген азаматтар ардақ тұтуы керек. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Тіл – қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршең күй кеше береді. Өз тіліміздің құдіретін асқақтата білейік!

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,

Ер адамда өз анасынан басқа да

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы.

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамыңа шуақ шашар үнемі

Және туған тарихы!- дейді М.Шаханов.

Тілді, тарихты, салт-дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып сақтау – қасиетті борышымыз. Олай болса, әрдайым тілімізді аялап жүрейік деген тілекпен бүгінгі сайысымызды бастаймыз. Алдымен, сайыс шарттарымен таныс болыңыздар:

1. Топты таныстыру.

2. Мақал-мәтелдерді жалғастыру.

3. Тіл туралы өлеңді мәнерлеп жатқа оқу.

4. Жаңылтпаштар сайысы.

5. Жұмбақтар (жанкүйерлер үшін).

6. Өлең құрастыру (Тақырыбы ана туралы).

7. Көрініс (шешендік сөздерден көрініс қою).

Әрбір дұрыс жауап үшін 5 ұпайдан беріледі.

- Сайысты бастамас бұрын бүгінгі сайысымызды сарапқа салатын қазылар алқасымен танысайық:

1. Лаура Сағымбаева – директордың оқу жөніндегі орынбасары.

Сағынтай Ғабдуллин – қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Бақтылы Ерғалиева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбаары.

Бірінші бөлім: - Сайыстың алғашқы шарты бойынша сөз екі топтың мүшелеріне беріледі. Топ мүшелері өздерін көпшілікке таныстыруы керек (Екі топ көпшілікке өздерін таныстырады).

Екінші бөлім: - Сайыстың екінші шарты бойынша әр топқа мақал-мәтелдердің алғашқы жолдары беріледі. Оқушылар соны әрі қарай жалғастыруы шарт.

1-топқа мынадай мақалдар ұсынылады:

1. Ағасы бардың – жағасы бар, ... (Інісі бардың – тынысы бар).

2. Балапан ұядан не көрсе, ... (Ұшқанда соны іледі).

3. Жаздың бір күні ... (Қыстың мың түні).

4. Сумен ойнама – батарсың, ... (Отпен ойнама – жанарсың).

5. Оқу инемен, ... (Құдық қазғандай).

6. Батыр туса – ел ырысы, ... (Жаңбыр жауса – жер ырысы).

7. Жеті жұрттың тілін біл, ... (Жеті түрлі білім біл).

8. Өзге елде сұлтан болғанша, ... (Өз елінде ұлтан бол!)

9. Үлкенді сыйласаң, қадірлі боларсың, ... (Кішіні сыйласаң, құрметті боларсың).

10. Жері байдың ... (Елі бай).

2-топқа ұсынылатын мақал-мәтелдер:

1. Асыл тастан шығады, ... (Өнер жастан шығады).

2. Туған жердей жер болмас, ... (Туған елдей ел болмас).

3. Жақсыдан – үйрен, ... (Жаманнан – жирен).

4. Отан ... (оттан да ыстық).

5. Айдағаның – бес ешкі, ... (Ысқырығың жер жарады).

6. Әзіл айтсаң да, ... (Әділ айт).

7. Білгенің – бір тоғыз, ... (Білмегенің – тоқсан тоғыз).

8. Біреу тоңып секіреді, ... (Біреуі тойыш секіреді).

9. Қына тасқа бітеді, ... (Білім басқа бітеді).

10. Оқусыз – білім жоқ, ... (Білімсіз күнің жоқ).

Үшінші бөлім: Ендігі кезек – өлең-жырларға беріледі. Оқушылар өздері жағтап келген өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

Төртінші бөлім: - Балалар, сайысымыздың келесі шарты бойынша – жаңылтпаштарды жаңылмай айтуға тиіспіз. Ақын, көрнекті қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин ағамыз «Жаңылтпаш – бұл сабақ, тәжірибе. Бұл – тіл орамдылығы мен ыңғайлылығын қажет ететін ойнақы да

қисынды сөз. Ертеде жаңылтпаш жиылған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде қолданылған. Жаңылтпаш – ойлы сөз»,- дейді. Осы ойлы сөзді жаңылмай жеткізіп көрейік.

Естеріңізге сала кетейін, екі топқа бірдей жаңылтпаштар беріледі:

1. Екеуінің жасы шамалас.

Бірінің шашы – қара шаш.

Екіншісінің шашы – ақ шаш аралас.

2. Ас аспай бас аспазшы,

Ас асты жас аспазшы.

2. Үш кіші ішік піштік,

Бес кіші ішік піштік?

Неше кіші ішік піштік?

3. Жаңылтпаш жатта,

Жаңылмай жатта.

Жатқа жатта,

Жаттамай жатта.

4. Жоғалды бес шыбыш,

Жоқ әлі еш сыбыс.

Жоқ әлі еш сыбыс,

Жоғалды бес шыбыш.

5. Бақбақ бақта бар,

Бақа да бақта бар.

6. Шеше, шеше, кеше кесе,

Сынды неше.

Жанкүйерлерге. Келесі кезекті жанкүйерлерге бермекпіз. Көрермендердің белсенділігіне, олардың берген жауаптарына да баға беріліп, ол баға топ мүшелеріне қосылады.

1-топқа берілетін жұмбақтар:

1. Күндіз төбеңе шығады, түнде шегеге шығады (Бас киім).

2. Белі бүкір, алысқа түкір (Мылтық).

3. Қар сияқты аппақ, Өзі сондай тәтті-ақ (Қант).

4. Таудан төмен қар жауар, қозғай берсен, көп жауар (Елек).

5. Аяғы жоқ – жүрмейді, Үй бағады – үрмейді (Құлып).

2-топқа берілетін жұмбақтар:

Әжем сақтар тапқанын, қоймасы бар шап-шағын (Сандық).

Күзетем деп үйді, жұдырығын түйді (Құлып).

Көлдің қарама- қарсы бетінде адамдар бір-біріне уық лақтырып ойнайды. (Көзді жыпылықтату немесе кірпік қағу).

Бар ма, жоқ па – білмейсің, ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің (Ауа).

Жылт-жылт етеді, жылғадан өтеді. (Су).

Бесінші бөлім. Келесі сайысымыз – өлең құрастыру» Ана тақырыбына шығарған өлеңдерін оқыту.

Алтыншы бөлім. Бүгінгі сайыстың соңғы шарты бойынша оқушыларға алдын-ала үйге тапсырма берілген болатын. Шарт бойынша оқушылар шешендік сөздерден көрініс қояды. Сол көріністерді бірге тамашалайық! (Оқушылар өздері дайындаған көріністерін көрермен назарына ұсынады. Қазылар алқасы сөз ұпайларын айтып, сайыста жеңіске жеткен топты марапаттайды).

- **Қымбатты балалар,** біз сайыс барысында білім-біліктерімізді сарапқа салдық. Жеңіске жеткені, жеңілгені бар, қалай болғанда да, асыл сөздерімізді ұмытпағанымыз абзал. Тіл – әр ұлттың қайталанбас байлығы, қазынасы. Тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екеніне көз жеткіздік, сондықтан оны қадірлеп, бағалау керек.

АСЫЛ СӨЗ ӨНЕРІ

Сабақтың мақсаты: а) **білімділік** – оқушыларға сөз күдіреті, әдеби сөйлеу, әдебиеттің оқырман алдында алатын орыны жайлы түсінік беру; ә) **дамытушылық** – ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігі, тіл мәдениетін дамыту, шығармашылыққа баулу; б) **тәрбиелік** – оқушыларды елін, жерін, Отанын қадірлей білуге, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: кіріспе сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, суреттеу, салыстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, бекіту, қорытындылау, бағалау. **Көрнекілігі:** көркем әдебиеттер, бүктемелер, рефераттар, бейнелі суреттер. **Формалары:** жеке баламен, топпен, сынып ұжымымен жұмыс жүргізу. **Сабақ кезеңдері:** ұйымдастыру, жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, қорытындылау.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

«Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерде су болса.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жау болса.
Шаршы топта сөз бастау қиын,
Шешуін адам таппас дау бар», - деген нақылда терең ойлы
ғибрат жатыр.

Үйге көркем әдебиет шығармалары оқуға берілген.

Жаңа сабақты түсіндіру.

- Ата-бабаларымыздың бізге берген еншісі, қалдырған аманаты – асыл сөздері. Осы асыл сөздерін оқып, одан өнеге алу - әрқайсысымыздың парызымыз. Сондықтан да бүгінгі

сабағымызда тіл білімі мен қазақ әдебиеті сабағынан алған білімдерімізді ортаға саламыз.

«Асыл сөзді іздесең –

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең –

Жаттап тоқы көңілге», - деп Сұлтанмахмұт ағамыз жырлағандай, Абай өлеңдерін, қазақ халқының сырлы да сұлу сөздерін оқып, көңілімізге тоқиық.

а) Бүгінгі жаңа сабақта оқушыларға сөз күдіреті, әдебиет пәнінің өзгешеліктері, шығармалар тарихы жайлы түсіндіремін.

- Балалар! Сендер сыныптан сыныпқа аттаған сайын сөз өнерінің тылсым сырына еніп келе жатырсыңдар. Әдебиет оқулығы – бұл орайда сендерге бағыт-бағдар сілтеп, кеңесші болатын көшбасшы пән. Байқап отырғандарындай, жыл сайын сендерге ұсынылатын шығармалардың ауқымы да ұлғайып, түр-сипаты да күрделеніп келеді. Сонымен бірге сендер оқулық материалдарымен ғана шектеліп қалмай, өздеріңе ұнаған шығармаларды іздеп жүріп, құмарта оқып жүрген де боларсыңдар. Көркем әдебиетпен шынайы достасқан адам өзіне мәңгілік ақылшы дос тапқандай, бар ынтасымен кітапқа беріледі. Ол бейне бір сикырлап алғандай өз күдіретіне табынта тарта береді. Оның әсер-қуаты шексіз де шалқар...

Өлең оқыған кезде сендер ерекше елітіп, көркем де көрікті әлемге енесіңдер, ақынның жүрек лүпілімен бірге толқып, дәл бір өз көкейлеріңдегі сыр шертіліп жатқандай әсерленесіңдер; жақсыға сүйініп, жаманға күйінесіңдер; сөзбен салынған суретке көзбен көргендей тәнті боласыңдар; ақынның арман-мұңы ел мұратымен ұласып, қиялдарыңа қанат бітіреді. Көкіректеріңде өзің оқып түйсінген, өзіңе ғана таныс ғажайып әлем пайда болады. Одан алатын әсерді қуатты қарапайым тілмен жеткізудің өзі қиын.

Ал небір қызғылықты, шытырман, тарихи оқиғаларға құрылған әңгіме, повесть, романдарды оқығандағы әсерлерің ше? Бар дүниені ұмытып, сол оқиғалардың ішінде жүргендей етене араласып кетпейсіңдер ме? Өздеріңмен пікірі, ой дүниесі, іс-әрекеті үйлесетін сырлас достар табасындар, олардың жақсылықтарына қуанып, ағаттықтарына қапаланасындар. Сол сияқты бар болмыс-бітімімен жиіркендіретін жағымсыз бейнелермен де жүздесіп, олардың әрбір әрекетіне іштей күресе бастайсындар. Жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресіне құрылған тіршіліктің жанды суреттерінен тұратын көркем әдебиет күрделі табиғатымен сендерді бірде күлдіріп, бірде жылата отырып, өмірді өнер арқылы тануға баурайды.

Көркем әдебиет үгіт-насихат айтпайды; неден жерініп, неден ғибраттану жөнінде нұсқау да бермейді; ол өмірдің мөлдіреген жанды көрінісін сендердің алдарыңа жайып салады да, одан алатын тағылымды әркімнің өз талғам-таразысына қалдырады. Көркем әдебиеттің құдіреттілігі де – осында. Осы құдіретімен ол өнердің барлық түрінен жоғары тұрады.

Мәселен, сәулет, сурет, мүсін өнерлерінің туындыларын тамашалап, көз сүйсіндіруге болады. Немесе музыка өнерінің небір ғажап шығармаларын тыңдап, сезім күйіне бөленесіңдер. Бұлардың барлығы да – өнер туындылары, барлығы да өзінше құдіретті. Бірақ олардың ешқайсысы сөз өнеріндей өмірдің толыққанды көркем бейнесін сомдай алмайды. Сөз құдіреті арқылы сендер небір тамылжыған табиғат суретін, келісті тұлғаны, әсем ғимаратты көз алдарыңа елестете аласындар, ән мен күйдің әуені құлақтарыңда тұрғандай сезімге де бөленесіңдер. Тарихтың терең қойнауына саяхат жасап, өткен бабалар ғұмырына қанығып, бүгінгі замандастарыңның тыныс-тіршілігіне үңіліп, арман-мұңын бөлісе аласындар.

Суретші өз ойын бояу арқылы құбылта жеткізсе, сазгер әуен арқылы сезім қылын шертеді. Әдебиетте мұның барлығы тілдің құдіреті арқылы жасалады. Тіл - көркем әдебиеттің бірінші құралы. Тіл болғанда, ол - шешен тіл, әсем де әсерлі көркем тіл. Тілдің мұндай құдіретін сарқа пайдалану тек талантты ақын-жазушылардың ғана талайына жазылған. Сондықтан халық ондай асыл сөзді ерекше құрметтеп, қадір тұтады, ұрпақтан ұрпаққа өнеге етеді. Әрине, дарынды сөздің көркем әдебиетке айналуының өзіндік қыр-сыры, ішкі заңдылықтары болады. Көркем әдебиетті басқа ғылыми әдебиеттерден, тіпті, оған бір табан жақын келетін пән – тарихтан да өзгешелейтін сипаттары бар. Әдебиет тарихи оқиғалардың жылнамасы да емес, өмірдің немесе әлдекімнің басынан өткен шытырман оқиғаның көшірмесі де емес. Ол — өмір шындығының қаламгер жазушы қиялымен, дүниетанымымен байытылған көркем суреті. Жазушы өмірде болған қандай тарихи оқиғаны суреттемесін, оны ең алдымен өз ой елегінен өткізеді, олардың ең басты сипаттарын анықтап, өз пайым-парасатының көрігіне сала отырып, қайта қорытады, жаңа мән-мағына үстейді, көркемдік нәр береді, сөйтіп, оқырманға ұсынатын дүниесінің мазмұны мен көркі астасқан жанды бейнесін жасайды. Былайша айтқанда, шындықты образ арқылы бедерлейді. Яғни, көркем әдебиеттегі өмір суреті, адам келбеті – көркем бейне (образ) арқылы сомдалады. Көркем бейне жасауда суреткер әр қилы тәсілдерді қолданады. Оны әдебиеттану ғылымы зерделейді. Оқулықтағы материалдармен таныса отырып, сендер әдеби-теориялық ұғымдар жөнінде (әсірелеу, шендестіру, өлең, әңгіме, повесть, баллада, т. б.) алғашқы мағлұмат аласындар. Бұлар сендерге көркем әдебиетті тереңірек түсініп, байыптай ұғынуға жолбасшы болады.

Нағыз көркем әдебиетті тума дарын, қас шебер, сөз зергері туғызады. Шынайы дарын — ілуде біреудің ғана маңдайына жазылатын тәңірдің сыйы. Жазушы дарыны өз халқының ұлттық мәдениетінің нәріне суарылып, ана тілінің кәусарынан сусындап, еңбекпен шыңдалып барып кемелденеді. Оқырман жүрегіне жол тауып, халық көңіліне мәңгіге ұялайтын болады. Қуатты ой, өрнекті тілден бас құраған құнарлы өнер шытырмаларын ел мәңгіге есінде ұстап, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп жеткізіп отырған. Сендерді сол асыл сөз әлемі шақырады.

Міне, осылайша асыл сөз жайлы айтып болған соң мынадай тапсырма беремін: Дәптермен жұмыс:

1. Өздерің оқыған шығармадан алған әсерлерің жөнінде әңгімелендер. Ондағы суреттелген оқиғаларды күнделікті өмірмен салыстырыңдар;

2. Әдебиеттен алған әсерлеріңді сурет, музыка шығармаларымен салыстырыңдар;

3. Жазғы демалыс кезінде оқыған шығармаларыңның кейіпкерлері жөнінде әңгімелендер, олар саған несімен ұнады?;

4. Оқыған шығармаларыңда қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін кездестірдіңдер? Өздеріңе ұнаған шумақтарды, суреттеулерді көшіріп жазып, жаттап алыңдар;

5. «Өнер алды - қызыл тіл» дегенді қалай түсінетіндеріңді өз сөздеріңмен баяндандар.

Топпен жұмыс:

Аталар сөзі – ұрпаққа аманат. Би-шешендердің сөздерінен үзінділерді жатқа айтады.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Сөз өнері, тіл туралы мақал-мәтел айтады.

«Болмасаң да ұқсап бақ...» Топқа би-шешендердің сөздері таратылады, соны рөлге бөліп оқиды.

Менің пікірім.

Оқушылар сұрақтарды алып, өз пікірлерін білдіреді.

1. Сөйлеу мәдениеті дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Сыныпта кім қалай сөйлейді?

3. Мектепте сөйлеу мәдениеті жақсы қалыптасқан оқушы бар ма?

4. Ауылда кімді тілге шешен, жақсы сөйлейді деп ойлайсың?

Бес жолды тұжырым.

Қандай сөздер?

Шешендік сөздер

Неге жатады?

Сөз өнеріне

Кімдер айтады?

Ақындар, би-шешендер

Кімге аманат?

Ұрпаққа аманат

Би-шешеннің айтқаны? Соңғы шешім.

Әр топқа кесте таратылады, кестені толтыру:

Не түсіндің? Нені өзіңе тоқыдың? Нені білгің келеді?

Сабақтың қорытындысы. Сабақ соңында сұрақ қою арқылы жаңа тақырыпты қорытындылаймын.

Үйге тапсырма: Жазғы демалыста оқыған шығармаларыңның біріне талдау жасап, жазып келіңдер.

Жұмыс дәптері:

1. Өздерің оқыған шығармадан алған әсерлерің жөнінде әңгімелендер. Ондағы суреттелген оқиғаларды күнделікті өмірмен салыстырыңдар. -----

2. Әдебиеттен алған әсерлеріңді сурет, музыка шығармаларымен салыстырыңдар. -----

3. Жазғы демалыс кезінде оқыған шығармаларыңның кейіпкерлері жөнінде әңгімелендер, олар саған несімен ұнады? -----

4. Оқыған шығармаларыңда қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін кездестірдіңдер? Өздеріңе ұнаған шумақтарды, суреттеулерді көшіріп жазып, жаттап алыңдар.

Әсел ЕРҒАЛИЕВА,
№116 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы,
«Ақсу» ауылы.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: өтілген материалдармен сабақты байланыстыру арқылы оқушыларға дауыссыз дыбыстар туралы мағлұмат бере отырып, олардың түрлеріне тоқталу. **Міндеттері: білімділік** – дауыссыз дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін білу; **дамытушылық** – тілдік-эстетикалық сезімге тәрбиелеу, ойындар арқылы ойлау қабілетін дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; **тәрбиелік** – қазақ тілін құрметтеуге баулу. Тілдегі асыл сөздердің мәнін түсіндіре отырып, бойларына сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттерді ұялату.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиясы. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, орыс тілі, ағылшын тілі. **Көрнекі құралдар:** тірек сызба, ойын тапсырмалар, презентациялар, қима қағаздар.

Сабақтың жүру барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу; 2. Сыныпты үш топқа бөлу; 3. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

Психологиялық дайындық.

Баба тілін қадірле,
Болашақтан түңілме!
Айналайын боздақтар,
Аралас тілге үңілме! (Қожаберген жырау).

II. Үй тапсырмасын тексеру, бекіту.

- 250-жаттығу.
- Басқа тілдердің әліпбиіндегі әріп санын жазып келу.

P/c	Дауысты дыбыстар	Жуан	Жіңішке	Ашық	Қысаң	Еріндік	Езулік
1	А						
2	Ұ						
3	И						
4	О						
5	Ы						
6	Ү						
7	Ө						
8	І						
9	Е						
10	Ә						
11	Э						
12	У						

III. Білім тексеру. «Миға шабуыл»:

- Біз қай саланы оқып жатырмыз?
- Фонетика саласы нені зерттейді?
- Дыбыс деген не, әріп деген не?
- Қазақ тілінде неше дыбыс, неше әріп бар?
- Дыбыс бола алмайтындарды ата.
- Қазақ тілінің төл дыбыстары?
- Дыбыстау мүшелеріне нелер жатады?
- Дауысты дыбыс деген не?
- Дауысты дыбыстарды ата.
- Жуан, жіңішке дыбыстар ненің қатысына қарай бөлінеді және оларды ата.
- Жақтың қатысына қарай дауыстылар қалай бөлінеді?
- Еріндік, езулік дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?

IV. Жаңа сабақтың құпиясы.

Мұғалімнің сөзі: - «Әліппе» ханшайымы барлық әріптерге ән орындаудан жарыс жариялаған еді. Сонда осы жарысқа барлық дауысты әріптер жиналған болатын. Себебі олардың

дауыстары жақсы және олар ән айта алатын. Барлық әріптер көзге түскілері келді, жеңіске жетуді қалады. Олар өте-мөте тырысып бақты. Өздерінің ең жақсы әндерін шырқады. Бұл байқалған жайт ханшайымның назарынан тыс қалмады. Жарысқа қатысушылардың қайсысын жеңімпаз қылсам екен деп ол түні бойы ойға батты. Өйткені олардың бәрі де жарасымды ән салды емес пе?

Таң атқаннан кейін ханшайым өзінің дана шешімін жария етті. Ол – дауыстылардың сингармонизмі, яғни, дауыстылардың сөз ішінде бірыңғай не жуан, не жіңішке болып, әуендесіп-үндесіп айтылуы туралы заң шығарды. Дауысты дыбыстар жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып қалашықтарға бөлінді.

«Жасырынған әріптер» ойыны. Әліпбидегі әріптердің ретін жатқа білуі арқылы оқушылар жаңа сабақтың тақырыбын табады:

7—1—26—37—24—24—37—11

Д—а—у—ы—с—с—ы—з

7—37—3—37—24—25—1—23

д—ы—б—ы—с—т—а—р

Мұғалім: - Сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Дауыссыз дыбыстар.

Өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбысты дауыссыз дыбыстар дейміз. Дауыссыз дыбыстар мыналар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ, (у).**

«Әліппе» ханшайымы дауыссыз дыбыстарды қуатты үш алқапқа жайғастырды. Олар: қатаң, ұяң, үнді.

Салдырдан тұратын қатаң қалада үйлер бос тұрмайды, олар әрқашан қатаң естілетін дауыссыздар: п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ц, ч.

Үннен салдыры басым ұяң қалада мына дыбыстар орналасқан: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ.

Салдырдан үні басым үнді алқабы өзінің қонақжайлығымен атақты. Ол өзіне мейман келгенді әрқашан жақсы көреді, атап айтқанда-дауысты У әрпінің келуіне қуанады. Үнділер: **р, л, м, н, ң, й, у** Ханшайым барлық қаланы екпін теңізінің бойына орналастырыпты.

- Балалар, жеті атасын кім атайды? Адамның жеті атасы сияқты дыбыстың да жеті атасы бар деп айтуға болады.

Қазақ тіл ғылымы - фонетика саласы - дыбыс - дауыссыз - қатаң - ұяң - үнді.

«Кітап – досың, ақылшың» (Оқулықпен жұмыс).

262-жаттығу. Мына сөздерге көрсетілген жұп дауыссыздардың тиістісін жазыңдар.

П - б: ...айдасыз, ...аласыз, ...алың, са...ар, са...тау, қа...ылда, ла...ылда, са...ақ;

Т - д: ба...пақ, қа...ақ, са...ақ, ...ақ, ...абыс, ...алап, ...әрі, ...аналық;

К - г: ә...е, е...ін, кө...тем, кө...ер, ...ұл, ...еремет, тө..., тер...еу;

Қ - ғ: қа...аз, қа...ты, ба...дарлама, ба...ыр, ...асыр, ...арыш, ...асық, қа...;

С - з: а...амат, ба...тыр, сү...бе, сү...істі, ...ағыз, қа...;

Ш - ж: ша...пау, қа...ымас, қа...қын, ...апырақ, ...иен, ...аттық, ...алтылда.

Сергіту сәті. «Кім шапшаң?» (Кәртiшкемен жұмыс).

«Қатаң» тобына: «Қ» әрпінен басталатын сөздер:

1. Қыздың аты – 2. Батырдың аты – 3. Құс аты – 4. Жыл мезгілі – 5. Пайдалы кен –

«Ұяң» тобына: «С» әрпінен басталатын сөздер:

1. Ақынның аты-жөні – 2. Қаланың аты – 3. Үй жануары – 4. Оқу құралы – 5. Әріптен не құралады?

«Үнді» тобына: «Т» әрпінен басталатын сөздер:

1. Адам аты – 2. Құс аты – 3. Бас киім – 4. Сан аты – 5. Ағаш аты –

264-жаттығу. Мәтіндегі қатаң дауыссыздардың астын -

бір, ұяң дауыссыздардың астын-екі, үнді дауыссыздардың астын ирек сызықпен сызындар.

Ақыл айтыпты: -... дүниеге, ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен. Менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен. Осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?- депті.

«Адасқан әріптер» ойыны. Дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жасаңдар және сол сөзге дыбыстық талдау жасаңдар

- | | |
|-------------------|------------------|
| 1. Р, о, б | 4. Қ, ы, а, з, қ |
| 2. А, ш, а, ғ | 5. А, л, а, д |
| 3. Т, р, е, е, м. | 6. І, м, б, л, і |

267-жаттығу. Мына сияқты сөйлемдер құрастырыңдар.

Үлгі: Таудың табиғаты тамаша. Талғат, Таңат, Тұрарбек, Темір төртеуі тау табиғатын тамашалап, таңқурай терді.

«Сөзтізбек» ойыны. Шарты: әр сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөздер тізбегін жасаңдар. Белгілі бір уақыт ішінде қай топ 20 сөз жазып шықса, сол топ жеңімпаз болып саналады.

Мысалы: Көйлек-кеме-емен-наурыз-зат-тас-сыпырғыш-шар-ракета-айна...

V. «Ой қорытайық» (Жаңа сабақты бекіту). «Сықырлы қалам» әдісі арқылы сабақ бекітіледі.

«Шығу парағы» стратегиясы: 1. Бүгінгі сабақ ұнады ма? 2. Несімен ұнады? 3. Сабақтың осылай өткенін қалар ма едің?

VI. «Қол боста» (Үйге тапсырма): 1. 269-жаттығу; 2. Ереже жаттау.

VIII. «Соңғы сөз» (Оқушыларды бағалау). Қанипа Бітібаеваның «Өзін-өзі бағалау» әдісі бойынша оқушылар бағаланады.

Гүлнағима КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ,
№16 Кәсіптік коллежінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы.

АНТОНИМДЕР

Сабақ мақсаты: оқушыларға антоним, оның жасалуы туралы мағлұмат беру, түрлі жаттығу жұмыстары арқылы білімдерін бекіту. **Міндеттері: білімділік** – антонимдердің өзіндік ерекшеліктерін зерттеп тану; **дамытушылық** – талдау жұмыстары арқылы білімдерін, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамыту, ойлау дағдысын, көркем жазу мен сауатты жазу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды талдауға алынған мысалдар арқылы ақыл-ой, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге, өз білімін бағалай білуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Сабақтың модулі:** топпен жұмыс. Сыни тұрғысынан ойлау. Диалогты оқыту. **Әдісі:** түсіндіру, ойландыру, сыни тұрғыдан оқыту стратегиясы, шығармашылық жұмыс. **Ресурстар:** интерактивті тақта, кеспе қағаздар, сызба-нұсқалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

Сабақ барысы: а) Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды сабақ үдерісіне даярлау.

1-топқа: омонимдер;

2-топқа: синонимдер;

3-топқа: омонимдер, синонимдер бар топтар, 1 минут.

Топ басшыларын сайлап алу. Қызметін түсіндіру. Бағалау парағын тарату.

ә) Үй тапсырмасын тексеру:

Мысалдар оқытылады.

1. Лексика саласы нені зерттейді? 1-топ.
2. Омоним дегеніміз не? Мысал, 2-топ.
3. Синоним деп қандай сөздерді айтамыз? 3-топ.

Мысалдар жазылған кәртішкелер арқылы топтарды бөлемін.

Үй тапсырмасын кәртішке тарату арқылы тексеремін.

3 топқа – 3 минут.

Мақсатын айту керек. Бірінші оқушылар айтқан соң, мұғалім жинақтап айтады. 1-минут.

б) Жаңа сабақ: Сабақтың мақсатымен таныстыру.

1. «Ойлансаң, ойлы боларсың» кезеңі. Интерактивті тақтада берілген сөздердің омоним, синонимдерін табады:

1. батыр; 2. жарық; 3. қара (30 секунд).

Оқушыларға осы сөздерге қарсы мәндес сөздерді тапқызу: **қорқақ, қараңғы, ақ (30 секунд).**

Мысалдарға қарай отырып, жаңа сабақтың ережесін тапқызу.

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер антонимдер деп аталады. 1 минут.

2. «Талдау – табыс кілті»

Оқулықпен жұмыс.

87-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазындар. Тірек сөздерді тауып, астын сызындар. «**Әсем, тез, шебер, зор**» сөздерінің антонимдерін тауып жазындар (5-минут).

3. «Бинго» ойыны. Интерактивті тақтада 10 сөз беріледі. Оқушылар олардың ішінен 5 сөзді дәптерлеріне жазып алады. Ойын басталғанын хабарлап, тақтаға жазылған 10 сөздің ішінен 5 сөздің антонимі тақтадан көрсетіледі. Оқушылар өздері жазып алған сөздерден антонимі бар сөзін белгілеп отырады. Ойын соңында ең көп сөзі сәйкес келген оқушы жеңіске жетеді. Топтың жинаған ұпайын санау. Топ басшысы бағалап отырады.

Ұзын, әсем, жақсы, әке, күн, тату, кіші, қуаныш, кем, дос.

Тақтада жазылған антоним сөздер: **араз, жаман, қас, шеше, қысқа (3-минут).**

1. Графикалық диктант



Жіңішке Кеш Жабық Дөрекі Аласа 2 минут.

2. 89-жаттығу. «*Құпия, жас, шық, үйір, тіл, ер*» сөздерінің омонимдес, синонимдес, антонимдес сыңарларын тауып жазындар (5 минут).

3. «Кім жылдам?» Берілген мақал-мәтелдердің ішінен антонимдерді тез табу:

1. Қорқақты көп қусаң, батыр болады;
2. Кіші үлкенмен керіспес;
3. Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат;
4. Жаздың қамын қыс ойла;
5. Көп сөз - көмір, аз сөз-алтын.

Жалпы ұпай саны бір сөйлемге – 1 ұпай (1 минут).

в) Бекіту.

Постерге сурет салу. Алты қалпақ әдісі.

Көк қалпақ – басқару.

Сары қалпақ – ұнамды жағын айтады.

Қызыл қалпақ – эмоция білдіреді, идея. Болжам айту.

Қара қалпақ – ұнамаған жақтарын айтады.

Ақ қалпақ – деректерді айтады.

Жасыл қалпақ – креативті ойын айтады (10 минут).



Мақал-мәтелдер жазғызу, оның ішінде антоним болу керек.

г) Үй тапсырмасы.

90-жаттығу. Мәтіннен антоним сөздерді тауып, астын сызыңдар. Антонимнің емлесін жаттау (1-минут).

«Менің досым» деген тақырыпта құрамында антонимдер кездесетін шағын әңгіме жазу.

д) Бағалау (1 минут). 1. Бағалау – топ басшысының сөзі. 2. Жинақтау – постер сызып, қорғады. 6 қалпақ тәсілі арқылы өз пікірлерін айтты. 3. Талдау – мақал-мәтелдерді талдау. 4. Қолдану – Жаттығулармен жұмыс. 5. Түсіну – Оқушылар ережені шығару. 6. Білу – Синоним, омоним, антоним сөздерді табу.

Төменнен жоғары қарай сабақты өткізу жолына БЛУМ таксономиясын қолдандым.



Айгүл ӘБДИЕВА,
№85 орта мектебінің мұғалімі,
 Қызылорда облысы,
 Қармақшы ауданы,
 Төретап кенті.

ОРТАҚ ЕТІС

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: етістің түрлерінен алған білімдерін білім дағдысына айналдыру, етістің жаңа түрін

меңгерту. **Міндеттері: білімділік** – басқа етіс түрлерінен айырмашылықтарын, негізгі ерекшеліктерін ажырата білу; **дамытушылық** – алған білімдерін қолдана білу, сауатты жазу, ойлау, қолдана білу дағдысын дамыту; **тәрбиелік** – ұлттық салт дәстүрлерді, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу. **Түрі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** баяндау, түсіндіру, «ЭКСПО-2017» жолы, «Тың ұсыныс, жаңа жобалар», «Халқымыздың құндылықтарын әлемге таныту», Сематикалық кесте, т.б. **Көрнекілігі:** «ЭКСПО-2017» көрмесі, кеспе қағаздары, интерактивті тақта, слайдтар.

«ЭКСПО-2017» жолы

Сабақтың барысы:

- I. «ЭКСПО жолын» ұйымдастыру (Ұйымдастыру кезеңі).
 1. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
 2. Сабақтың түрі мен типін, мақсатын таныстыру.
- II. «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық (Үй тапсырмасын сұрау).
 - III. Дайындықты қорыту (Үй тапсырмасын қорытындылау).
 - IV. Тың ұсыныс, жаңа жобалар (Жаңа сабақ).
 - V. Жобаларды жүзеге асыру, талдау (Жаңа сабақты бекіту).
 - VI. Халқымыздың құндылықтарын әлемге таныту құрметі (Сабақты қорытындылау).
 - VII. Ұлттық құндылықтарымызды бағалау (Бағалау).
 - VIII. «Астана және ЭКСПО» байланысы (Үй тапсырмасы).

«ЭКСПО-2017» жолы.

Сабақтың барысы:

I. «ЭКСПО жолын» ұйымдастыру (Ұйымдастыру кезеңі):

1. Оқушылардың назарын сабаққа аудару;
2. Сабақтың түрі мен типін, мақсатын таныстыру.

II. «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық:

(Үй тапсырмасын сұрау):

- Ал, балалар, «ЭКСПО жолымен» сапар шегейік Әрбір қазақ азаматы көрмеге өз үлесін қосу керек. Ендеше, біз өз біліміміз арқылы үлес қосайықшы.

- Кәне, кім өз үлесін қалай қосар екен?

1-оқушы: - Мен ЭКСПО-2017 көрмесіне өзімнің достарымды ұйымдастырып, өзім басшы болып ата-бабаларымыздан мұра болып қалған киіз үйді жасатқыздым. Яғни киіз үй жасауда іс-әрекет, қимылды өзіме емес, өзгелер арқылы іске асырдым. Мұны қазақ тілінде өзгелік етіс дейді ғой.

2-оқушы: - Киіз үйді жасаудағы біздің ерекшелігіміз – киіз үй жабдықтарын жасауда жаңа ою түрлерін қолдандық. Ол оюлар:

1) -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз: ой-ғыз, қой-ғыз, тіл-гіз, т.б.

2) -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір: сал-дыр, қи-дыр, ой-дыр, жап-тыр, т.б.

3) -т: таны-т, панала-т, қойдыр-т, т.б.

Осы оюлар киіз үйдің басқұрларына басылған.

3-оқушы: - Мен ЭКСПО-ға жасаған бұйымдарыма, өзімді атап көрсетпей, не істелгенін көрсетіп қана қойдым. Бұлай істеу қазақ тілінде ырықсыз етіс деп аталады ғой.

Көрмеге сый кәделер қойылды.

4-оқушы: - Диас сый кәделерін жасау үшін ерекше материалдар қолдандыртты. Олар:

1) -ыл, -іл, -л: жапсырылды, жығылмайды, жиылып;

2) -ын, -ін, -н: бөлінді, тазаланды.

Оқушылар өз қолдарынан жасаған киіз үй, домбыра, қобыз, түйе, зергерлік бұйымдарды көрмеге қойды.

III. Дайындықты қорыту

(Үй тапсырмасын қорытындылау):

ЭКСПО-ға кімнің дайындығы жақсы?

- Балалар, сендер өз дайындықтарыңды айттыңдар. Маған ЭКСПО-ға дайындықтарың ұнады.

Ал, достарың, не айтар екен?

1-оқушы: - Назымның көрмеге жасаған сыйлық кәдесін, өзі емес, өзгелерге жасатқызғаны ұнады.

2-оқушы: - Иә, оған ерекше -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -т оюларын қолданылғаны айтылды.

3-оқушы: - Ал, маған Диастың сый кәденің өзі жасалғандай етіп ұсынғаны ұнады. Оған -ыл, -іл, -л, -ын, -ін, -н материалдарын қолданғаны ерекше болған.

IV. Тың ұсыныс, жаңа жобалар (Жаңа сабақ)

- Балалар, «ЭКСПО-2017» көрмесі өнертапқыштар әлемге Қазақстанды таныту үшін түрлі ұсыныстар, жобалар ұсынылуда. Мысалы: газбен жүретін такси қызметін көрсету әрі арзан, әрі экономикалық жағынан тиімді. Күн энергиясы арқылы электр энергиясын алу, т.б.

- Ал, балалар, сендер де өз ойларыңды, ұсыныстарыңды айтыңдар.

Ол үшін мен сендерге «Ортақ етіс» деген жоба берем. Соның тиімділігін дәлелдеп қарастырыңдар. Қазір қорғайсыңдар.

Оқушылар өз бетінше «Ортақ етіс» тақырыбын оқып, қорғайды. Ортақ етістің жасалу жолдары мен мысалдарын түсіндіреді:

Үлкен жүкті інім көтерісті. Қонақтарға төсек салысты. Ақындар айтысты. Екеуі танысты. Бір-бірімен қол алысты. Неіше адам іс-әрекет істеп тұр?

Біреу емес бірнеше адам арқылы ортақ істелетін я болатын іс-әрекет, қимылды білдіретін етіс түрі **ортақ етіс** деп аталады.

Ортақ етістің жасалу жолы: -ыс, -іс, -с (айт-ыс, таны-с, шығар-ыс, ал-ыс, жи-ыс, хабарла-с, сөйле-с, т.б.);

Есіне ұста! Ортақ етістің жұрнағы зат есімнің жұрнағымен тұлғалас келеді. Мәтінде кездескенде ажырату үшін сұрақ қойылады.

Зат есім (Не?)	Етіс (Не істеді?)
Жарыс басталды.	Жиі-жиі жарыстық.
Жарыстың жеңімпазы атанды.	Сабақты жарысып оқитынбыз.
Жарысқа қатысты.	Жарысқан жеңеді.
Жарысты тамашалады.	Нағыз майталмандармен жарыспақ.
Жарыста таныстық.	Жарыспауға намыс жібермеді.
Жарыстан қайттық.	Жарыса берсең шынығасың.
Жарыспен біраз жер араладым.	Бала күнінен жарысатын.

Жарыс үшін келдік.	Жарысқалы келдім.
--------------------	-------------------

V. Жобаларды жүзеге асыру, талдау

(Жаңа сабақты бекіту)

1) 251-жаттығуды өз бетінше орындату, ортақ етісті тауып, қосымшасын бөліп көрсету, 2-3 оқушыға оқыту.

2) Жобаларды жүзеге асыру үшін 252-жаттығуды орындайық. Ортақ етісті сөйлемді бөлек, зат есімді сөйлемді бөлек жазу. Оларға сұрақ қою.

VI. Халқымыздың құндылықтарын әлемге таныту құрметі (Сабақты қорытындылау)

Айтыс	1)	зат есім, өнер түрі
	2)	дискуссия, екі адамның айтысы, етістік
Барыс	1)	
	2)	
Ойыс	1)	
	2)	
Табыс	1)	
	2)	

Семантикалық кесте:

Мысалдар	Өздік етіс	Өзгелік етіс	Ырықсыз етіс	Ортақ етіс
Киінді				
Жаздыр				
Жазысты				
Алынды				
Оқысты				
Жасат				
Таранды				
Бөлісті				
Шабылды				
Сөйлесті				
Хабарласты				

VII. Ұлттық құндылықтарымызды бағалау

(Бағалау)

VIII. «Астана және ЭКСПО» байланысы

(Үй тапсырмасы)

«Астана және ЭКСПО» тақырыбында эссе жазу.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ардақ ХАБАЛҚЫЗЫ,

Раздольный орта

мектебінің мұғалімі.

Ақмола облысы,

Зеренді ауданы.

«АНАНЫҢ АНАСЫ» НЕ ДЕЙДІ?

(Ақмола облысының Зеренді ауданында облыстық семинарда өткізген сабақ)

Сабақтың мақсаты: Ғабит Мүсірепов шығармаларынан алған білімін шындай отырып, әңгіменің мазмұнын меңгерту, тақырыбын идеясын ашу, ана бейнесін аша отырып, әдебиет теориясының ұғымдары бойынша көркем шығарманы талдау. **Міндеттері: білімділік** – басқа ақын-жазушылар шығармаларындағы ана образын салыстыра суреттеу; **дамытушылық** – шығармашылық жұмысқа баулу, өз бетімен зерттеу, ізденуге жетелеу, әңгімелеу, мазмұндау қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – аналарды сыйлауға, құрметтеуге, аталы сөзге тоқтай білуге тәрбиелеу.

Түрі: сыни тұрғыдан ойлау, іздену сабағы. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, іздену, талдау, ой қозғау. **Көрнекіліктер:** сызба, суреттер, өлең жолдары, ұлылар сөздері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, назарын сабаққа аудару. Оқушыларды топтарға бөлу. Топ басшысын сайлау. Бағалау парағын беру. Бүгінгі ай-күнді дәптерлеріне жазу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Ой қозғау:

- Құрметті оқушылар және ұстаздар, бүгін біз Ғ.Мүсіреповтың «Ананың анасы» әңгімесін оқығалы тұрмыз.

1) Ғабит Мүсірепов туралы не білесіңдер?

2) Қандай шығармалары бар?

- Ана! Ана – жер бетіндегі ең қымбат, ең асыл жан. Ананың күдіреті неге болса да жетерлік. Ананың аяулы алақаны мен мейірлі жүрегіне тең келетін ештеңе жоқ. Ол туралы қанша жыр жазса да, қанша ән шырқалса да аздық етеді. Осы тақырыпқа ештеңеден сескенбестен анық та, ажарлы етіп, өз шығармаларында сүйікті бейнелерін оқырманына таныта білген – көркем сөздің зергері Ғабит Мүсірепов болатын.

Ғабит Мүсірепов ана тақырыбында көптеген шығармалар жазған. Олар: «Ананың анасы», «Адамның анасы», «Ана кесімі айнымайды», «Ақлима», «Ер ана», «Ананың аршасы», «Ашынған ана».

III. Қызығушылығын ояту.

Ой шақыру: - Қане, балалар, тақырыпқа назар салайық. Ана...

1) «Ана» деген сөзді естігенде ойларыңа ең бірінші қандай сөздер оралды?

(Сол сөздерді жазып көрейік) Оқушылар ойларын жинақтап, топтастырады.

Сұлулық атаулының
киесі.

Күдірет.

Өмір сыйлаушы.

Ана

Асыл жан.

Ұрпақ әкелуші

Жанашыр.

IV. Кіріспе.

- Бүгінгі сабағымыз «Ананың анасы» (1934) атты әңгімесі жайлы болмақ. Әңгіменің мазмұны ел арасына кең тараған аңыздан алынған. Аңыз – эпостың көне түрлерінің бірі. Бұл да миф секілді әсіре қиял аралас фантастикалық хикая. Мифтен өзгешелігі – аңыздың негізінде шындыққа жанасымды,

көбіне, тіпті, өмірде болған халық жадында сақталған оқиғалар жатады. Әр халықтың тарихындағы әлдебір абзал адамдар, аса көрнекті қайраткерлер хақында да талай аңыздар туған. Ғабит Мүсіреповтің бұл әңгімені аңыз деп айтуының бір себебі – Әйтілестің аңызға айналған адамдардың басынан өткен уақиғаны әңгімелеуі. Әңгімеде намысқа шабар білегі, әділетті таныр жүрегі бар, бірақ ел болыстарының алдауына түскен аңғал батыр Жалпақ балуанның Бала бидің қолшоқпары болуы, жүрегі жарып шыққан қызының тағдырына шырылдап арашашы бола білген абзал ананың өжеттігі айтылады.

V. Үзінді тыңдау. - Қане, балалар, «Ананың анасы» әңгімесінен үзінді тыңдап көрейік.

VI. Мағынаны тану.

- Бүгін сабағымыз «Ананың анасы» туралы өрбиді (Үйге әңгімені оқып, мазмұнымен танысып келу тапсырылған).

1. «Ананың анасы» әңгімесінің тақырыбы не? Бүкіл тіршілік иесі ананың алдында бас ию.

2. Әңгіменің идеясы не? Ананы қадірлеу, құрметтеу.

Жазушы көркем шығармада бізге адамдар туралы және оларға байланысты оқиғалар туралы әңгімелейді. Соның бәрі белгілі бір жүйеде бір-бірімен байланысты суреттеледі, яғни, оқиғалар бір-бірінен туындап жалғасып отырады. Оны композиция немесе шығарманың құрылысы дейміз.

«Ананың анасы» әңгімесінің құрылысы:

Экспозиция (Шығарма дайындығы).

1. Басталуы (Оқиға орны суреттеледі) Соқыр қарт Әйтілестің әңгімесі.

2. Байланысуы (негізгі оқиғаның туындау себебі). Жалпақ балуанның Ергенекті елін шабуға аттануы.

3. Шиеленісуі (адамдардың өзара қарым-қатынасынан туған жағдай). Барымта. Тезек арқалаған жас қызды олжалау.

4. Шарықтау шегі (шығарманың шегіне жетуі). Ананың күдіреті. Кейкінің үкімі.

5. Шешімі (соңы). Жалпақ балуанның Ана мен қызына бостандық беруі.

VII. Зымыран сұрақтар стратегиясы: 1. Жалпақ балуан Ергенекті еліне не үшін аттанды? 2. Жалпақ балуанның қалыңдығын Ергенекті елі алып қашты ма? 3. «Анамен алыспайды да, атыспайды да» деген сөзді қалай түсіндіресің? 4. «Дәл қызымның жасында өзімде сергелдеңге ұшырап едім» дегенін түсіндір. 5. Ана үшін ең үлкен қорқыныш, қорлық не еді? 6. Бұл әңгіменің аңыз деп айтылуының себебі не?

VIII. Кубизм әдісі бойынша шығарма мазмұнын талдау.

I топқа: Суретте. Ананың портретін жаз.

II топқа: Салыстыр. Жалпақ балуан мен Ананы салыстыр.

III топқа: Зертте. Ана туралы тағы қандай шығармаларды білесіңдер?

VI топқа: Қолдан. Ананың қандай қасиеттерін байқадыңыз?

V топқа: Дәлелде. Ананың қырық жігіттен қорықпай қызын қуып келуіне итермелеген қандай күш?

VI топқа: Талда. Көнерген және теңеу сөздерді теріп жаз.

IX. «Ана жүрегі» эпизодын көру.

X. Ой толғаныс.

I топ. Ойтолғау. «Ана күдіреті» дегенді қалай түсінесіз?

II топ. Анаға хат жазу.

III топ. Эссе. Егер мен Жалпақ балуан болсам.

XI. Қорытынды. Рефлексия. Болашақта аналарыңа қандай өмір сыйлар едің? (Бір-бір сөз жазып тақтаға іле қояйық)

XII. Үй тапсырмасы. “Ана – ұлы адам, қасиетті жан” (Өз аналарыңа деген махаббаттарыңды жеткіз).

XIII. Бағалау.

«Халқымыздың өткен ғасырда бастан кешкен сан қилы, күрделі тағдыры F.Мүсіреповтің күдіретті қаламы арқылы көркемдік бейнесін тапты. Оның әдебиеттегі зор еңбегі көзі тірісінде-ақ, өзінің жоғары бағасын алды». Н.Ә.Назарбаев.

XIV. Кері байланыс (Сабақ сізге қалай әсер етті? Смайликке жабыстыру).



Гүлбаршын СЕРІКОВА,
Қарағанды облысы,
Балқаш қаласының
№15 жалпы білім беретін
орта мектебінің мұғалімі.

«ТӘМПІШ ҚАРАНЫҢ» ЫҚПАЛЫ

Сабақ мақсаты: оқушыларға жазушының өмір жолы мен шығармашылығы туралы мағлұмат бере отырып, С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повесінің мазмұнын талдау, ауыл тұрмысы, балалар өмірі туралы түсінік беру. **Міндеттері:** **білімділік** – қазіргі заманғы ауыл тұрмысы, балалар өмірімен салыстыру, ой түйю; **дамытушылық** – оқушының ой еркіндігін ояту, шығармашылық белсенділіктерін шыңдау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өздігінен білім алуға баулу; **тәрбиелік** – шығармадағы кейіпкерлердің жақсы мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін талдау арқылы адамгершілікке, үлгілі, тәртіпті болуға, әдептілікке, жаман әдеттен жиренуге тәрбиелеу.

Түрі: шығармашылық ізденіс сабағы. **Әдісі:** зерттей оқыту, шығарманы берілген сұрақ бойынша талдау, сын тұрғысынан ойлау, еркін жазу, сұрақ-жауап, өрмекші. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих.

Көрнекілігі: сызбалар, суреттер, шығармалар, бейне фильмдер, слайд.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі:

- *Сәлеметсіңдер ме, балалар. Бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын, сіздерге әуелі шағын сергіту сәтін өткізем деймін.*

Сергіту сәті. Филиал АО НЦПК «Өрлеу»

I. Топқа бөліну: көк, сары, қызыл, жасыл түстер арқылы.

II. Ойтүрткі.

С.Мұқанов өмірі мен шығармашылығынан бейнефильм көрсету.

Сансызбай Сарғасқаевтың “Тәмпиш қара” повесінде отызыншы жылдардағы ауыл өмірі суреттелген. Повесть 9 бөлімнен тұрады. Бөлімдері: «Танысу», «Тілеп алған азап», «Әзілі ме, шыны ма?», «Өкініш», «Теке қарт», «Не болды бізге?», «Бұдан кейінгі күндерде ...», «Ойламаған жерден», «Үш күн қалғанда» деп келеді. Басты кейіпкер – тәмпиш қара Шаншатай. Эпикалық жанр түрі – повесть.

III. «Шығарманы тану – жаңа білім табу».

Шығарманың аты: «Тәмпиш қара» әңгімесі.

Тақырыбы: ауыл балаларының бейнесі.

Жанр түрі: проза (әңгіме).

Идеясы: бала тәрбиелеудегі ең негізгі тірек – оларды еңбекке үйретуден басталуға тиіс деген ой. жас жеткіншектерді адамгершілікке, шыншылдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейді.

Кейіпкерлері: Ертай, Иманбек, Нығмет, Күлдәрі, Оңалбек.

VI. Білім көкжиегі (оқулықпен жұмыс).

Кестені толтыру.

Тақырыбы:	С.Сарғасқаев. «Тәмпиш қара».
Идеясы:	жас жеткіншектерді адамгершілікке, шыншылдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейді.
Кейіпкерлері:	ауыл балалары: суретші Ертай, Иманбек, Нығмет, Күлдәрі, Оңалбек. Шаншатай.
Кейіпкерге мінездеме: Шаншатай.	Баланың түр әлпетінде пәлендей сымбат жоқ. Денесі түтінге ысталғандай қара қоңыр, әрі май жаққандай жылтырап тұр. Бұлшық еттері білеуленіп шығып, бұлк-бұлк етеді. Оның суға түскенін байқамасам керек. Екі шекесі торсықтай жалпақ мандайынан ұйысып түскен бұйра қара шашында су тамшылары күн сәулесімен таңғы шықтай жалтырайды. Қабағы да, төңкере салған кесе секілді бетінің еті де қалың. Бірақ еріні жұқа. Ақырын ғана жымиып күлгенде, қаз-қатар аппақ тістері тізілген ақ моншақтай көрінді. Оншама бойшаң да емес, төртбақ, шымыр. Бұл үзіндіні оқи отырып, жеткіншек Шаншатайдың қарапайым бейнесін көз алдымызға елестетеміз.
Кейіпкерлердің іс-әрекеті: Шаншатай.	1... «Шаншатай әнші екен. Сыбызғыдай сиқырлы дауысы құлағымда тұр әлі. Ол бізге көп ән үйретті. Енді біз ертеңгісін жұмысқа сап түзеп, ән шырқап баратын болдық. Кешкілікте үнмен ораламыз. 2. Шаншатай – қаладан келген көзі ашық бала, ол «Октябрь балалары» деп аталатын газеттің бар екендігін ауыл балаларына таныстырып, Ертайдың суретшілік дарындылығын бағалай отырып, осы газетке ең жақсы суретінді жіберейік деп үлкен үміт артып, Ертайдың қабілетін шындай түседі. Әншейінде көзге ілінбей жүретін газет тасушы Теке қартты ауыл балаларына сыйлай білуді ұғындырады. Қазіргі жас жеткіншектер барлық мүмкіндіктері бола тұрса да балалар басылымдарына көп жазыла бермейді, ал повесть кейіпкерлері сол газеттің келуін асыға күтіп, тіпті, ауылдан жырақта тұратын Теке қарияның үйіне іздеп барып, алып оқиды. 3. Біздің киімімізге көзі енді ғана түскендей, Шаншатай бәрімізді бір шолып қарап шықты да, үндемеді, жымиып қана қойды. Осы кезде бізге тағы да үш-төрт бала қосылды. Олар келе сала, Шаншатайды көптен білетіндей, шүйіркелесіп кетті. “Келмей жатып қайдан

Оңалбек	<p>танып жүр?” деген сұрақ көңілімді қызғанышпен көлеңкелемеді, қайта жылы таңырқау сезіміне бөлеген еді.</p> <p>4. Шаншатайға тән әдептілік, ұқыптылық, еңбексүйгіштік қасиеттер көрінсе, Ертай бойындағы өнерге құштарлық, дүниені бала көзімен қабылдау қасиеттері танылады.</p> <p>5. ...«Бүгін бәріміз де әлдебір салтанатты жиынға баратындай болып бар әсем киімімізді киіппіз. Үнемі сатқал-сатқал боп жүретін Оңалбектің үстінде де кірсіз жейде. Бейсекұл болса, аяғына ақ кенеп туфли киіпті. Басында қызыл шаршы орамал. Үстінде гүлді көйлек. Ықсан бригадирдің баласы емес пе, кигені кара костюм. Екі қолын жан қалтасына салып, шертіп тұруын! Басында зерленген такия. Күн шұғыласымен жалтылдайды.</p>
---------	--

V. Зердеңе тоқы! Мәтінмен жұмыс.

I топ: Шығарманы құрылысына талдау.

Шығарманың композициялық құрылысына тоқталсақ: Басталуы. Шаншатайдың ауылға келуі, ауыл балаларымен танысуы.. Байланысуы. Шаншатай Ертайдың суретші екенін білуі, екеуінің айырылмастай дос болуы. Шиеленісуі. Мектеп оқушыларының қырман даласына көмекке баруы, түрлі ойын-сауық ұйымдастырулары, Шаншатай ауыл балаларының газетке деген қызығушылықтарын оятуы. Шарықтау шегі. Оқушылардың өз мақалаларын оқу үшін Теке қарттың үйіне іздеп баруы, Шаншатай мен Иманбектің төбелесуі, Иманбектің одан кешірім сұрауы. Шығарманың шешімі. Ертайдың салған суретінің «Октябрь балалары»газетіне шығуы.

II топ: Повесть неше бөлімнен тұрады?

Сансызбай Сарғасқаевтың “Тәмпіш қара” повесінде отызыншы жылдардағы ауыл өмірі суреттелген. Повесть 9 бөлімнен тұрады. Бөлімдері: «Танысу», «Тілеп алған азап», «Әзілі ме, шыны ма?» , «Өкініш», «Теке қарт», «Не болды бізге?», «Бұдан кейінгі күндерде ...», «Ойламаған жерден», «Үш күн қалғанда» деп келеді.

III топ: Автор тәмпіш қара бейнесі арқылы не айтқысы келді, нені мензеді?

Тәмпіш қараның бұл іс-әрекеттері де оқырмандарын үлкен ойға жетелеп, көркем әдебиет оқуға, балалар басылымдарын үйге жаздыртып алуға немесе өздерінің шығармашылық жұмыстарының «үздік» деп танылғандарын газет, журнал беттеріне жариялауға болатындығына зор ықпал етеді және сол мақсаттарын жүзеге асырып, ауыл балаларының талантын ашуда Шаншатайдың қоғамдық-адамгершілік бейнесі парасаттылық тұрғыда көрінеді.

IV топ: Өз пікіріңді айқын жеткіз...

Шаншатай – қаладан келген көзі ашық бала, ол «Октябрь балалары» деп аталатын газеттің бар екендігін ауыл балаларына таныстырып, Ертайдың суретшілік дарындылығын бағалай отырып, осы газетке ең жақсы суретінді жіберейік деп үлкен үміт артып Ертайдың қабілетін шыңдай түседі. Әншейінде көзге ілінбей жүретін газет тасушы Теке қартты ауыл балаларына сыйлай білуді ұғындырады. Қазіргі жас жеткіншектер барлық мүмкіндіктері бола тұрса да балалар басылымдарына көп жазыла бермейді, ал повесть кейіпкерлері сол газеттің келуін асыға күтіп, тіпті ауылдан жырақта тұратын Теке қарияның үйіне іздеп барып, алып оқиды.

VI. “Тұжырым” кестесі. Қорытынды.

<i>Тәмпіш қараға мінездеме.</i>	<i>Шығармадан алған әсерім.</i>	<i>Кейіпкерге баға.</i>



VII. Бағалау.

VIII. Үй тапсырмасы: «Сыпайылық – адамгершілік айнасы» (ойтолғау). «Тәмпиш қара» повесін мазмұндау.



Анар ЖАМИЕВА,
№187 М.Шоқай атындағы
мектептің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

«ТАРЛАНЫМ» ӨЛЕҢІНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Сабақтың мақсаты: 1. Жауынгер ақын Махамбеттің тағдырынан хабардар ету; 2. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу. **Міндеттері: білімділік** – ақынның достыққа беріктігі, іс жүзінде дәлелдеуі кеңінен түсіндіріледі; **дамытушылық** – сөздік қорын, тіл мәдениетін дамыту. Өлең талдау дағдыларына, өлең оқу техникасына үйрету, өз пікірін қорғай білу дағдыларына төселдіру; **тәрбиелік** – бабалардың ерлік рухына сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдістері:** ой шақыру, топтастыру, сұрақ-жауап, сөздікпен жұмыс, бес жолды өлең, эссе. **Көрнекілігі:** портрет, өмірі мен шығармашылығына арналған (слайд), Фразеологиялық сөздік. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері, тарих.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Үй тапсырмасын сұрау; 2. Жаңа тақырып өту.

Үйге берілген тапсырма – Дулат Бабатайұлының «Аягөз, қайда барасың?» өлеңі бойынша «Аягөз кімнің жері еді?» тақырыбында ойтолғау жазу. Үйге берілген тапсырма қаралғаннан соң жаңа тақырыпқа көшемін.

I. Қызығушылықты ояту.

- Балалар, осы азаматтығымыз, тәуелсіздігіміз үшін қол бастаған қандай қазақ батырларын білесіңдер?

Оқушы: - Халқымыздың батыр, ержүрек ұлдары Қабанбай, Бөгенбай, Абылай, Сырым, Исатай, Махамбет, т.б.

Мұғалім: - Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы ер жүрек батыр Махамбет Өтемісұлының «Тарланым» өлеңі.

Слайд арқылы өмірі мен шығармашылығына тоқталамын. Тереңірек түсінік беру үшін хронологиялық кесте арқылы көрсетемін.

Хронологиялық кесте

1. Махамбет Өтемісұлы	1804 ж. Орал облысы Нарындағы Бекетай құмында дүниеге келген.
2. Ол кезде ішкі Бөкей ордасы аталған.	1804 жыл.
3. Атасы – Құлмәлі, Әкесі – Өтеміс.	
4. Арабша, орысша хат таныған.	
5. Өлеңдерінің барлық саны:	79-80.
6. Езілуші шаруалар көтерілістің алғашқы ереуіліне қатысқан мезгіл:	1829 жыл.
7. Исатайға арналған өлеңдер:	«Мінген ер», «Тайманның ұлы – Исатай», «Тарланым», «Исатай деген ағам бар».
8. Күйлері:	«Жұмыр, Қылыш», «Ақтабан», «Жорық», «Шілтерлі терезе», «Өттің дүние».

1. Махамбеттің жалынды ақын екендігі жөнінде Е.П.Ковалевскийдің сөзін бір оқушыға оқытамын. Олай болса, Ковалевский сөзі арқылы біз Махамбеттің ақылдығын, ойының жүйріктігін, шешендігін байқаймыз.

- Ал, балалар, енді, біз Тарланым, өлеңіне тоқталамыз. Тарлан – жасы ұлғайды, егде кісі болды.

2. «Тарланым» өлеңін оқушы мәнерлеп оқиды.

- Балалар, біз осы өлең арқылы нені түсіндік? Махамбет Өтемісұлы «Тарланым» өлеңі арқылы жақын досы –

Исатайдың, яғни, батырдың бүкіл болмысын, сырт бейнесін, әр алуан қасиеттерін, мінезін санап көрсетеді. Біз осы өлең арқылы Исатайдың қайтпас ер, қаһарман батыр, даңқты қолбасы екенін байқадық.

- Енді, балалар, біз сұрақтарға жауап берейік. Сұрақтарға толық жауап берілгеннен соң 3 топқа өлеңге талдау жасатылады.

I. Зерттеушілер тобы – метафораны табады.

II. Сарапшылар – теңеуді табады.

III. Сыншылар – жоқтауды табады.

Оқушылар өз түсінгендерін айта отырып, көркем сөз айшығы троптың түрлерін табады (үш топқа беріледі).

Ауыстыру (метафора). Өмірдегі зат пен құбылыстың сыртқы не ішкі бір ұқсастық белгілеріне қарай бірнеше мағынада ауысып қолданылады.

Тebіренбес ауыр мінездім!

Садағына сары жебені салдырған,

Садағының кіресін

Сары алтынға малдырған.

Тереңнен көзін ойдырған,

Сұр жебелі оғына

Тауықтың жүнін қойдырған.

Теңеу. Заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеуді теңеу дейміз.

Керіскедей шандозым,

Құландай ащы дауыстым,

Құлжадай айбар мүйіздім!

Қырмызыдай ажарлым!

Хиуадай базарлым!

Теңіздей терең ақылдым!

Жоқтау. Жоқтау – лирикалық жыр. Онда адамның азалы жан толғанысы, күйік-құсасы бейнеленеді.

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,

Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен.

Атқанын қардай боратқан,

Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан

Арыстан еді-ау Исатай!

Бұл фәнидің жүзінде

Арыстан одан кім өткен?!

Сөздікпен жұмыс: Жебе – садақтың оғы. Адырна – садақтың оқ салып тартатын қайысы. Құландай - айбарлы, үнді деген мағынада. Фәни – опасыз, тұрақсыз өмір. Күшіген – денелі. Қырмызыдай – өте сұлу, әдемі. Керіскедей – көз тартатын үлкен.

Оқушылар 3 топқа бөлінеді.

1-топ. Зерттеушілер.

Махамбет Өтемісұлының өмірі жайлы мәлімет беру.

2-топ. Сарапшылар.

Өлеңдеріне талдау жасайды.

3-топ. Сыншылар.

Махамбет өлеңдеріне сын-пікір жасайды.

Топпен жұмыс. Ақын жайлы нені ұқтың?

Туған жер үшін найзалы күреске шақырған өршіл ақын.

Ел, жер қорыған. Өлеңдері қазақ жүрегіне жақын. Отанын қорғаған ақын екенін ұқтық.

Махамбет жайында нені білдің?

Туған жерге табынған, от жалынды, қайсар, шешен ақын екенін білдік.

Бекіту. «Бес жолды өлең» құрастыру. Зат есім: Батыр. Сын есім: ақылды. Етістік: Күресті, жырлады, айтты. Ерекше көңіл күй: Шіркін, Махамбеттей ақын болсам екен! Синоним: Ержүрек, батыл.

Үйге тапсырма. «Тарланым» өлеңін жаттап келу. Оқушылар білімін бағалау.

Бакытгүл СОВЕТХАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы орта
мектебінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Ақсу ауданы,
Ақын Сара ауылы.

«ҚҰЛАГЕРДІҢ» САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМЫНАН

Автор: Арқада алты алаштың басын қосқан керей елінің жуаны Сағынайға үлкен ас беріліп жатты. Бұл асқа жан- жақтан қонағасыға деп үйір-үйір жылқы, мыңдаған қойды алдына салып, саба-саба қымыз артқан түйелерімен сабылып келіп жатқан жұрттың санын ешкім біліп болмайды.

Қараөткел, келіп жатыр Қарқаралы,
Кереку, Баян, Семей, Торғай бәрі.
Жетісу осында кеп құйып жатыр,
Арқаға аунап шөкті Қаратауы.

Осы асқа керей балалары балуандар күресі мен ат бәйгесі, ақындар айтысы мен түрлі ойын сауықтарды ұйымдастырған екен. Бәрінен қызығы – жастың да жасамыстың да делебесін қоздырып отырғаны ат бәйгесі болды. Бұл бәйгеге оңтүстік пен солтүстіктен, батыс пен шығыстан ұзын саны 1300 жүйрік қатыспақ. Аттың

бабын байқап, барар жерін болжайтын атақты Күреңбай сыншы да осында. Бұл асқа Көкшеден Ақан сері үкілеген – Құлагер де келе жатқан көрінеді.

І көрініс: Төр жақта үй тігулі тұрады (Үйдің ішінде өзара шүйіркелесіп бірнеше адам отырады).

Хабаршы бала: - Ассалаумағалейкүм (амандасады). Көкшеден Құлагерін бәйгеге қосқалы Ақан сері келіпті түрегеп амандасайық, жүріңіздер, есіктің алдынан қарсы алайық (барлығы тұрып есікке қарай жүреді, сол кезде ар жағынан Ақан көрінеді).

Бір ақсақал: - Уа, серім, жарқыным, аман ба? (бәрі амандасады). Көкшеден дүйім қазақтың сал серісі Ақан Құлагерін жаратып асқа келеді дегеннен құлағдар болып жүр едік, енді өзінді көріп бір марқайып қалдық, бірақ бұл асқа ат жетектеп, жалғыз келуінің сыры неде, Қарауыл елі қайда?

Ақан: - Елі емес, Көкшетаудың аты келді, арқада ас беріледі, үлкен бәйге болады дегенді естіп келіп қалдық. Бәйге атымызды жараттық, атқа шабатын баламызды да сайладық, ендігі үміт сол жүйрікте ғана.

Ақсақал: - Беу, бәрекелді, Ақан болған соң осындай болады да! Астан алып, дәмнен татып отыр қарағым. Өзіңнің келетініңді естіп осында мына дүйім жұрттың күтіп отыр еді, осыларға сауға ретінде бір әнінді шырқап жеберсең деп қолқа айтып отырайын.

Ақан сері: - Ай, ақсақал-ай, сіздің сөзіңізді қалай жығамын, айтсам айтып берейін бір әнімді (Домбыраны алып «Балқадиша» әнінің 1 шумағын орындап береді).

Ақсақал: - Өркенің өссін, Ақан, не деген әдемі, құлаққа жағымды ән еді! Рахмет айналайын!

Отырғандардың бірі: - Атыңызға бәйге айтып, бәс тіккендер көп, кейбіреулер Батыраштың Топайкөгі де ерен жүйрік деседі. Осында атақты Күреңбай сыншы өзіңіздің кер Құланы сынамаққа келіпті (Күреңбай сыншы кіреді. Барлығы орындарынан тұрып, амандасып атты сынамаққа сыртқа шығып кетеді).

II көрініс: (Саханада үлкен плакатта Құлагер аттың суреті, жаңағы адамдар сол суретке таман жақын келеді, барлығының назары Күеңбайда).

Күреңбай сыншы:

- Жылқының көріп тұрмын артын, алдын,
Жануар жүйрігі екен жылқы малдың.
Жері ұзақ, күші алдында, өрен жүйрік,
Бітімі өзі айтып тұр жануардың.
Келіскен кескін мынау омыраудың,
Өзі айтар қаратам деп қазақ қауымын.
Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ,
Тасындай шұбар ала Көкшетаудың.
Сіңірлі , жер соғарлы, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік.
Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық,
Құндыздық қалай біткен құйрыққа дүп?!
Қанында шығысың мен батысың жоқ,
Ағылшын арғымақтың шатысы жоқ.
Қашаннан қазағымның қолтумасы
Араптың дүлдүлінің қатысы жоқ.
Сүйегі жануардың жылқыдан жат,
Бұл емес текежаумыт не қазанат.
Күйкііп көзге қораш көрінсе де,

Шапқанда шалдырмастай бітер қанат!

Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы,

Салбырап тұрғанына деме жабы.

Мандайы жарқырап тұр жануардың,

Ашылып тұр осы аста мұның бағы,

Көзімнің көбеймесе бүгін ағы,

Есімнен жаңылтпаса сайтан тағы.

Егер де шын жылқыны мен танысам,

Хақ мұның қырып-жойып бәйге алмағы!

Батыраш: - Ей, Күреңбай, сен алжығанбысың, не тантип тұрсың? Осыны да ат танығыш дейді. Көрерміз құлагеріңнің бірінші келгенін.

Күреңбай: - Батыраш, Құлагер сенің көктұйғыныңды шаңға орап кетеріне көзім жетіп-ақ тұр. Бабында екен жануар, тіл-көзден сақтасын, нағыз жүйріктің өзі!

Батыраш: - Ей, шал, сен көп былжырай берме неменеге елді жинап алып, ауызыңа келгенді айтып тұрсың білгішсіп, бар тарандар, барындар, осыдан бәйгеде көрерміз кімнің аты жүйрік екендігін, көмбеде кездесерміз...

Автор: - Астың ең қызық жері – ат бәйгесі басталар күн де келіп жетті. Барша жұрттың назары – көмбе жақта.

Күреңбай:

- Талтайтып, жимай тастап тілерсегін,

Салпитып тұрды Құла үлпершегін.

Күреңбай Ақанға кеп сөз айтады,

Аласың астың алдын, Ақан серім!

Құлаң бір дүлдүл екен жануар-ай

Жүйрікке қолы жетен жарығандай.
Саған да ішім ырза, жолың болсын!
Жылқыны жан екенсің танығандай!

Автор: - Осылай иесі Ақан мен Күренбай сыншының батасын алып Құлагер бәйге алаңына араласып кете барады ... (біреу уақыт «Адай» күйі орындалып тұрады, музыка тоқтайды. Көпшілік аттарды тосып тұрады).

Ақан: - Басқа аттардан 4 жүйрік оқ бойы озып келеді, сол топтың ішіндегі алдын бермей басқалардан оза шауып келе жатқан Құлагерімді жазбай танып тұрмын, осы Көкөзек – ең соңғы белес, бұл өзекеден шыққан соң ат басы кермеге жетеді.

Автор: - Бірақ көкөзектен жүйріктердің үшеуінің қарасы көрінді. Ең алдында келе жатқан құла жоқ. Осы кезде аттардың алды кермеге келіп жетті. Құлагер қайда?! Ақан бір пәленің болғанын іші сезіп әлгі өзекеге қарай ентіге басты...

...Бұл кезде Батыраш Көкөзекте Құлагердің жолын торып тұрып, озып келе жатқан атты көргенде қызғаныш пен қараулықтың қара тұманы екі көзін шел қып қаптады, Құлагерді қақ шекесінен айбалтамен дәлдеп ұрып, құлатып, өз жөніне кете барды.

Шапшып қан шекесінен шыр айналды,
Сылқ етіп Құлагер ат құлап қалды.
Білген жоқ не болғанын ес қалған жоқ,
Тек бала жерге доптай домаланды.
Қорқырап Құлагер ат жатыр құлап,
Шүмектеп шекесінен қан бұрқырап.

Шіреніп төрт аяқты танау қағып,
Ыңқылдап өліп барад, ат қорқырап...
Көргенде Ақан мұндай сұмдық істі,
Үстіне Құлагердің құлап түсті.
Білмеді не болғанын, айырылды естен,
Аймалап Құлагердің басын құшты.
Құлагер қорқырайды қаныменен,
Ақан да шырылдайды жаныменен.
Егіліп, төгіледі Ақан сері
Зарланған Құлагердің әніменен.

Ақан сері:

- Не болды-ай, бай-бай саған, Құлагерім,
Суалдың , сорлы иеннің бұлағы едің.
Тірегі – көңілімінің бәйтерегім,
Бұл жерге қалайынша құлап едің?!
Шынымен кеткенің бе, Құлагерім!
Қасымда қасынысып тұрар едің.
Баспа-бас қызға бермес жануарым,
Басылар өлгеніңше қайтіп шерің?!
Құлагер айналайын , арғымағым!
Осы еді өлмегенде шабар шағың.
Құтсыз көл жыландының жырасында
Құшақтап қанды басың зар жыладым.
Құлагер қолда өсірген құлыным-ай,
Ішінде омыртқамның жұлыным-ай.
Жын ба екен, сайтан ба екен, қаза болғыр,
Қанды қол қастықпенен ұруын-ай!
Бай-бай, бай-бай, Құлагерім-ай...
(Зарлы әуен ойнап тұрады. Перде жабылады).

Гүлсім РАШИТҚЫЗЫ,
№33 орта мектебінің мұғалімі.
Павлодар қаласы.

ЕСІМДЕРДІҢ ТҮРЛЕНУІ

(VII сынып)

Сабақ мақсаты: есімдердің түрленуінен алған теориялық білімдерін тиянақтау. **Міндеттері: білімділік** – есімдердің түрленуінің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, бір-бірінен ажырата білу; **дамытушылық** – өтілген материалды тиянақты меңгертуге, жүйелі ойлау, ойын нақты жеткізуге, шығармашылық ізденістерін арттыруға ықпал ету; **тәрбиелік** – оқушылар бойына адамгершілік қасиеттерін дарыту, ізгілік, өзара сыйластық, достыққа тәрбиелеу, өнерге, өнер адамына деген құрмет сезімдерін шыңдау.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** оқыту әдісі – іздену; сабақ өту әдісі – қозғау салу, талдау; оқу әдісі – ізденіс, талдау, дәлелдеу. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, кино өнері, саз өнері, өмірмен байланыстылығы. **Сабақтың жабдықталуы:** интербелсенді тақта, есімдердің түрленуіне схематаблица, сатылай кешенді талдау үлгілері папкасы №1, 2, «Шәкен туралы естеліктер» (авторы Кәукен Кенжетайұлы).

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу, түгелдеу.
2. Сабаққа қажетті құрал жабдықтарына назар аудару.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Бүгінгі сабағымыз морфология тарауы, соның ішінде есім сөздердің түрленуінен

өткенді қайталау мен бекітуге арналып, «Білім керуені» деп аталады.

Ал керуен дегеніміз не?

Керуен дегеніміз – алыс жерге жүк тасу немесе сапар жасап қайтуға арналған көлік тізбегі.

(Энциклопедия IV том, 524525-бет).

«Қазақ киносының атасы» атанған, халқымыз мақтан тұтар Шәкен Кенжетайұлы Айманов ағамыздың өнердегі, өмірдегі қайталанбас сара жолымен танысу (Грамматикалық тапсырмалар осы тақырып аумағында алынады).

Сабағымыз V турдан тұрады, бағалау шарттары:

1. «Қайталау – оқу анасы», 0 2 ұпай.
2. «Өзіндік ізденіс – білім негізі», 010 ұпай.
3. «Талдау – табыс кілті», 05 ұпай.
4. «Білімділер ордасы», 05 ұпай.
5. «Жыр – шашу», 05 ұпай.

Ескерту: тақтаға оқушылардың аттары мен сабақ турлары жазылған сызба сабақ басталмай ілінеді де, астына ұпайлар жазылған арнайы жапсырма қағаздар қойылады. Скиперлер ұпай санын ілуге көмектесіп отырады. Әр турдан кейін интербелсенді тақтадағы мадақтау сөздер көрсетіледі.

I тур; 02 ұпай.

«Қайталау – оқу анасы»

(Қоржынға салған асықтардың саны сыныптағы оқушылар санына негізделеді, әр оқушы сол сұраққа жауап береді. Интербелсенді тақтадан жазылған сұрақтар көрсетіледі).

1. Сан есімнің түрленуі. Мысал келтіріңіз.
2. Күшейтпелі шырай дегеніміз не?
3. Зат есімнің жіктелуі. «Оқушы» сөзін жекеше түрде жіктеңіз.
4. Сөйлемде есімдік қандай қызмет атқарып тұр ?

Мен бала кезімдегі «Серектасымды» сағындым.

5. Сын есімнің түрленуі. Мысал кетіріңіз.

6. Септік жалғау.

7. Зат есімнің түрленуі. Мысал келтіріңіз

8. «Өзен, сай, кереге, құйын, кітап» сөздері жіктеле ме?

9. Жіктеу есімдіктерінің түрленуі.

10. Жалпылау есімдігінің түрленуі.

11. Салыстырмалы шырай дегеніміз не ?

12. Көптік жалғау.

13. Шәкен айтты. Шәкен айтыпты дегенде қосымшадағы айырмашылық не?

14. Болымсыздық есімдігінің түрленуі.

15. Реттік сан есім жұрнақтары.

16. Зат есімнің мағыналық түрлері.

17. Шәкен Баянауыл топырағында дүниеге келген (кейінді ықпалды табыңыз).

18. Қосымша түрлерін атаңыз.

19. Жалқы есімге мысал ойластырыңыз.

20. Жинақтау сан есімге мысал айтыңыз.

Мадақтама сөздер: Жақсы! Тамаша! Бәрі ойдағыдай!

Ескерту: Әлі қол шапалақтауға ертерек ...!

II тур ; 010 ұпай.

«Өзіндік ізденіс – білім негізі»

(Ескерту: интербелсенді тақтада 2 оқушы берілген сөйлемдерді кезектесіп талдайды, оқушылар деңгейлік тарсырмаларды дәптерлеріне орындайды).

Берілген сөйлемдерге морфологиялық талдау жасаңыздар:

1. Ақбет таудың бауырында, Саржазықтың тап ортасында, Айманбұлақтың бойында, Қызылшіліктің тау жақ бойында, сары адырдың етегінде қарағайдан салынған екі бөлмелі аласа ғана қараша үйде 1914 жылы 15 ақпанда Шәкен (Шахкәрім) Айманов дүниеге келді.

2. Әкесі Кенжетай мойынына мылтық асынып, ит жүгіртіп, құс ұшырып, аң аулаған, қашанда домбырасы қолынан түспей ән мен күйге жаны құмар болған.

I деңгей:

1. Шәкен Айманов он төрт фильм түсірген.

2. Шәкен Тоқбайдың «Екі жиренін», Қалидың «Жиырма бесін» өте жақсы көреді.

II деңгей:

1. Шәкен Жамбылмен 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне бара жатқанда танысады.

2. 38 жасында актер тоқсанға келген Жамбыл ақынның бейнесін сомдады.

III деңгей:

1. Шәкенді ауылаймақ жақсы көріп, ән салдырып, тақпақ оқытады, ертегі айтқызады.

2. Шәкен Айманов түсірген фильмдер: «Біз осында тұрамыз», «Біздің сүйікті дәрігер», «Атаманның ақыры», «Ән шақырады», «Тақиялы періште», т.б.

Мадақтама сөздер: Міне, осы жақсы болды ! Жүйелі жұмыс ! Осы бағытта жалғастыр !

Ескерту: Әлі де қол шапалақтау ертерек... !

III тур. «Талдау – табыс кілті». 05 ұпай.

1. Берілген мәтінді оқып, мазмұнын ұғыңыздар.

2. Сөздерге сатылай кешенді талдау жасатыңыз.

1970 жылы желтоқсан айының соңғы күндерінің бірінде өнер сүйер қауымға «Шәкен аға қайтыс болыпты» деген суық хабар жетті. Мәскеудің үлкен көшелерінің бірі – Максим Горький даңғылында аяулы ағамыз көлік апатына ұшырапты. Ардақты ағамыз Ташкент көшесінің бойындағы мазарға жеткізілді. Сәтбаев пен Әуезов жатқан жердің жанына, Жер-Анаға тапсырылды.

«Жігітке жеті өнер де аз», деп атам қазақ бекер айтпаған. Шәкен осындай жігіттердің бірі едіау, жарықтық! Шәкен аға

өзіне тән қоңыр дауысымен қазақтың халық әндері «Жиырма бес» пен «Қарғамауды» сүйіп орындайтын, деп еске алады халық әртісі Бибігүл Төлегенова.

I Деңгей. Фонологиялық талдау: «Шәкеннің».

II Деңгей. С.к.м.т. «Жігітке».

III Деңгей. С.к.м.т. «Жиырма бес».

Мадақтама сөздер: Өте сәтті орындадың! Бәрі тамаша!

Білімдісің! Шеберлік !

Ескерту: Әлі де қол шапалақтау ертерек... !

IV тур. «Білімділер ордасы». 05 ұпай;

02 = 0 ұпай; 36 = 3 ұпай; 78 = 4 ұпай; 910 = 5 ұпай;

I деңгей:

II деңгей:

III деңгей:

1. Зат есімнің сұрақтарын табыңыз. А) Қайсысы? Қайсібір? В) Кім? Не? С) Қандай ? Қай? Д) Қашан? Қашаннан бері? Е) Қалай? Қайтіп?.	1. Дара сан есімді белгілеңіз. А) Жетеу, он; В) Көк түсті, қызыл ала; С) Он жеті, қырық бір; Д) Оқы, біл; Е) Мың тоғыз жүз.	1. Табыс септігіндегі сөзді көрсетіңіз. А) Оқытты; В) Келді; С) Кетті; Д) Отынды; Е) Балалы.
2. Сан есімді тіркесті табыңыз. А) үлкен өзен; В) Алма бағы; С) Әженің әңгімесі; Д) Бес кітап; Е) Алыстан келді.	2. Жіктік жалғаулы зат есімді белгілеңіз. А) Болыпты; В) Сағаттың; С) Кітаптан; Д) Қаламды; Е) Етікшімін.	2. Күрделі сан есімді табыңыз. А) Зыр жүгіру; В) Күзге қарай; С) Куә бол; Д) Он сегіз; Е) Көпір арқылы.
3. Көптік жалғауын табыңыз. А) -мақ,мек; В) -са,се; С) -лар,лер; Д) -ға,ге; Е) -ның,нің.	3. Сын есімді сөз тіркесін белгілеңіз. А) Адамды қуанту; В) Адамның өмірі; С) Алты адам; Д) Адал адам; Е) Адам үшін.	3. Зат есімнен сын есім жасап тұрған жұрнақты табыңыз. А) Малды ауыл; В) Баспахана үйі; С) Сыпайы бала; Д) Биіктеу үй; Е) Кішкене төбешік.
4. Сын есімді табыңыз. А) Қала; В) Ақылды;	4. «Бұдан» есімдігі қай септікте тұрғанын көрсетіңіз. А) Көмектес;	4. Тәуелденген табыс жалғаулы сөзді табыңыз. А) Ініме;

С) Қуыршақ; Д) Шеге; Е) Қол.	В) Барыс; С) Ілік; Д) Атау септік; Е) Шығыс септік.	В) Інілерің; С) Інің;ң; Д) Інісін; Е) Ініңізбен.
5. -нан, -нен қай септік жалғауы екенін белгіле. А) Ілік; В) Барыс; С) Көмектес; Д) Шығыс; Е) Табыс.	5. Түбір сөздер қатарын табыңыз. А) Күйші,биші; В) Қалқатай, шырағым; С) Іні, аға, көке; Д) Әнші, суретші; Е) Анашым, әкетай.	5. Ш.Айманов еңбек еткен саланы көрсетіңіз. А) Саз өнері; В) Кәсіпкер; С) Жазушы; Д) Мұсын өнері; Е) Кино өнері
6. Жалпы есімді табыңыз. А) Тау; В) Ертіс; С) Балқаш; Д) Жайық; Е) Сырдария.	6. Тәуелдік жалғаулы зат есімді табыңыз. А) Шәкенге; В) Шәкенім; С) Шәкенмен; Д) Шәкенді; Е) Шәкеннен.	6. Жаңа сөз жасаушы қосымшаны табыңыз. А) Журнақ; В) Тәуелдік жалғау; С) Көптік жалғау; Д) Жіктік жалғау; Е) Септік жалғау.
7. Жинақтық сан есімді табыңыз. А) Үшеу; В) Үшінші; С) Үшүштен; Д) Үштен бір; Е) Үштік.	7. Септік жалғаулы жалғанған сөзді табыңыз. А) Ауылдық; В) Шәкенге; С) Сымбатты; Д) Өнерлі; Е) Келді.	7. Тіісті сан есімді қойыңыз. Ер жігіттің ... сөйлегені – өлгені А) Екі; В) Үш; С) Төрт; Д) Бес; Е) Бір.
8. Түбір сөзді табыңыз. А) Асхана; В) Түн; С) Қалада; Д) Көрсеткіш; Е) Түндік.	8. Ілік септігі мен тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз. А) Шәкенге жолықты; В) Фильм түсірді; С) Ауылын сағынды; Д) Шәкеннің қолтаңбасы; Е) Анасына арнады.	8. Есімдіктен болып тұрған бастауышты табыңыз. А) Ш.Айманов 1914 жылы дүниеге келді; В) Оның актерлік шеберлігі елді таңқалдырды; С) Шәкеннің әкесі Кенжетай өнерлі адам болды; Д) Ол Мәскеуде қайтыс болды; Е) «Тақиялы періште» фильмін көрдім.

9. Ілік септігіндегі зат есімді табыңыз. А) Түлкі; В) Сыныптан; С) Қыздар; Д) Терезенің; Е) Ағашқа.	9. Салыстырмалы шырайды белгілеңіз. А) Қалпақты; В) Өте жақсы; С) Үпұлкен; Д) Көгірек; Е) Қызыл.	9. Сын есімі бар қатарды көрсетіңіз. А) Балалы үйбазар; В) Ұрлық түбі – қорлық; С) Еңбек ер атандырады; Д) Оқу – білім бұлағы; Е) Бала тілі – бал.
10. Барыс септігінде тұрған жіктеу есімдігін табыңыз. А) Туған; В) Барған; С) Көрген; Д) Алған; Е) Маған.	10. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» мақалының тақырыбы. А) адамгершілік; В) Батырлық; С) Еңбек, кәсіп; Д) Отан, туған жер; Е) Аңшылық, жан-жануар.	10. Есімді тіркесті табыңыз. А) Жыл құсымен енеді; В) Тау басына шығу; С) Тілін тигізу; Д) Жақсы бала; Е) Кітап оқыды.
Жауап кілті 1) В ; 2) Д; 3) С; 4) В; 5) Д; 6) А; 7) А; 8) В; 9) Д; 10) Е.	1) А; 2) Е; 3) Д; 4) Е; 5) С; 6) В; 7) В; 8) Д; 9) Д; 10) Д.	1) Д; 2) Д; 3) А; 4) Д; 5) Е; 6) А; 7) А; 8) Д; 9) А; 10) Д.

Мадақтама сөздер: Білімің шынға өрлесін! Тамаша!

Ескерту: Қол шапалақтауға жақын қалдық !

Сабақты бекіту:

V. «Жыр – шашу». 05 ұпай.

1. Шығармашылық қабілеті бар оқушылар Шәкен Айманов атасына арнаған өлеңжырларын оқиды.

2. Ш.Аймановтың немере қарындасы мектебіміздің мұғалімінен деректер ала отырып жазған мақалаларымен сыныпты таныстырады (Өз қалаулары бойынша).

Мадақтама сөздер: Керемет! Ғажап! Ақынжандысың!

Ескерту: Қол шапалақтауға сәлақ қалдық !

VI. Үйге тапсырма: I деңгей: 1. «Шәкен туралы естеліктер» кітабының (авторы – Кәукен Кенжетайұлы) 38-беттеріндегі қайталанбас дара тұлғаның балалық шағы

туралы тарауын оқу; 2. Тараудағы үстеу мен шылауларды теріп жазу; 3. «Серекетас» сөзіне сатылай кешенді морфологиялық талдау жасаңыздар.

II деңгей: 1. Естеліктер кітабынан 67 сөйлем теріп жазып, морфологиялық талдау жасаңыздар (Сөйлемдеріңіз актердің кәсіби шеберлігін танытатындай болсын)

III деңгей: «Шәкен Айманов – кино атасының жұлдызы» тақырыбына ойтолғау жазу.

VI. Бағалау. 06 ұпай = «2»; 713 ұпай = «3»; 1422 ұпай = «4»; 2327 ұпай = «5».



Меруерт ИБРАГИМҚЫЗЫ,

Балуан Шолақ атындағы

мектеп-лицей мұғалімі.

Ақмола облысы,

Бұланды ауданы.

САН ЕСІМ ҚЫЗЫҒЫ

(6-сынып)

Мақсаты: оқушылардың сан есім туралы білімдерін жинақтап, қорыту. **Міндеттері:** білімділік – сан есімнің түрлеріндегі негізгі ерекшеліктерді ажырата білу, киелі сандар ұғымына тоқталу; **дамытушылық** – сан есімдерге байланысты қышқты грамматикалық тапсырмалар орындау арқылы ойларын дамыту; тәрбиелік – сан есімдерге қатысты халықтық тұрғыдан тәрбие беру.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта арқылы тапсырмалар, мақал-мәтелдер, т.б. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі;

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Үй тапсырмасы сұрақ-жауап арқылы тексеріледі.

Аттам жер

1. Басқа сан есімдерге негіз болатын сан есімнің түрі.

2. Қай сан есімдердің саны жетеу?

3. Шығыс септігінің жалғауы арқылы жасалатын сан есімнің түрі.

4. Заттың нақты санын біле алмайтын түрі.

5. Септік жалғауларының көмегімен жасалатын сан есімдер.

6. Сан есімнің тұлғалық түрлері.

7. Сан есімнің құрамына қарай түрлері.

8. Заттың бқлшектік санын білдіретін сан есімнің түрі.

9. Ай, күн, жыл атауларымен келгенде дефис жұрнақтың қойылмайтын орынына сан есімнің түрі.

10. -ау, -еу жұрнақтары жалғанғанда қай жинақтық сан есімдері өзгереді?

III. Жаңа сабақ.

1. Адым жер. Көп нүктенің орынына тиісті сан есімдерді қойып жазып, мағыналық түріне ажырат.

...ауыз сөздің тобықтай түйіні бар. ... Бірдей емес. Білекті ... жығады, білімді ... жығады. Ердің ... сөйлегені – өлгені.

2. Бөрік тастам. Викториналық сұрақтар:

1. Қазақ тілінде 42 саны нені білдіреді?

2. Мыңмен жалғыз алысқан қай ақын?

3. Әдебиетте 45 саны нені білдіреді?

4. Жасы жүзге жеткен қарт бүкіл өмірінде туған күнін 25 рет қана тойлайды. Ол кім?

5. Қазақ тілінде 9 нені білдіреді?

6. 5 асыл мен 5 дұшпанды тап.

7. Төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.

Үзінді қайдан алынған?

8. Фонетикада 26, 12, 3, 2 сандары нені білдіреді?

9. Киелі сандарды ата.

6. Қозы көген жер. Берілген сан есімдерге мақалдар ойлап тауып, құрамдық түрлеріне ажыратыңдар.

1. Бір, тоғыз, он үш, жеті, мың, елу, тоқсан тоғыз.

7. Тас лақтырым. Сәйкесін тап!

асым	тұз
ұрттам	қамыр
жайым	сөз
ауыз	су
шымшым	ет
үзім	қазы
елі	нан

8. Қозы көш жер. Көп нүктенің орынына сан есімді қойып, тұрақты тіркестердің орынын тап.

Р/с **Тұрақты тіркестер** **Мағынасы**

1. Жерден ... қоян тапқандай араздасу

2. ... пышақ болу маз-мейрам болды, қуанды

3. Түн ұйқысын ... бөлді шаттанды, қуанды

4. ... езуі ... құлағына жетті ұйықтамады

9. Қырық қадам. Есте сақтау диктаны.

Төстеесе бес дос,

Сен де төстес.

Үш тасты ұстасшы,

Үш тас та тұтасшы.

Сан есімдердің мағыналық түрлерін тауып белгілеу, астын сызу.

10. Тай шаптырым. Жұмбақтарды шешіп, сан есімдердің мағыналық түрлерін тап.

1. Бір таудың екі күзетшісі,
Екі тыңшысы, отыз екі бөрісі бар. (Көз, құлақ, тіс)

1. От басында құмған,
Екі көзін жұмған. (Мысық)

2. Қырық екі тілі бар,
Тық-тық еткен үні бар.
Оның жазған сөздерін
Оқыған жан ұғынар (Әліпби)

3. Таңертең тұрдым,
Екі айыр жолға түстім (Шалбар)

3. Таяқ тастам. Көп нүктенің орынына тиісті сан есімдерді қойып, тұлғасына қарай ажыратыңдар және авторларын сәйкестіріңдер.

Р/с	Өлеңнен үзінді	Автор
1	Мен – қазақпын, өліп, ... тірілген.	А.Құнанбайұлы
2 көл Көкшетаудың саясында. Әрқайсысы алтын кесе аясында.	Б.Шолақ
3	Қараша, желтоқсан мен сол ... - ... ай.	Ж.Молдағалиев
4	Ең ... бақытым – Халқым менің, Соған берем ойымның алтын кенін.	Қобыланды батыр
5	Бұл күнде ... – да менің жасым, Қамалдың бұзар кезім тау мен тасын.	М.Мақатаев
6	Бір бала көрмей Тоқтарбай, Қайғыменен қан жұтып.	С.Сейфуллин

4. Иек артпа. Сөзжұмбақты шешу арқылы тақырыпты тауып алыңдар.

		с	ө	й	л	е	м	
		б	а	с	т	а	у	ш
ф	о	н	е	т	н	к	а	
		е	т	і	с	т	і	к
		ү	с	т	е	у		
			і	л	і	к		
е	с	і	м	д	і	к		

1. Біршама тиянақталған ойды білдіретін синтаксистік бірлік.

2. Тұрлаулы мүшенің біреуі.

3. Тіл дыбыстарын зерттейтін сала.

4. Іс-қимылды білдіретін сөз табы.

5. Қимылдың мезгілін, мекенін, т.б. білдіретін сөз табы.

6. Септіктің түрі.

7. Есім сөздердің орынына жүретін сөз табы.

5. Әй дейтін жер. Сөздерді тауып, реттік сан есімге айналдырыңдар.

1. К + 2 + л: - 2. Ж + 6 + р: -

3. Қ+10 + ақ: - 4. К+1: ... - ...

5. Б + 50 + ар - 6. К + 3: -

11. Көз ұшында. Өзіңді тексер.

Р/с	Сұрағы	Жауабы	
		нә	жоқ
1.	«Нешеу?» жинақтық сан есім сұрағы ма?		
2.	Ай, жыл атауынан кейін дефис қойылмайды.		
3.	Реттік сан есім рим цифрмен берілсе, жұрнақ орынына дефис қойылмайды.		
4.	Сан есім дауыстыға бітсе, дауыссыздан басталатын жұрнақ жалғанады.		
5.	Топтау сан есім заттың есебін білдіреді.		
6.	«Он шақты» тіркесі сан есім бола ма?		
7.	Бөлшектік сан есім заттың бөлшекіелген санын білдіре ме?		
8.	«Біреу есік қақты». Сөйлемдегі «біреу» сөзі жинақтық сан есім бола ма?		

12. Ат шаптырым. Берілген жас мөлшерлері бойынша әр мүшелерді көп нүктенің орынына реттік сан есімді қоя отырып, рет-ретімен жаз.

1. ... – 25 жас (жігіттік шақ) 2. ... – 61 жас (орта жас)

3. ... – 73 жас (қарттық) 4. ... – 37 жас (ақыл тоқтату)

5. ... – 97 жас (қалжырау) 6. ... – 109 жас (шөпшек сүю)

7. ... – 49 жас (орта жас) 8. ... – 121 жас (немене сүю)

9. ... – 13 жас (ер жете бастау) 10. ... – 85 жас (кәрілік)

13. Құнан шаптырым. Семантикалық кесте.

P/c	Түрлері	Есептік	Реттік	Жинақтық	Болжалдық	Топтау	Бөлшектік	Негізгі	Туынды	Дара	Күрделі
	Мысалдар										
1	Бестен										
2	Оннан бір										
3	Отыздарда										
4	Бесеу										
5	Бірінші										
6	Қырық										
7	Жүз шақты										
8	Екі-екіден										
9	Алтау										
10	Жүзінші										
11	Тоғыз										
12	Мыңға тарта										
13	Екі бүтін бестен бір										
14	Он мыңдай										
15	Жетіден										
16	Екеу										

14. Ат жетер жер. Сан есімнің түрлерін қайталауға арналған тест сұрақтары.

1. Сан есімнің мағыналық түрлері нешеу?

А) екеу; Ә) төртеу; Б) жетеу; В) алтау.

2. Есептік сан есімді табындар:

А) жүз жиырма; Ә) екі-екіден; Б) алтау; В) екіден бір.

3. Реттік сан есімді табындар:

А) жүздеген; Ә) үштен; Б) ширек; В) бірінші.

4. Қай сөзде дефис дұрыс қойылған?

А) 5-сынып; Ә) 2008-жыл; Б) ХХІ-ғасыр; В) 8-наурыз.

5. Топтау сан есімін табындар:

А) жетеу; Ә) бестен; Б) бізден; В) үйден.

6. Жинақтық сан есімді табындар:

А) тіреу; Ә) екеу;

Б) он шақты; В) жүзге жуық.

7. Бөлшектік сан есімді табындар:

А) оннан бір; Ә) төртеу;

Б) жиырмаларда; В) тоғыздан.

8. Болжалдық сан есімдерді табындар:

А) алтау, жетеу, екеу;

Ә) отыздай, қырықтарда, бес-алтау;

Б) екіден, төрттен, бес-бестен;

В) бір, екі, үш.

9. Дұрыс жазылған сан есімді көрсетіндер:

А) 6-ға 2-ні қос; Ә) бес бестен тұрғызды;

Б) 7 пәтерде тұрады; В) 1-қыркүйекте оқу басталады

10. Сан есімнің қызметін табындар: Бес бала келді.

А) бастауыш; Ә) толықтауыш;

Б) анықтауыш; В) пысықтауыш.

15. Бір күндік жер. Шешендік сөзді оқып, жақсы мен жаманды айыра біліңдер, кезі келген жерінде ұтымды жауап беруге дағдыланыңдар.

Қазыбек пен Бұқар.

Бұқар жыраудың қартайған кезінде Қаз дауысты Қазыбек би көңілін сұрамақ болып келеді. Төсекте жатқан Бұқар жырау:

- Бірден онға дейінгі санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады. Қазыбек, сен айтып берші,- деген екен. Сонда Қазыбектің берген жауабы:

- Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман. Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман. Үш дегеніңіз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман. Төрт дегеніңіз – төскейге шыға алмаған кәрілік жаман...

Ақмарал ШАРПЕКОВА,
Есілбай жалпы орта білім
беру мектебінің мұғалімі.
 Павлодар облысы,
 Шарбақты ауданы.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК- ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

*(9-сынып, 2013-2014 оқу жылы, аптасына – 3 сағат.
 Барлығы – 102 сағат)*

№	Сабақтың тақырыбы	Ұғым-түсініктер	Шығармашылық жұмыстар	Қосымша әдебиеттер	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
	I токсан-27 сағат						
1	Қазақ тілінің қоғамдық мәні.	Әдеби тіл, норма.	Қазақ тілі жайлы өз пікірін білдіре алу.	«Тіл білімі» Ө.Хасенов, 7-бет.	1		
2	Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі.	Грамматикалық норма.	Әдеби тілде қосымшаларды дұрыс қолдану.		1		
3	Диктант.		№1 жазба жұмысы.	Диктанттар жинағы.	1		
4	Қазақтың ұлттық тілінің шығу негізі мен қалыптасу жолы.	Мемлекеттік тіл.	Мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін және қолданатын орынның білу.	Н.Оразақынова. «Сатылай комплексті талдау».	1		

5	Түркі халықтарының жазба ескерткіштері.		Түркі халықтарының ескерткіштері мен әдеби мұраларын білу.		1		
6	Түркі халықтарының тілдері.				1		
7	Мәтін және оның көрінісі.	Тақырып пен мәтін.	Мәтін жазу «Егер де мен ...» (дара және күрделі баяндауыштарды қолдану).	Мәтін: «Қазақ тілін жедел оқыту», 32-б.	1		
8	Мәтінді құруда сөз таңдау, талғау.	Мәтін.		Мәтін: «Қыз қуу».	1		
9	Мәтінді құру.	Мәтін.	№2 жазба жұмыс.	Газет, журналдар.	1		
10	Диктант			Диктанттар жинағы.	1		
11	Стилистика және тіл мәдениеті.	Тіл мәдениеті.	Тыныс белгілерінің ерекшелігін білу.	Н.Уәлиев. «Сөз мәдениеті».	1		
12	Сөздердің стильдік түрлері.	Стиль.			1		
13	Экспрессивтік-эмоционалды лексика.	Эмоционалды лексика.		Энциклопедия	1		
14	Қазақ әдеби тілінің стильдері.		Жарыссөз, лекция, баяндама, әңгімелесу.		1		
15	Сөйлеу стилі.	Стиль			1		
16	Диктант.		№3 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	1		
17	Ауызекі сөйлеу стилінің формалары.	Сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары.	Бір-бірінен ажырата алу.		1		
18	Қазіргі кітаби стиль туралы.				1		

19	Қазақ әдеби тілінің стильдері.	Кітаби тіл.	Жазба жұмыстарына талдау жасау.		1			
20	Тест		№4 жазба жұмыс. Білім жинақтау.		1			
21-22	Ауызекі сөйлеу стилі.	Ауызекі сөйлеу стилі.			2			
23-24	Көркем әдебиет стилі.	Көркем әдебиет стилі.	Мәтінге тілдік талдау.	Ә.Кекілбаев шығармаларына талдау.	2			
25	Ресми іс қағаздары стилі.	Ресми іс-қағаздар стилі			1			
26-27	Диктант.		№5 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	2			
	II тоқсан-21 сағат							
1-2	Қатынас қағаздары				2			
3	Іс қағаздар стилінің ерекшеліктері.	Кеңсе стилі.		Өлеңдер шығару.	1			
4-5	Мінездеме, куәлік, сенімхат, қолхат.		Мінездеме, куәлік, сенімхат, қолхат жаза білу.	Іс қағаздар кітабы.	2			
6-7	Публицистикалық стиль.	Публицистикалық стиль.			1+			
8	Тест.		№6 жазба жұмыс.	Мәтін ішінен табу.	1			
9	Публицистикалық стильдің сипаты.		Сөйлем ішінен ажырата алу.		1			
10	Публицистикалық стилдің жұмсалыу формалары.		Публицистикалық стильге шешендік өнердің қажеттігін	Газет-журнал, радио, теледидар.	1			

			түсіну.					
11	Публицистикалық стильдің тіл ерекшеліктері.		Дикторлық ойын жүргізу.	Газет-журналдармен жұмыс.	1			
12-13	Ғылыми стиль.	Ғылыми стиль.			1+			
14	Ғылыми стильдің ерекшеліктері.				1			
15	Диктант.		№7 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	1			
16	Пунктуация.				1			
17	Тыныс белгілердің қолданылатын орындары.	Пунктуация.	Сөйлем ішіне қоя білу.	Жаттығу.	1			
18	Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілері.				1			
19-20	Нүкте.	Пысықтауыш.			2			
21	Диктант		№8 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	1			
	III тоқсан-30 сағат							
1-2	Сұрау белгісі.	Сұрақ белгісі			2			
3-4	Леп белгісі	Леп белгісі.	Жарыс сабақ.		1+			
5	Лепті сөйлем мағыналары				1			
6-7	Көп нүкте	Көп нүкте.			1+			
8	Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілері.		Тыныс белгілерін сауатты менгеру.		1			

9	Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері.	Диалог.	Тыныс белгілерін сауатты менгеру.	Газет, журналдар.	1			
10	Үтір.	Үтір.	Тыныс белгілерін білу.		1			
11-12	Бірыңғай мүшелерге байланысты қойылатын үтір.		Сұрақтарын дұрыс қоя білу.	М.Мақатаев шығармаларына тілдік талдау.	1+	1		
13-14	Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтір.		Тыныс белгілерін сауатты менгеру.		2			
15	Тест.		№9 жазба жұмыс.	Мәтінмен жұмыс.	1			
16-17	Оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылатын үтір.		Тыныс белгілерін ажырата алу.		2			
18-19	Қыстырма сөздерге байланысты қойылатын үтір.		Тыныс белгілерін сауатты менгеру.		1+	1		
20-21	Одағайға байланысты қойылатын үтір.		Өтірік өлең құрастыру.		1+	1		
22	Диктант.		№10 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	1			
23-24	Құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын үтір.	Құрмалас сөйлем.	Баяндама оқу.		1+	1		
25-26	Нүктелі үтір.		Тыныс белгілерін сауатты менгеру.	Мәтін.	1			

27	Сызықша.	Сызықша.	Сөйлем ішінен таба алу.		1				
28-29	Бастауыштан кейін қойылатын сызықша.		Сөйлем ішінен қолдану орынын білу.		1				
30	Диктант.			Диктанттар жинағы.	1				
	Бірыңғай мүшелерден кейін қойылатын сызықша.	Сызықша.	Тыныс белгілерін сауатты менгеру.	Ә.Кекілбаев шығармаларына талдау.	2				
	4 тоқсан-24 сағат		№11 жазба жұмыс.						
1	Оңашаланған айқындауышты сызықшамен ажырататын жағдайлар.	Айқындауыш.			1				
2-3	Құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын сызықша.		Құрмалас сөйлемдердің өзіндік грамматикалық белгілерін ажырата алу және толық синтаксистік талдау жасай алу.	М.Мақатаев шығармаларына тілдік талдау.	2				
4	Сөйлемді ықшамдап қолдануға байланысты қойылатын сызықша.				1				
5	Тест.			М. Өуезов. «Абай жолы».	1				
6-7	Қос нүкте.	Қос нүкте.		№12 жазба жұмыс.		1+	1		
8-9	Жақша.	Жақша.				2			
10-11	Тырнақша.	Тырнақша.			1+	1			

12	Диктант.		№13 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	1		
13-14	Стиль және пунктуацияның тіл мәдениетіне қатысын қайталау.				1+	1	
15-18	Жыл бойы өткенді қайталау.			М.Әуезов. «Абай жолы».	1+	1+	2
19	Диктант.		№14 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	1		
20	Түсіндірме сөздік.	Сөздік.	Сөздікпен жұмыс істей алу.	Сөздіктер.	1		
21	Тұрақты тіркестер (фразеологизмдер).	Тұрақты тіркес.		М.Әуезов. «Абай жолы».	1		
22	Диалект сөздер.	Диалект сөздер.	Ауызша және жазбаша тілдерінде сөйлемнің бұл түрлерін мақсатына сай орынды жұмсай алу.	Жаттығу.	1		
23	Токсандық бақылау диктанты.		№15 жазба жұмыс. Білім жинақтау.	Диктанттар жинағы.	1		
24	Жылдық бақылау жұмысы.		№16 жазба жұмыс.	Диктанттар жинағы.	1		

Айнұр ЖИЫЛМАСОВА,
№19 орта мектебінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
«Талды» ауылы.

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУДЫҢ «БИ ТЕМІРГЕ – БІРІНШІ ТОЛҒАУЫ»

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: Би Темір образын сомдау, оның ел алдындағы дана тұлғасын жан-жақты шын көрсетіп, елге сіңірген еңбегіне тоқталу. **Міндеттері: білімділік** – елге ұйытқы, ер азаматқа ақылгөй Шалкиіз жырау туралы мағлұмат беру, жырау және оның шығармашылығы туралы оқығандарын ортаға салып, сын тұрғысынан ойлап талқылауға үйрету; **дамытушылық** – көне заманға үңілдіру, оқушылардың жыраулық поэзия туралы дүниетанымын кеңейту, ой өрісін дамыту, ойлануға, қорытынды жасауға дағдыландыру; **тәрбиелік** – білімдерін өз бетінше қолдануға, көркем дүниеге құрметпен қарауға үйрету, жан-жанкы мәдениетті жеткіншектер тәрбиелеу.

Түрі: іскерлік ойын сабағы. **Тегі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, салыстыру, талдау жинақтау. **Көрнекілігі:** Шалкиіз жырау өмірі мен шығармашылығына арналған слайд көріністер, жырау өлеңдерінен үзінділер, Шалкиіз жырау туралы зерттеу еңбектері: М.Мағауин. «Қобыз сарыны». Алматы, 1969; Ж. Тілепов. «Елім деп еңіреген ерлер жыры». Алматы, 1995.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру.

III. Үй тапсырмасын тексеру:

«Араның ұясы» техникасы арқылы тексеріледі. Мұғалім әр екі оқушыдан тұратын жұпқа кім не білгендігі туралы ой бөлісуді, әр жұп кезекпен сұрақтарын қояды сұрайды. Сұрақтарға жауапты басқа оқушылар береді. Соңында жауаптары қортындыланады.

IV. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі:

1. Оқулық мәтінімен, толғау өлеңмен жұмыс;
2. Автор туралы түсінік, Би Темір жөнінде түсінік әңгіме;
3. Түсіндірме сөздікпен жұмыс:

Қу – аққу;

Көкшіліден – бұл жерде су айдынында деген мағынада;

Арабы торым – бұл жерде ауыспалы мағынада «асыл тұқымды» дегенді білдіреді;

Алдаспан – наркескен қылыш. Сабында көлденең салынған болат қалқасы бар семсер;

Қағба – Меккедегі мұсылмандардың құлшылық ететін қасиетті орынын, гибадат үйі;

Күдік – сәйгүлік, жүйрік жылқы;

Кепке – бас деген мағынада;

Ғазизлеген – құрметтеген деген мағынада.

4. Толғау өлеңге талдау:

1) Толғауды түсініп, мәнерлеп оқыңдар. Жырау би Темірді қалай мақтайды? Оны дала өміріндегі қандай нәрселерге балайды

2) Толғауда қандай өсиет сөздер айтылады?

3) Толғаудан метафораларды тауып, жасалу жолын түсіндіріңдер. Жырау тағы қандай көркемдегіш құралдар пайдаланған?

5. «Дана үкілер» ойыны. Интерактивті тақтада аталған техниканың шарты көрсетіледі:

а) Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері: толғаудан жаңа ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңдар.

Сендер күтпеген, сендердің бұрынғы ұғымдарына қарсы тұрған ақпаратты табыңдар. Сендерге жаңалық болған мәліметті жазыңдар.

ә) Маңызды өмірлік даналық: толғаудың негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңдер.


б) Таныс және таныс емес: толғаудан сендерге алдында таныс болған және сендерге мүлдем таныс емес мәліметті табыңдар.

в) Иллюстрациялық бейнелеу: толғаудың негізгі ойын сурет, сызба, кесте, арқылы бейнелеп көрсетіңдер.

г) Үлгі боларлық қорытынды: толғаудан келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

Оқушылар көрсетілген шарт бойынша жұмыс істейді.

V. Сабақты бекіту: Толғау өлеңдері дегеніміз не? Ерекшеліктері қандай? Берілген сызбаны толтыру:



VI. Оқушылар білімін бағалау:

Оқушының аты -жөні	Үй тапсырмасын орындау	Әдебиет теориясы	«Дана үкілер» теориясы	Сызбаны толтыру	Қорытынды баға

VII. Үй тапсырмасы: Жыраудың өсиет сөздерін оқи отырып, «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесепат» тақырыбына өз ойларыңды жазыңдар.

VIII. Рефлексия кезеңі:

Сабақ бойынша ойыңды білдір		
Қандай жаңа білім алдың?	Алған біліміңді қолдана аласың ба?	Саған қиындық тудырған түсініктер

Еркін МОЛЖІГІТОВ,
Саяқ кентінің жалпы
білім беретін №6 орта
мектебінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Балқаш қаласы.

ҚАЛИХАННЫҢ «ҚОҢЫР КҮЗІ ЕДІ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: шығарманың айтар идеясына терең мән беріп, адам мен табиғат ара қашықтығына терең үңілу. **Білімділік** – жан-жақты талдай отырып, мазмұнын ашу, жазушы шеберлігін аңғара білу; **дамытушылық** – өз бетінше жұмыс істеуге, ой-өрісін дамытуға, білім, іскерлік дағдыларын қалыптастыруға, теориялық білімдерін тереңдетуге ықпал ету; **тәрбиелік** – шығарма арқылы сыйластыққа, достыққа, сүйіспеншілікке, білімге тәрбиелеу, сөз қадірін білуге баулу.

Түрі: сын тұрғысынан ойлау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ой қозғау, топпен жұмыс, бес жолды өлең, түртіп алу, Венн диаграммасы, еркін жауап. **Көрнекілік:** сөздер жазылған плакаттар, компьютер, магнитофон, бағалау парақшалары, портреттер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру: Амандасу, оқушылардың сабаққа қатысуы мен дайындығын тексеру. Оқушыларды үш топқа бөлу, бағалау парақшаларын үлестіріп беру.

Сабақтың дәйек сөзі: Ұлттық әдебиетімізде «алыптар тобы» атанған Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтерден кейінгі жерде қара сөздің қадірін арттырған буын өкілі Қалихан Ысқақов – қылаусыз сөз

шебері.... (Асқар Алтай).

Психологиялық дайындық: - Балалар, бүгінгі сабағымызды Асқар Тоқмағанбетовтың өлең жолдарымен бастағым келіп тұр.

Білген сайын келеді біле бергім,

Біле беру емес не тілегі елдің.

Белден ассаң, алдында бел көрінсе,

Қызыққаннан келмей ме жүре бергің?!

Сондықтан да келеді біле бергім.

(Осыдан соң бүгінгі сабағымыздың мақсатын, істегелі тұрған жұмыстарды айтып өтемін).

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты: а) шығарманың мазмұнын, құрылысын меңгере отырып, жазушы шеберлігін тануға тырысамыз; 2) өз бетімізше зерттеп, талдау жұмыстарына машықтанып, түйінді ой, өзіндік пікір қалыптастыруға үйренеміз.

Ол үшін мынадай жұмыстар атқарамыз: ой қозғау, мағынаны ажырату, топтық жұмыстар, еркін жауап, түртіп алу, 5 жолды өлең.

II. Үй жұмысын сұрау. Оқушылардың мәтінді оқып, оны қаншалықты меңгергендіктерін білу үшін сұрақтарға жауап алу:

1. - Ендеше, бұл әңгімелерді қазақтың Чеховы жазған,- деді. Бұл кімнің сөзі? /Алматай/.

2. Қасым неге күзді еске алып отыр? Күз суреті қандай?

3. Бұл шығармада автор Қасым бейнесі арқылы кімнің балалық шағын баяндайды?

4. - Бар ана Қабдығалиеваның қасына!- деп айтқан кім?

5. Топқайың мектебі Қасымды қалай қарсы алды? Балалар ше?

6. Қ.Ысқақовтың өмірі мен шығармашылығы жайлы не білесіңдер?

7. Б.Майлин туралы қандай деректер білесіңдер?

8. Неге Алматый бұл кітапты қазақтың Чеховы жазған деп айтты?

III. Қызығушылықты ояту. Үнтаспа арқылы Асылбектің «Балалық шақ» күйінен үзінді беріледі.

Ой қозғау. - Балалар, өзіміз оқып жүрген әдебиет пәні адам өмірі үшін үлкен маңызы бар. Өйткені, әдебиет – өміртану құралы. Ендеше, осы күй арқылы Қ.Ысқақовтың балалық шағына бойлай отырып, білімімізді тереңдетейік.

Шығарманың оқиға желісі Қасымның іс-әрекетіне байланысты өрбитінін білеміз. Сондықтан біз алдымен осы әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасап көрсек.

1. Хикаяттың басталуы – Күзгі Алтай табиғаты.
2. Дамуы – «Топқайың» интернатына келуі.
3. Байланысы – Қасымның интернат балаларымен танысуы.
4. Шиеленісуі – Алтынмен алғашқы кездесуі.
5. Шарықтау шегі – Қызық кітап.
6. Шешімі – Қасымның арманы.

Мағынаны ажырату. Оқушыларға инсерт әдісі бойынша тапсырма жүктеледі. Мәтіннен түсінбеген сөздерін инсерт-картаға жазады.

/жарғақ, мақтапыда, сірі пұшпақтай, мекиен, пысы биік, бәкене немесің ғой/.

Карта – инсерт

Ү	?

Топтық жұмыс. Бірнеше сұрақтар қою арқылы теориялық білімдерін бақылау /Слайд арқылы 3 топқа сұрақтар беріледі/.

- I топқа: №1. Суреттеу деген не? Мәтіннен мысал келтір.
№2. Диалог деген не?
Мәтіннен мысал келтір.
№3. Повесть деген не?

№4. Қалматай мен Алматый /Венн диаграммасы/.

II топқа:

- №1. Монолог деген не?
Мәтінде монолог кездесе ме?
№2. Теңеу деген не?
Мәтіннен мысалдар келтір.
№3. Портрет деген не?
Мәтіннен тауып,мысал келтір.
№4. Концептуалдық кесте толтыру. Суреттеу /Қасым/.

III топ.

- №1. Сюжет деген не?
№2. Пейзаж деген не?
Мәтіннен тауып,мысал келтір.
№3. Метафора деген не?
Мысал келтір.
№4. Қалихан мен Қасым /Венн диаграммасы/.
«Еркін жауап» стратегиясы. Мәтіннен үзінділерді оқытып, ол үзіндіге байланысты сұрақтарға жауап береді.
а/ **175-бет.** - ЫМ...м, оқығым келеді де, солай де...

1. Интернатта қандай балалар оқиды? Не себепті Қасым интернатқа оқуға келді?
2. Қазіргі кездегі оқу-білім алу мәселесі туралы не айтасындар?

ә/ **176-бет.** –Немене, интернатқа түстің бе?

1. Осы үзіндіден Бүкірдің қандай жағымыз жақтарын аңғардыңдар? /екіжүзділік/.
2. «Ауыл итінің құйрығы қайқы келеді» деген тіркестің мағынасы не?

б/ **179-бет.** «Алтын қирап жатқан...»

1. Қомшабайдың Жарықжұлдыз деп аталуына не себеп және осындай сөздерді тіл білімінде не деп айтамыз?
2. Не себепті Қасым жазушы Б.Майлинмен кездесе алмайтын болды?

IV. Сабақты бекіту. «Түртіп алу» кестесін толтыру.

Білемін	Білгім келеді	Білдім	Мен үшін жаңалық

V. Қорытынды. 5 жолды өлең.

1. Жазушы.
 2. Шебер, көрнекті.
 3. Толғанады, жазады, суреттейді.
 4. Қалихан Ысқақов – қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, драматург.
 5. Суреткер.
- Үйге тапсырмасы.** Ой толғау. «Менің арманым».
- Бағалау.**



Бақтыгүл АБАТАЕВА,
«Көпкүтір» негізгі жалпы
білім беретін мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Қазталов ауданы.

«ҚАЛҚАМАН – МАМЫР» МАХАББАТЫ

Сабақтың мақсаты: Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірінен қысқаша мәлімет беру арқылы «Қалқаман – Мамыр» поэмасының мазмұнымен танысады. Поэма мазмұнын түсіну арқылы Қалқаман мен Көкенайдың әрекетіне екі түрлі көзқараста баға бере отырып, адамгершілік, қамқорлық қасиетті, азаматтық намысты ұғыну, бір-бірінің пікіріне құрметпен қарау.

Күтілетін нәтиже:

1. Бірлесіп жұмыс істейді, пікірлеседі, ортақ пікір шығара алады, тыңдайды, бағалайды.
2. Поэманың мазмұнын ашып көрсете алады.
3. Кейбір әдет-салттың екі жастың адал махабатына бөгет жасайтынын біле алады.
4. Кейіпкерлер әрекетіне талдау жасай алады, өзіндік пікірі бар.

Не арқылы бағалайды?

1. Топтық жұмыс. Ойлан, жұптас, талқыла әдісі.
2. Миға шабуыл.
3. Поэманың құрылысына сюжеттік талдау жасау арқылы.
4. РАФТ әдісі.
5. Кейіпкерлер бейнесін сомдау арқылы .

I. Қызығушылықты ояту.

Психологиялық дайындық.

Күлімдеп күн бүгін

Қарады маған да.

Күлімдеп күн бүгін

Қарады саған да.

Шуақпен нұрланып,

Дайынбыз сабаққа қашанда.

(Оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа дайындығын тексеру).

1. Ойлан, жұптас, талқыла.

Ұлы Абайдың ізбасар інісі туралы кім не біледі? Жеке орындау, топпен орындау, талдау.

II. Мағынаны тану.

1. Миға шабуыл.

Мұғалім: - Белгілі ғалым Қайым Мұхамедхановтың сөзімен айтсақ: Ұлы ақын дүниеден қайтқан соң халық Шәкәрімді екінші Абайымыз деп танып, ерекше құрметтеген. Бұл пікір – Шәкәрімдей дарынға халық тарапынан берілген

әділ баға. Абайдай дананың ақындық дәстүрін заңды түрде жемісті жалғастырған ол өзі өмір сүрген күрделі кезеңнің ащы шындығын өз туындыларында тап басып суреттей білді. Сол шығарманың бірі – өздерінің мазмұнымен танысып келіп отырған «Қалмақан – Мамыр» дастаны.

Мұғалім: - Балалар, үйде мазмұнымен танысып келдіңдер. Енді жырдағы басты оқиғаларға назар аударып, мазмұндап көрейік.

Жауап: - Бұл поэманы ақын тарихи хикая деп атаған. Өйткені дастанның оқиғасы ақтабан шұбырынды заманында өтеді. Поэманың алғашқы шумақтарында Әнет баба, Мәмбетей, Қалқаман, Мамыр есімдері аталып таныстырылады.

Мұғалім: - Әнет баба, Мәмбетейлерді ақын кім деп таныстырады, олардың Қалқаман мен Мамырға қандай туыскандық қатысы бар?

Жауабы: - «Әнет баба арғынның ел ағасы, әрі би, әрі молда, ғұламасы. Орта жүзге әділ екен, сол кезде тоқсан беске келген жасы» деп Әнет бабаны таныстырады. Ал Мәмбетей мен Кішік ағайынды бірге туған адамдар, Кішіктен Әнет, Әйтеке тарайды. Ал Мәмбетейден Мамырдың әкесі туады. Әйтекеден Олжай, Байбөрі, Қалқаман туады. Сонда Қалқаман мен Мамырдың әкелері – немере ағайынды кісілер.

Мұғалім: - Өте жақсы түсінгенсің. Ал енді дастанда Мамыр бейнесі қалай суреттеледі?

Жауап: - Мамыр Мәмбетейден тараған байдың қызы. Өзі өте сұлу әрі ақылды. Әкесі оны еркелетіп өсірді. Қыз киімін кимей, өзін ер баламын деп есептеп жүреді. Байдың Мамырдың басқа баласы жоқ. Сондықтан ел байдың көңіліне қарап, оны қыз деп айта алмай жүреді. Құда түсуге ел бата алмайды. Қалқаман да сол көптің бірі. Бір күні екеуі жылқы бағып жүріп кездеседі. Осы кезде бірін бірі қатты ұнатып қалады.

Мұғалім: - Жыр желісі бойынша осы екі жасты жақындастыратын бір тосын оқиға болады. Кім айтады екен?

Жауап: - Дастанда Сәмеке деген хан қалмақты жеңіп, той жасайды. Сол тойға Тобықты елі тегіс шақырылады. Оңаша қалған жастар бастаңғы жасайды.

Мұғалім: - Бастаңғы деген не?

Жауап: - Бұл қазақ халқының бір салт дәстүрі. Үйдегі үлкендер бір жаққа кеткенде, үйдегі жастар бас қосады.

Мұғалім: - Жауабың дұрыс Әнет бабаның бейнесін қалай таныдыңдар? Мінездеме беріңдер.

Жауап: - Әнет баба ел бірлігін, халықтың тыныштығын ойлаған адам. Оның әрбір сөзінен, қимылынан өте ақылды адам екендігі көрініп тұр. Әнет бабаның жүрегі өте мейрімді. Қалқаман мен Мамырға жаны ашиды. Қалқаманды құтқару үшін әртүрлі амалдар ойлап табады. Қалың малды көп беріп бітістіру жағын ойлайды. Оған көнбеген соң, құн беруді айтады. Әбден амалы құрыған кезде ғана Қалқаманды өлтіруге көнеді. Онда да атпен шауып өтсін, сонда атсын Көкенай дейді. Мүмкін атқан оқтан тірі қалар деп үміттенеді. Әнет баба үлкен жүректі, мейрімді, жастарға пана болған, ел билеген ғұлама адам.

Мұғалім: - Балалар, Көкенай қатыгездігі қалай баяндалады? Мамырды аямай, қанын жүктеген Көкенай Мамырдың ақтық сөзінен соң өз әрекетін тоқтатты ма?

Жауап: - Жоқ, қатыгез Көкенай жазықсыз жасты өлтіріп алдым-ау деп ойлаған да жоқ. Ол Әнет бабаға қайта-қайта кісі салып, Қалқаманды өлтір деп қиғылық салды. Қалқаманды өлтірмесе, туыстықтан кетеміз, ел іші ынтымағы бүлінеді деп қорқытты.

Мұғалім: - Сонымен, балалар, жыр оқиғасы немен аяқталады?

Жауап: - Ақырында Көкенай дегеніне жетіп, Қалқаманды атады. Бірақ Қалқаман ажал оғынан аман қалып, құлақ

естімес, көз көрмес алыс жаққа кетіп қалады. Ол жақта үйленіп, үйлі-балалы болады.

Мұғалім: - Ал, балалар жыр өзегі өздеріңе таныс. Енді жыр желісі бойынша мынадай топтық жұмыстар жүргіземіз. Поэманың композициялық құрылысына талдау.

Оқиғаның басталуы _____

Оқиғаның дамуы _____

Оқиғаның байланысы _____

Оқиғаның шиеленісуі _____

Оқиғаның шарықтау шегі _____

Оқиғаның шешімі _____

1. Қалқаман бір қыз үшін елден кетеді.
2. Мамырдың біреуге айттырылуы.
3. Қалқаман мен Мамырдың бірін-бірі ұнатуы, бастаңғы жасауы, сөз байласуы.
4. Екі жастың серттесіп қалуы.
5. Мәмбетей мен Тобықты руының жанжалдасуы.
6. Мамырдың аянышты өлімі. Қалқаманды атуы, оның аман қалуы.

2) I топ. Поэмадағы салт-дәстүрлер көрінісін бүгінгі өмірмен байланыстыр. Қыз айттыру; Бастаңғы қылу; Құда түсу; Қалың мал, т.б.

II топ. Поэмада орын алған тарихи оқиғалар тізбесін жасау: Ақтабан шұбырынды; Жерге талас (қазақ, қалмақ). 1722 ж.

3) Поэмадағы кейіпкерлер бейнесін сомдау: Ұнамды кейіпкер –Қалқаман I топ. Ұнамсыз кейіпкер – Көкенай, II топ.

Қалқаманның елден кетуі дұрыс па?

III. Ой-толғаныс. РАФТ әдісі.

Бағалау (топты бағалау).

Үйге тапсырма: «егер мен Қалқаман болсам...» (эссе жазу).

Алтынай АҚДӘУЛЕТОВА,
«Қарауылкелді» орта
мектебінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы.

САБАҚТЫ ЖӘНЕ САЛТ ЕТІСТІК

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың етістік тақырыбынан алған білімдерін саралай келе, сабақты және салт етістік туралы түсінік беріп, ерекшелігін таныту. Жаттығу жұмыстары мен тапсырмалар арқылы сабақты, салт етістіктерді ажырата білуге, сабақты, салт етістіктерге айналдыра алуға, талдай алуға машықтандыру. **Міндеттері: білімділік** – сабақты және салт етістіктердің сөйлемдегі негізгі қызметтерін жан-жақты, кеңінен түсіндіріп, айырмашылықтарын жетік білуге ұмтылу; **дамытушылық** – оқушылардың өз бетінше жұмыс орындап, ой қорытындысын жасай білуге, тапсырмаларды жауапкершілікпен атқаруға, сөз мағыналарын түсінуге, түйсінуге, өз пікірін айтып, дәлелдей білуге үйрету, сыни тұрғысынан ойлауға, шығармашылыққа баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, елжандылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа тақырыпты игеру сабағы. **Әдісі:** СТО. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, семантикалық карта, бағалау белгілері, кестелер, сызбалар, алма ағашы салынған плакат, стикерлер, смайликтер, класс тізімі жазылған плакат.

Сабақтың барысы:

а. Алғашқы ұйымдастыру сәті

ә. Класты 3 топқа бөлу (қызыл, көк, сары түсті көртішкелер

арқылы), топ басшысын сайлау. Жаңа топ мүшелері бір-бірімен дыбыссыз амандасады. Сабақтың басындағы көңіл күйлерін смайликтер арқылы білдіреді.

I. Ой қозғау. Әр топқа сызбалар, тапсырмалар беріп, өтілген етістік тақырыбын еске түсіру, үй тапсырмасын қорытындылау.

II. Мағынаны тану. Интерактивті тақтадан сөйлемдерді оқып, етістікке талдау жасау.

«Білім ақылды ұштайды,
Қайрақ асылды ұштайды».

«Уа, туған жер, топырағыңнан нәр алдым,
Алабыңнан арманым нәр алдым...» (Ә.Сәрсенбаев).

Мақал мен өлең жолдарынан етістікті тауып, етістік қажет етіп тұрған сөздердің қай септікте тұрғанын анықтап, жаңа сабақ және мақсатын хабарлау.

б. Жаңа сабақ. Сабақты және салт етістік.

Бірнеше мысалдар келтіріп, ережені оқушыларға қорыту.

Есікті аш, кітаптан оқу, гүлді суар, мектепке келдім, спортпен шұғылдандым.

Сабақты етістікті салт етістікке және керісінше салт етістікті сабақты етістікке айналдыру жолдары мынадай:

Сабақты етістік + -ын, -ін, -н.

-ыл, -іл, -л. = салт етістік.

Әнді айт + ыл. = ән айтылды.

Киімді іл + ін. = киім ілінді.

Салт етістік + қыз, -кіз, -ғыз, -гіз,

-дыр, -дір, -тыр, -тір, = сабақты етістік.

-ыр, -ір, -р, -т.

Ән айтылды + қыз. = әнді айтқыз.

Киім ілінді + гіз. = киімді ілгіз.

Аула тазаланды + т. = ауланы тазалат.

Оқулықпен жұмыс.

Ережені оқыту.

234-жаттығуда сабақты етістік жасауға ықпал етіп тұрған сөздерді тауып жазу.

235-жаттығуды әр топ бір сөйлемді ауызша орындады.

236-жаттығуды 3топ болып орындайды. Сабақты, салт етістік екенін айыру.

I топ.

Ез елін білмейді,

Есер тілін білмейді.

Досыңа майыспа,

Дұшпаныңа қайыспа.

II топ

Басқа бақ жарасады,

Батырға жақ жарасады.

Аталы ерден би туса,

Халыққа жанасады.

III топ

Жаман дос жағаңа жармасады.

Ар алтынмен өлшенбейді.

Данышпандықтан да дәмелен,

Әсемдікке де әуестен.

Сергіту сәті. Музыка ырғағымен алма ағашынан алманы алып, орынына дейін жеп келіп, алмадағы етістіктің сабақты, салт екенін айтады.

Ойнайық та ойлайық. Әр топ берілген сабақты етістікті салт етістікке не салт етістікті сабақты етістікке айналдырып жазады.

I топ: жаса, орында.

II топ: болды, тарт.

III топ: басталды, әкел.

III. Ойтолғау. «Қазақстан барысы» мультфильмін көрсетіп, 3 топқа тапсырма беріледі:

I топ мультфильмнің қысқаша мазмұнын жазу.

II топ кішкентай барыс жеңіске жету үшін қандай әрекет жасағанын жазу.

III топ «Кішкентай барыстың жеңісі» тақырыбына шағын ойтолғау жазу.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы туралы айту.

Сабақты қорытындылау үшін әр топ семантикалық карта толтырады.

Етістік-тер	негіз-гі	туын-ды	да-ра	күр-делі	бо-лым-ды	бо-лым-сыз	сабақ-ты	салт
барады								
жазбақ								
көрген жоқ								
басталды								
жүзеді								
айтпа								
ойнады								
жаттап-ты								
күліп отыр								
білер								
сыйла								
үнде-мейтін								

В) Бағалау. Топ басшысы топ мүшелері туралы пікірлерін білдіріп, қолдау көрсетеді (қол шапалақтау). Сынып оқушыларын белгілер бойынша бағалау. Оқушылардың сабақ соңындағы көңіл-күйлерін смайликтер арқылы білдіреді.

Г) Үй тапсырмасы: Сабақты, салт етістік. 238-жаттығу.

Майра НЫҒМЕТОВА,
Мәлік Ғабдуллин атындағы
№3 көптілде оқытатын
мектеп-гимназиясының мұғалімі.
 Ақмола облысы,
 Көкшетау қаласы.

МАҒЖАН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Сабақтың мақсаты:

- Мағжан өмірін тереңірек таныту, жан-жақты талдау, өлеңдерінің мән-мағынасын, идеясын ашу арқылы ақын бейнесіне ой жүгірту. Ұлы Абай өлеңдерімен салыстыру арқылы екі ақынның өзара үндестігін айқындау;
- Білімнің пайдасын түсіндіру арқылы білімқұмарлыққа, оқу-білімді махаббатпен үйренуге баулу. Туған елге, жерге деген сезімдерін оятып, оны Мағжанша сүйе білуге тәрбиелеу;
- Оқушылардың ой-танымын жетілдіріп, көркем, жүйелі сөйлеу қабілеттерін дамыту. Ақын өлеңдері негізінде оқушыларды шығармашылыққа баулу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау технологиясы, сұрақ-жауап, жатқа мәнерлеп оқу, салыстырмалы талдау, топпен жұмыс, ойтолғау. **Көрнекілігі:** ақын портреті, қанатты сөздер, топтастыру стратегиясына байланысты пластер, талдауға арналған сұрақтар жүйесі. Слайдтар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабақтың мақсатымен таныстыру. Оқушыларды 2 топқа бөлу.

II. «Ой қозғау» стратегиясы.

Мұғалім сөзі: - Ақын «Мен кім»? өлеңінде өзін нелерге теңейді? Себебі неде?

Оқушылар өлеңді мәнерлеп жатқа оқи отыра, ақын бейнесін ашады, топтастырып көрсетеді.

Мұғалім бастайды:

- Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

Арыстан тобы:

- Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

Жолбарыс тобы:

- Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Арыстан –	М	Бұлт –
Жолбарыс –	А	Жел –
Күн –	Ғ	Жалын –
Теңіз –	Ж	Тұлпар –
	А	
	Н	

Мұғалім сөзі: - Біз бұл шумақтардан ақынның өз күшіне, өз талантына, өмір тағдырына кәміл сенетінін байқаймыз. Ақын өзін «арыстанмын, жолбарыспын» дейді. Бұл – асыптасудың, мақтанудың белгісі емес, асылдықтың, өткірліктің белгісі. Өлеңде асқақ арман бар. Ақын ешқайда, ешкімге жалтақтамайды. Болашаққа нық сеніммен қарайды. Ақын жігітке тән өршіл де өжет, жігерлі болуды талап етеді. Осындай поэзия әлемінде ерекше із қалдырған, терең сырға,

ұшқыр қиялға толы туындыларын кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы Мағжантанушыларға сөз берейік.

1-топ: - Жұмабаев Мағжан Бекенұлы 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, «Молодежный» совхозында дүниеге келген. Ауыл мұғалімінен хат танып, сауатын ашқан. Білімге жаны құштар Мағжан Уфадағы Ғалия медресесінде оқыған. Араб, парсы, түрік, орыс тілін жақсы меңгеріп алған.

Ақын «Сен сұлу» әнін сүйікті жары Зылихаға арнаған. 1993 жылы Мағжан Жұмабаевтың поэмасы бойынша «Батыр Баян» толық метражды фильмі түсірілген.

2-топ: - Мағжан әр қилы тақырыпта көлемді поэмалар жазған. «Қорқыт», «Жүсіпхан», «Оқжетпестің қиясында», «Токсанның тобы» поэмалары кезінде баспа жүзін көрген.

Мағжан 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып, оған «Алтын хакім Абайға» атты өлеңін арнады. Осылайша ол Абайға деген махаббатының нәзік қылын шертті. Ұлы Абайды рухани ұстаз санап, оған еліктеп бірнеше өлеңдер жазған. Сондықтан Мағжан Абай дәстүрін өсіруші, өрбітуші болып табылады.

III. Мағжан – Абай дәстүрін өсіруші, өрбітуші.

Мұғалім сөзі: - «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін... Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі».

«Абай – ақылдың ақыны, Мағжан – ақынның ақыны», - деп ұлы М.Әуезов биік баға берген, ендеше, екі ұлы ақынның шығармаларын салыстырайық.

I топ. Абайдың «Қыс» өлеңі. Өлеңнің мән-мағынасын, идеясын ашу, қандай тәсілмен жазылған?

II топ. Мағжанның «Қысқы жолда» өлеңімен салыстырады. Кейіптеу деген не? Абайдың қысы қандай, ал Мағжанның қысы қандай?

I топ. Мағжанның «Балалық шақ» өлеңі. Білімді адамның артықшылығы туралы Мағжан не дейді?

II топ. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстырады. Өлеңнің мән-мағынасын, идеясын ашу, қандай ерекшелігі бар? Абайдың өсиеті (Бес асыл, бес дұшпан).

IV. Ойтүйін. «Білім артық па, байлық артық па?»


Білім артық, өйткені...

Байлық артық, өйткені...

V. «Ой-толғаныс» стратегиясы: (алдын ала балаларға ізденіс жұмысы берілді).

«Балалық шағың – патшаның тағы» ой толғауларын оқыту.

VI. Мағжан – сұлу сезім иесі. «Сағындым» өлеңіне талдау жасату.



Талдау

I топ. Сыртқы талдау.

1) Алғашқы 4 шумақты жатқа айту.

2) Өлең неге «Сағындым» деп аталған? Ақын бұл өлеңді қашан, қайда жазған?

3) Түрме қандай?

4) Ол не үшін, кімдер үшін түрмеге қамалған?

5) Ақын түрмеде отырғанда кімдерді, нелерді сағынады?

II топ. Ішкі талдау.

1. Кейінгі 4 шумақты жатқа айту.

2. Өлеңде қандай сөз көп қайталанады?

3. Эпитет деген не? Өлеңнен эпитет сөздерді тауып оқындар.

4. Өлең құрлысына талдау жасаңдар.


5. Ақынға мінездеме беріңдер.

VII. Сағыныш жайлы еркін, ауызша ой-толғаныс.

- Сағыныш қандай сезім?

- Біз өз өмірімізде кімдерді, нелерді сағынамыз?

Мұғалім: - Мағжан – ол ұлтын, елін, жерін тереңнен сүйген, сарқылмас сағынышқа берілген. Ол – намысшыл, шыдамды, ұлты үшін жанын қиюға даяр болған, қайтпас қайсар мінезді ақын. Қазақ жастарына, қазақ халқының жарқын болашағына сенген. Халқының азаттығын аңсаған, тәтті тәуелсіздігін сағынған. Бүгінде Мағжанның аңсаған арманына біз жетіп отырмыз. Ақынға деген сағынышымыз ғасырдан-ғасырға ұласып, ұлғая бермек.



Мағжанға арнау өлеңімен сабақты аяқтау.
 Қазағымды азат жолы ирелең
 Кейде қорлап, тірі өліктей сүйреген.
 Сол сүйреуге көнбеймін деп атылған,
 Мағжан аға! Сізден мінез үйренем.
 Мағжан аға! Хабар салмай көп жүрсең,
 Шындық үшін құрбан болып өттің сен.
 Қапаланба, қара бұлтты қақ жарып,
 Кеңістікке бізбен бірге жеттің сен.
 Тұраншылмыз, құраншылмыз, азатпыз,
 Көрген бақыт келген жоқ қой азапсыз.
 Айқын бұрдың бетімізді кең жолға,
 Біз өзге емес, біз Мағжаншыл қазақпыз!

VIII. Оқушылардың жауабын бағалау.

IX. Үйге тапсырма: Мағжанға деген сағыныштарын сурет, ойтолғау арқылы жеткізу. «Мен Мағжанды сүйемін» (ойтолғау жазу). Ақын атаны аңсау – сурет салу.



Жанна БАЗАРҒАЛИЕВА,
 Ақтөбе қаласындағы
 №51 гимназияның мұғалімі.

ЖАМБЫЛДЫҢ ЖЫЛЫ ЖҮРЕКТІ ЖЫРЛАРЫ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: «Алғадай туралы әрбір ой», «Атаның әлдиі» өлеңдерінің мағыналық маңызына тоқталып, айтайын деген идеялық мақсат-мұрағын жан-жақты, терең ашып көрсету.
Міндеттері: білімділік – ақын өлеңдерінің өзіндік табиғатына, өзгешелігіне көңіл бөлу; өлеңдегі түйінді ойды аңғарту, Жамбыл туралы білгендерін кеңейту, бекіту; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал

ету, танымдық көзқарасын қалыптастыру; **тәрбиелік** – өз елін, Отанын, туған жерін сүйуге, құрметтеуге баулу. **Күтілетін нәтиже:** - Өлең бойынша өз көзқарасын қалыптастырады; - Өлеңдегі Алғадай бейнесіне орай жақсы мінез-құлық, іс-әрекеттерін талдау арқылы өзінше ой қорытады; - Жаңа ұғымды өзі іздеп табады. **Түрі:** талдау және жинақтау сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** топтастыру, инсерт, бес жолды өлең стратегиясы.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

I. Қызығушылықты ояту.

Мәлімет жинау. Жамбыл жайлы тағы не білдім? «Топтастыру». Математикалық ойын.

$1000+800+23*2=$ Ақынның дүниеге келуі;

$600*3+61=$ Сүйінбай ақыннан бата алуы;

$10*10+(1000-45)=$ «Ленинградтық өренім» өлеңі;

$500*2+936=$ «Туған елім» толғауының жариялануы;

$900*2+138=$ Жетпіс бес жылдық мерейтой.

Жамбыл

Ақын	Айтыскер	Жыршы
“Кедей күйі”, ”Жылқышы”, ”Ленинградтық өренім”, “Атандыру”, “Алғадай туралы әрбір ой”.	Сарбас, Құлманбет, Шашубай, Бақтыбай, Досмағанбет ақындармен айтысқан.	“Өтеген батыр”, “Сұраншы батыр”, “Саурық батыр”, “Жапар туралы” дастандары бар.

II. Мағынаны тану. Жамбыл өз қолымен майданға аттандырған «Атандыру» өлеңінің кейіпкері кім?

Алғадай және одан тараған ұрпақ – Қуаныш туралы өлеңдерімен танысамыз.

- Оқушылар, сіздердің ойларыңызға қосымша түсінік бере кетейін.

Жамбылдың алты ұлы болған. Үлкен екі баласы ертеректе қайтыс болады. Ал екі ұлы Изтелеу мен Алғадай Ұлы Отан соғысына аттанады. 1942 жылы Жамбыл Алғадайды майданға шығарып салады. Алғадай майданға кеткеннен кейін жеті

күннен кейін келіні Жәміш ұл туады. 1943 жылы Алғадай ерлікпен қаза тапты деген қара қағаз келеді. Осы қайғылы хабарды естіруге Кенен Әзірбаев пен Ғали Орманов келіп:

- Ау, Жәке, көпті көрген батырымсың,

Қайғырып Алғадайға жатырмысың.

Пендеге бұл жалғанда өлім рас,

Тағдырдың сөгесіз бе қылған ісін?

Кім күшті, бұл дүниеде адам күшті,

Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.

Миуалы бақ ішінде дарағы едің,

Бір жемісің жел соғып жерге түсті,- деген екен. Расында, ұлының қайғысы ақынның жанына қатты батады.

Жаңа тақырыпты үйрену. Оқушылар топта жұмыс жасайды. Өлең 3 топқа бөлініп беріледі.

1. Берілген бөлімді мәнерлеп оқу. 2. Өлең жолдарындағы түсініксіз сөздерді түртіп алу. 3. Үзіндіге тақырып қою. 4. Өлең құрылысына талдау жасау. 5. Өлеңнің тіліне талдау жүргізу (ассонанс, аллитерация, сұраулы сөйлемдер).

Өлеңдерді мәнерлеп оқыту. Инсерт әдісі бойынша өлең жолдарындағы түсініксіз сөздерді түртіп отырады.

Сөздікпен жұмыс: *Мурде* – өлген адамның денесі, өлік. *Көзел* – көпті көрген, сұңғыла. *Саңлақ* – елден ерен. *Жабы* – қазақ жылқысының байырғы қарабайыр түрі. *Кәріп* – соқыр, мүгедек.

Өлең құрылысына талдау жасау:

/ *Темір өзек/ пенде жоқ,/ 7а*

/Өлмес адам/ /елде жоқ./ 7а

/Орынсыз деп // өлімі/ 7б


/Ағат ойлау // менде жоқ./ 7а

7 буынды, 2 бунақты, 4 тармақты қара өлең ұйқасы.

Өлеңнің тіліне талдау жасау.

Сұраулы сөйлемдер	Ассонанс (дауысты дыбыстардың қайталануы)	Аллитерация (дауыссыз дыбыстардың қайталануы)

Әдебиет теориясы:



III. Ой-толғаныс: «Жыр алыбы» тақырыбына эссе жазу. Бағалау.

Мазмұны Оқушының аты-жөні	Үй тапсыр-масы	Топта жұмыс жасау белсенділігі	Топ атынан жауап беруі	«Жыр алыбы» тақырыбына эссе	Жалпы баға

Үйге тапсырма: ұнаған өлеңді жаттау.

Қорытындылау: *«Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі – Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз».* **Н.Ә.Назарбаев.**



Бағдагүл АҚЫБАЕВА,
«Кеңсуат» жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,

Ақжайық ауданы,

«Кеңсуат» ауылы.

ҚАЙСАР РУХТЫ ҚАҺАРМАН

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: ақын өмір сүрген дәуірдің қарама-қайшылығына тоқталып, оның өміріне, шығармашылығына

ықпалын жан-жақты терең қозғап, өлеңдеріндегі өзекті мәселелерді кеңінен сөз ету. **Міндеттері: білімділік** – Махамбет өмір сүрген дәуірден мағлұмат беру, Махамбет жайында жазылған шығармалардан, еңбектерден ақын екендігін таныту; **дамытушылық** – шығармашылықпен жұмыс істей білуге, өзінше тұжырымды ой айта білуге үйрету; **тәрбиелік** – ақынның шығармаларына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін ояту, отан сүйгіштікке тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** ақын портреті, ұлағатты сөздер, портреттер, газет-журнал материалдары. **Түрі:** семинар-конференция. **Әдісі:** сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: амандасу, түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

XVIII- XIX ғасырдағы қазақ халқының басындағы ең үлкен мұң-қайғы – жер мұңы, жер қайғысы, жер зары болды.

Қасиетті жерінен айырылу – бәрінен айырылу. Мұны біз сонау бағзы заманнан бері келе жатқан әр дәуір жырларының толғауларынан оқып таныстық.

Сұрақтарға жауап алу: 1. ХУ ғасырдағы Қазтуған жырау толғауларының тақырыбы қандай? 2. XVIII-XIX ғасырдағы Ресей патшалығының қазақ жерін отарлауы тұсындағы Шортанбай толғауын еске түсірейік. 3. Қазақ даласының орыс патшалығына бағынуына байланысты Орталық Қазақстанда салына бастаған бекіністерді ата, олардың қызметі жөнінде әңгімеле. 4. Дулат Бабатайұлының патшалық Ресейдің отарлау саясатын әшкерелеуі жөнінде айта отырып, өлеңдерін еске түсірейік.

III. Жаңа сабақ.

Кіріспе әңгіме: «Махамбет есімі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы» деген екен жазушы З.Қабдолов ағамыз.

Ақын болу – бір басқа. Батыр болу – бір басқа. Осы екі ұғым екі дара тұрып қалмай, қосылып бір адамның бойынан табылып жатса – бұл да ерекше құбылыстың бірі деп қарауымыз керек.

Міне, осы қосылған екі талант Махамбет шығармашылығынан аңғарылады. Ер Махамбет бүкіл өмірін күрес үстінде өткізген, сондықтан ақын жырлары асау сезім, қайсар рухқа толы.

Еділдің бойы – ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім...
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусаншы!
Халықтың кегін қусаңшы!

Бұл – Махамбеттің арман-мұраты еді. Бостандық, тәуелсіздікті аңсау – қандай ұлы арман!

Бүгінгі сабақта біз Махамбет Өтемісұлының өмірі, шығармашылығы туралы оқушылардың өзінен естиміз.

Сабаққа «тарихшы»- Тілек, «ғалым»- Әсем, «әдебиетші»- Айкүміс, «өнертанушы»- Сәкен, «тілші» - Талап қатысып отыр.

Тілшіден ғалымға сұрақ: «Махамбеттің балалық шағы» туралы қысқаша дерек берсеңіз.

Тарихшыға сұрақ: Исатай мен Мапхамбет бастаған шаруалар көтерілісі қай жылдары, қай жерде болды? Махамбеттің хан-сұлтандарға жау болу себебі неде?

Өнертанушыға сұрақ: Халықтың айтуына қарағанда, Махамбет арқалы күйші, сазгер болған олай болса сізге сұрақ мынадай: Махамбеттің қанша күйі бар атап берсеңіз?

Әдебиетшіге сұрақ: Қай жылдары қандай жағдайда өлеңдері дүниеге келді? (кесте арқылы).

Кезеңдер	Жылдар	Негізгі оқиғалар	Оқиға ізімен туған өлеңдер
I			
II			
III			

Қандай өлеңнен үзінді білесіз? («Қызғыш құс», «Хан емессің, қасқырсың»)

Соңғы сауалымыз ғалымға: Біз 8-сыныпта «Қарой» әңгімесінен Махамбеттің басын Ықылас кесіп алғанын білеміз, сонда денесі мен басы бөлек жерленді ме?

Махамбет – дауылпаз ақын.

Махамбет шығармашылығы – өр рухты поэзия. Махамбет жасынан-ақ шешендігімен, ақындығымен көзге түскен. Өткір мінезді ақын өлеңдері өмір шындығын терең бейнелеген, ханға қарсы қасқая тұрып, шындықты бетке айтқан. Халық намысының аяққа басылғанына зығырданы қайнап жүрген өжет ақын бас кетер деп қорықпай, ханның жауыздығын әшкерелейді.

Махамбет шығармашылығы – өр рухты поэзия. Ақынның қай өлеңін алып оқысаң да отты да өткір. Оның жауынгерлерді елін, жерін қорғау үшін қаншама қиындыққа, аштыққа, шөлге, төзімділікке шақыратын, жігерлендіретін, рухани күш беретін өлеңдерінің бірі – «Ереуіл атқа ер салмай» (өлеңі сұралады). «Толарсақтан саз кешіп», «Мұңайма», «Айныман», «Баймағанбт сұлтанға айтқаны» өлеңдері айтылады.

IV. Тапсырма: кесте қағаздағы сөздерді, сөз тіркестерін пайдаланып, тақырыпқа қатысты әңгіме құрау. Исатай, Махамбет, соғыс, мақсат, Қиялы мола, қайсар, батыр, шаруалар көтерілісі, 1836 жыл

V. «Махамбет» (топтастыру тәсілімен).

VI. Пікір айту. «Бүгінгі өмірімізде Махамбеттер бар ма?» (3 минут): жоқ, бар.

VII. Махамбет жайлы еңбектер аталды: 1. Б.Аманшин. «Махамбеттің тағдыры» романы. 2. Ә.Әлімжанов. «Махамбеттің жебесі» романы. 3. Қ.Жұмалиев жинақтары. 4. Ф.Оңғарсынова. «Махамбет аудармашысымен әңгіме» өлеңі, «Алмас қылыш» поэмасы. 5. Құрманғазы. «Кішкентай» күйі. 6. М.Шаханов. «Қарақұм трагедиясы». 7. «Махамбет». «Жыр – Жебе» жинақ.

VIII. Бағалау.

IX. Қорытынды: Махамбет есімі мәңгі өшпейді. Көше, театр, университетке есімі берілді.

X. Үйге тапсырма: 159-163 бет, «Мұнар да мұнар, мұнар күн» өлеңін жаттау.

Махамбет – «қабағын шытпас ер», «дініне берік жауынгер», «қолына қоңыраулы найза алып», «Исатайдың соңынан ерген ереуіл ақыны, Абылайдан кейінгі батырлардың батыры».

Бір тақырыпта – қос мақала

Мейрамгүл ҚУАНЖАНОВА,
Қ.Жұбанов атындағы
орта мектебінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы.

«ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»

Сабақтың мақсаты: оқушылардың Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы бойынша білімдерін кеңейту, Бактығұлдың іс-әрекетіне баға беру, «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаятын қорыту. **Міндеттері:** білімділік – сол кезеңнің тыныс-тіршілігін бүгінгі өмір көрінісімен байланыстыра әңгімелеп, дұрыс көзқарасын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушының өзіндік қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түюге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру, көркем шығармаларды оқуға қызығушылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – бірін-бірі құрметтеуге, пікірлерін тыңдай білуге, адалдыққа, адами қасиеттерге баулу. **Түрі:** аралас. **Әдіс-тәсілдері:** мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, пікір айту, сөздікпен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, әдеби кітаптар.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

I. ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ: оқушыларды сабақ өтуге даярлау.

II. ЖАҢА САБАҚ:

I. Жоспар бойынша хикаяттың мазмұнына шолу жасаймыз.

1. Тектіғұлдың арманы. 2. Бауырдың кегін қуу. 3. Қуғыншылар. 4. Батыр аңғал. 5. Қате жол. 6. Сатқындық. 7. Қуғында. 8. Қайтқан кек.


II. Интербелсенді тақтадан сұрақтар көрсетіледі: 1. Шығарма қандай көңіл күй, қандай психологиялық күйзелістен басталады? 2. Тектіғұл өліміне не себеп болды? 3. Інісінің өлімі

Бактығұлға қалай әсер етті? 4. Оның алғашқы әрекеті неліктен сәтсіз аяқталды? 5. Бұдан соң Бактығұл қандай шешімге келді? 6. Бактығұл пана іздеген Жарасбай қандай жан?

III. «Тұжырым» кестесі толтырылады.

Кейіпкер	Не істейді?	Мінез ерекшеліктері
Тектіғұл		
Бактығұл		
Сәлмен		
Жарасбай		

IV. Хикаяттағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерінен адами қасиеттерін білдік. Осы кейіпкерлерді Әйлер шеңбері арқылы топтастырамыз.



V. **Бактығұл бейнесі:** 1. Бактығұл өзінің қателескенін қалай түсінді? 2. Билер сотында Бактығұлдың Жарасбай туралы ештеңе айтпауын қалай түсінесіңдер? 3. Неліктен Бактығұл Сәлменді емес, Жарасбай болысты өлтірді? 4. Бактығұлға баға бер.

VI. Жазушының тіл көркемдігін, суреттеу, баяндау шеберлігін мәтіннен мысал ала отырып дәлелдеу.

Табу керек. Ізденіс әдісі. 1. Жазушының Бактығұлды суреттеуде қолданған ұқсату, теңеу сөздері мен сөз тіркестерін табу. 2. Жазушы шеберлігін танытатын тұс, автордың табиғат суретін кейіпкердің ішкі дүниесіне сай суреттеуі. 3. Бактығұлдың ерекше тұлға екенін жазушы қалай суреттейді? 4. Талғар сайының пейзажын мәтіннен тауып оқы. 5. Бактығұлдың монологтарын мәтіннен тауып оқы.

VII. Сөздікпен жұмыс. Ұры – затты, нәрсені ұрлаушы адам. Ұрлық – біреудің затын рұқсатсыз алу. Кек – біреуге, жауға деген өшпенділік. Жоқшылық – кедей, жарлы болу. Зорлық – қиянат, зәбір көрсету, жала. Паналау – сүйеніш ету. Барымта – жауласқан екі елдің мал-мүлкін бір-бірінен күшпен тартып алуы.

VIII. - Балалар, біз бүгін қорытындылап отырған М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» төменгі сыныпта өткен қандай шығармаға ұқсас? (Оқушылар жауабынан кейін).

III. Мұртазаның «Қызыл жебе» романына ұқсас. Бұл роман Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қайраткерлігіне арналған.

Біз «Қараш-Қараш оқиғасы» арқылы танысқан Бактығұлдың өмірдегі прототипі (бейнесі) – тарихи тұлға – Рысқұл Жылқайдаров. Бұл – қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың әкесі. Рысқұл 1904 ж. желтоқсан айында өз еліндегі, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданындағы Саймасай Үшкемпіров деген болысты халыққа жасаған қиянаты мен әділетсіз іс-әрекетіне шыдамай атып өлтірген. Сол кезеңде Рысқұлды Алматы түрмесіне жабады.

«Қараш-Қараш оқиғасы» «Қызыл жебе»

Сейіт	Тұрар
Бактығұл	Рысқұл
Жарасбай	Саймасай

М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» 1927 жылдың желтоқсан айы мен 1928 жылдың қаңтар айларында жазылған. 1959 ж. қайта өңделіп басылған.

1961 ж. орыс тіліне аударылған. 1968 ж. «Қазақфильм» мен «Қырғызфильм» киностудиялары бірігіп, «Асуда атылған оқ» деп аталатын көркем фильм түсірген. Бұл шығармаға француз жазушысы Андре Стиль жоғары баға берген.

«Қараш-Қараш оқиғасы» секілді туындыны өмірге әкелген Мұхтар Омарханұлы Әуезов туралы француз жазушысы Луи Арагонның пікірін тыңдайық (Л. Арагонның М. Ә. туралы пікірі үнтаспадан тыңдалады).

Үйге тапсырма: М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасын» оқу.

Жанна АЙРАНБАЙ,
Абай атындағы көпсалалы
мектеп-гимназия мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
«Қалбатау» ауылы.

«ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»

Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі бойынша алған білімдерін бекіту.	
Сабақтың міндеті:	М.Әуезов туралы білімдерін қайталау; «Қараш-Қараш оқиғасы» бойынша білімдерін нақтылау; оқулық және қосымша материалдар деректерін тиімді пайдалануға дағдыландыру, оқушыларды сын тұрғысынан ойландыра отырып, өз көзқарастарын еркін жеткізуге бағыттау.	
Күтілетін нәтиже:	Ойларын еркін айту, өз пікірін айшықты тілмен жеткізе біледі, «Қараш-Қараш оқиғасы» бойынша білімдерін нақтылайды, қосымша деректерін тиімді пайдаланады, шығармашылық қабілеттері дамиды.	
Ресурстар:	ҚР Білім беру стандарты. Күнтізбелік жоспар. Оқулық. Мобильді сынып, интернет желісі, «Аңыз адам» журналы Қазақстан тарихы оқулығы, 9- сынып.	
Қамтылған модульдер:	Жеке жұмыс, топтық жұмыс, Диалогтік әдіс, «сұрақ-жауап» стратегиясы, постер қорғау, миға шабуыл, автор орындығы.	
Сабақ барысы:	Мұғалім іс-әрекеті:	Оқушы іс-әрекеті:
Кезеңдері:	Сергіту сәтін ұйымдастыру Шеңберге тұрғызып топқа бөлу.	Мақал- мәтелдерді құрастырады: 1. Барымтаны бай алады,бәлесі кедейге қалады. 2. Жарлының еңбегі- байдың ермегі.
I. Ұйымдас-тыру (4 минут)	Топты рөлге бөлу туралы сілтеме жасау Топ ережесін қайталау.	3. Кек алған емес, кешірген жақсы. 4. Байда пейіл болса, кедейде мейір болады. Топ мүшелері рөлдерге бөлінеді. (Басшы, хатшы, баяндамашы, бақылаушы, тайм- спикер)

II. Өткен сабаққа қысқаша шолу (4 минут).	II. Сұрақ-жауап: 1. М.Әуезовтің тырнақалды туындыларын ата. 2. Қазақ халкын әлемге танытқан әйгілі «Абай жолы» тарихи роман-эпопеясы неше кітаптан тұрады?	Оқушылардан күтілетін жауап: 1. «Еңлік-Кебек» пьесасы, «Қазақстың өзгеше мінездері», «Адамдық негізі-әйел» 1917 жыл. 2. 4.кітаптан тұрады.
	3. Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің тақырыбы? 4. «Қараш-Қараш оқиғасы » повесінің жазылуына негіз болған оқиға?	3. Ескі қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік мәселесі. 4. Көрнекті мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың әкесі Рысқұлдың басынан өткен оқиға.
	5. «Репрессия» сөзін қалай түсінесің? 6. Т.Рысқұлов туралы қандай тарихи шығармалар білесіңдер? 7. «Қараш-Қараш оқиғасына» орай түсірілген қандай көркем фильм білесіңдер?	5. Репрессия – мемлекет органдары қолданатын жазалау шарасы. 6. Ш.Мұртаза «Қызыл жебе», Ш.Мұртаза «Бесенің хаты», Т.Нұртазин «Тұрардың анты» 7. «Асуда атылған оқ».
(2 минут)	-фильмнен үзінді көрсету	
II. Білімді қайталау, бекіту. (6 минут).	«Лингвисттер» тобына: 1. Ақ жолдан таю (Бактығұлдың Сәлмен ауылынан боз биені олжалауы). 2. Өксікті күндер (Тектіғұлдың соққыға ұшырауы, Бактығұлдың Сәлмен ауылынан ажырауы. Тектіғұл өлімі.)	Оқушылардан күтілетін жауап: 1. 2-бөлімде 2. 1-бөлімде 3. 4-бөлімде 4. 3-бөлімде 5. 6-бөлімде 6. 5-бөлімде 7. 8-бөлімде 8. 7-бөлімде
	3. Жылт еткен үміт (Бактығұлдың құлжа алуы. Жарасбай ауылымен жақындасуы). 4. Ұрлық түбі – қорлық (Боз бие қуғыншыларының әрекеті. Ет орнына соққы жеу). 5. Жала (Жарасбайдың Бактығұлды қаралауы. Билер шешімі). 6. Пейілі кедей бай (Жарасбайдың Бактығұлды ұрлыққа жіберуі. Партия сайлауындағы Жарасбайдың жеңісі).	

	7. Қылмыс пен жаза (Жарасбайдың өлімі). 8. Қуғын (Бақтығұлдың елден безіп, далада бас сауғалауы. Өліммен арпалыс).	
	Сәйкестендіру хронологиясы: «Тұрартанушылар» тобына: 1. жылы – әкесімен бірге Верный түрмесінде болады. 2. жылы – Пішпек ауылшаруашылық мектебінде оқып, бағбан мамандығын алады.	Оқушылардан күтілетін жауап: 1. -1905-1906 ж.ж.; 2. -1910-1914 ж.ж.; 3. -1920 ж.; 4. -1924 ж.; 5. - 1930 ж.; 6. - 1933 ж.; 7. 1938 ж.; 8. 1956 ж.
	3. жылы – РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының, яғни И.Сталиннің екінші орынбасары болып тағайындалады. 4. жылы – Коминтерннің атқару қызметінің Орталық Шығысы бөліміне жұмысқа алынып, жазда Моңғолияға жіберіледі. 5. жылы - «Түркісіб» атты кітабы жарық көреді. 6. жылы - Сталинге кеңестік ұжымдастыру саясатының зардаптарын жою, Қазақстандағы ашаршылық апатынан халықты құтқару жайында хат жазып, нақты ұсыныстар жасайды. «Киргизстан» деген кітабы жарық көреді. 7. жылы – «Пантүрікшіл», «Халық жауы» деген айыппен ату жазасына кесіледі. 8. жылы – 8 желтоқсанда ақталды.	
	«Тарихшылар» тобына: 1. жылы – Ұлт-азаттық көтеріліс.	

	2. жылы –Қазан төңкерісі және Кеңес өкіметінің орнауы 3. жылы – Азамат соғысы. 4. жылы – Түркісіб темір жолының салынуы.	
	«Мұхтартанушылар» тобына: 1. жылы – «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі жазылды. 2. жылы – «Абай жолы» роман-эпопеясы жазылды. 3. жылы – «Абай» романы үшін бірінші дәрежелі КСРО сыйлығын алды. 4. жылы- «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйлық алды.	Оқушылардан күтілетін жауап: 1. 1916; 2. 1917; 3. 1918; 4. 1921.
(15 минут). (10 минут). Үйге тапсырма (1 минут).	Постер қорғауға тапсырма беріледі. Шығармашылық жұмыс. М. Мақатаев туралы қосымша дерек. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын оқу, мазмұндау.	Постер қорғайды. Автор орындығында орындайды.
Бағалау (2 минут).	Бағаға сараптама жасау. «Егер сен шын адам болсаң, халқының тағдырына қабырғасы қайыспайтын жанды адам деуші болма» деп шығыс данасы Әлішер Науаи айтқандай, адам деген атқа лайық болу үшін халқымыз үшін, еліміздің болашағы үшін адал еңбек ете білейік.	Топ басшылары бағалайды, сараптама жасайды.
Қорытынды (1минут).	«Адам боп келіп өмірге, адам боп өту көп қиын» демекші, басымызға қандай іс түссе де, өмірден адам боп өту – парызымыз.	

Рзагүл ӨТЕУЛИЕВА,
М.Бегенов мектебінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы,
Ақжігіт ауылы.

СӨЗ ӨНЕРІ – ӨМІР ӨРНЕГІ

Мақсаты: оқушыларға ана тіліміз арқылы сөз өнерінің құдіретін танытып, алған білімдерін тиянақтау. Тіл мәдениетіне, еркін сөйлеуге, ұшқыр ойлауға тәрбиелеу. Таным-түсінігін кеңейту арқылы ой-өрістерін өсіріп, дүниетанымын кеңейту.

Көрнекілігі: слайдтар. Сайыс түрі: сайыс.

Жүргізуші: - Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңында «Тіл – ұлттың асыл, ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи дамуы ретінде ұлттық қоғамның қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты» делінген.

Ана тіл құдіретімен ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұғына алады. Әрине, қай пенденің болмасын ішкі әлеміндегі сырлы сырын сыртқа шығару үшін сөйлеу қажет. Сөйлеу үшін бізге сөз, сөз тіркесі, сөйлем керек. Ана тіліміздің қадір-қасиетін терең ұғынып, сөз мәдениетінің сапасын түсірмей сақтаған, сонау Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштеріндегі қара тасқа жан бітіріп сөйлеткен, бүгінгі ұрпағына жеткізген осы сөз өнері емес пе?!

Ендеше, бүгінгі «Сөз өнері – өмір өрнегі» атты білім сайысына қош келдіңіздер!

Сайыс 3 кезеңнен тұрады:

1. Ойлы сұрақ – жедел жауап.

2. Білімділік – тапқырлықта.

3. Сөз – ойдың айнасы.

Қазылар алқасын сайлау.

1 кезең: «Ойлы сұрақ – жедел жауап».

«Ескендір» поэмасының авторы? (Абай).

Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар? (4).

Сабақ басталды. Қандай сөйлем? (жалаң).

Тіл білімі неше саладан тұрады? (3).

Шығамын тірі болсам адам болып. Кімнің өлеңі?
(С.Торайғыров).

Қобыландының тұлпары? (Тайбурыл).

Ер Тарғынның жары? (Ақжүніс).

Жауынгер ақын кім? (Махамбет).

«Толағай» қандай ертегі? (әдеби).

Шоқанның әжесі? (Айғаным).

Абайдың «Қыс» өлеңінде қандай көркемдегіш құрал қолданған? (кейіптеу).

Синоним дегеніміз не?

2-кезең: «Білімділік тапқырлықта».

Кейіпкерлер	10	20	30	40	50
Тұлғалар	10	20	30	40	50
Сөз сыры	10	20	30	40	50

Кейіпкерлер:

10 – Көзімді ашып алып, сағатқа қарасам, 8-ге 15 минут қалған екен. Атып түрегеліп, тез киіндім де, бет-қолымды шайып жіберіп, бір кесе айранды тікемнен тік тұрған күйде қотара салдым. Бүгінгі болатын пәндерді сөмкеге асығыс салдым да, мектепке жүгірдім. Қоңырау соғылып кетіпті.

(«Менің атым – Қожа» - Қожа).

20 – Сол ақ екен, қарсы бұрылып алып, аттыға қарай «арс» етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. Баланың шошыған айқайы шықты. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды. Бұл бала кім еді? («Көксерек» - Құрмаш).

30 – Әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, жай формасының өзі сұп-суық, бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді. Бұл кім?

(«Қамар сұлу» - Жорға Нұрым).

40 – Ол – өте ақкөңіл, ақылды бала екен. Бір-екі рет кейбір шатаққұмар балалар тиісіп көрген екен. Ол үндеместен қабағын түйіп, сырт айналып кетіп жүрді. Өзінің жауап қайыра алмайтынына налығандай боп: «Менің көкем де жоқ, апам да жоқ, сондықтан төбелесем әжем ұрсады ғой» дейді.

(«Жусан иісі» - Аян).

50 – Бұл – орта бойлы, кең жауырын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген, ат жақты сары сұр кісі. Басында жарғақ тысты құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғылт түйе жүн шекпен жамылған. Отырған отырысында, тұрған тұрысында ілтисипаттық пен тәкаппарлық қатар аңғарылады. Егер тұлғасына, көңіл райына қарасаң, ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың.

(«Көшпенділер»- Абылай ханның немересі, Қасым төренің ортаншы ұлы – Кенесары).

Тұлғалар:

10 – «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Бір уыс мақта» сияқты тәрбие тақырыбына көп қалам тербеген жазушы?

(Ы.Алтынсарин).

20 – VIII ғасырда сыр бойында Жанкент қаласы маңында өмір сүрген данагөй көріпкел, бақсы, ұлы күйші, жырау. Ол – әрі тарихи тұлға, әрі аңыз кейіпкері.

(Қорқыт).

30 – Әрі лирик, әрі эпик ақын І.Жансүгіров «Әнші» өлеңінде қай әншінің өнерін суреттеп, әншілігін әуелете сұрайды? (Ә.Найманбаев).

40 – Не бары 27 жыл ғұмыр кешсе де, бірнеше өлең, ондаған мақала, 2 роман, 5-6 поэма жазып, қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтерген, Абайдан кейінгі ірі суреткер, реалист ақын. (С.Торайғыров).

50 – М.Әуезов қорғансыз жандар тағдырын бейнелесе, Б.Майлин күрескер азамат әйелді қуана жырлады. Ал ана туралы шығармалары арқылы аса қайратты, қуатты әйел тұлғасын жасаған, ана махаббатының жеңімпаз рухын асқақтата жырлаған кім? (Ғ.Мүсірепов).

Сөз сыры:

10 – **шаша** – (аттың құлағының төменгі жағындағы бір шоқ қыл).

20 – **сұңғыла** – (сезімтал).

30 – **керсен** – (үлкен тостаған).

40 – **мәуіт** – (ықылас –пейіл).

50 – **жақ** – (кermесіне жебе салып тартатын қару садақ).

3-кезең. «Сөз – ойдың айнасы». Берілген сөздерге мақал-мәтел құрау.

Күн (Біреу күн нұрына малынса, біреу ай сәулесіне зәру).

Су (Суға кеткен тал қармайды).

Бидай (Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, Жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы).

Жүрек (Әке жүрегі таудан үлкен, Ана жүрегі теңізден терең).

Кісі (Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде).

Ақыл (Ауыртпалық ақыл қосар).

Қорытынды.

«Мың қуаныш сыйлап келген әр мұңға,

Бой алдырмай кері тартқан тағдырға.

Ана тілдің мәртебесін үстейік

Армандардың ұлы көші алдында», - деп қорытынды сөзді қазылар алқасына береміз (Жеңімпаздарды марапаттау).

Хуралай АЛДАНЫШ,
Абай атындағы көпсалалы
мектеп-гимназияның мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
«Қалбатау» ауылы.

АУҒАННЫҢ ОТТЫ ЖЫЛДАРЫ

Мақсаты: Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу және жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал ету.

Міндеттері: Отан үшін отқа түсіп қыршынынан қиылған, жат жерде көз жұмған жерлес азаматтарымызды еске алу, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі-өнеге, тарихи тағылым беру, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, елжандылыққа, отансүйгіштікке, ізгілікке баулу.

Күгілетін нәтиже: Ауған соғысының ардагерлеріне құрметпен қарайды, барлық ауған соғысы ардагерлері және жерлес азаматтарды еске алады, ерлік істерінен үлгі-өнеге алады, елжандылық, отансүйгіштік, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Әдісі: кездесу, сұхбат.

Көрнекілігі: Ауған соғысы ардагерлеріне арналған өлеңдер, қанатты сөздер, буклет, таныстырылым, бейнетаспа, музыкалық нөмірлер.

Кеш барысы.

Мұғалімнің сөзі:

- Құрметті ұстаздар, оқушылар және кешіміздің қонақтары! «Ерлік – саналы әскери тәрбиенің жемісі, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, бүгін Отан алдындағы борышын абыроймен атқарған, Отан үшін жанын қиған, Ауған соғысына қатысқан барлық жауынгер ағаларымызға және өзіміздің жерлесіміз, Ауған соғысына қатысқан ержүрек ағамыз Келденов Дулат Байқошқарұлының құрметіне арналған «Ауғанның отты жылдары» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Сұрапыл майданда келмеске кеткен қандастарымыздың жанды бейнелері ел ішінде болмаса да, олардың аты мен еткен ерліктері ұрпақ жадында мәңгілікке сақталады, сақталмауы мүмкін емес. Олай болса, Ауған соғысына қатысып құрбан болған барлық жауынгер ағаларымызды бүгінгі ұрпақтары болып саналатын, мына біздер, 1 минут үнсіздік жариялап еске алайық (барлығы орындарынан тұрып, еске алады).

Мадина:

- Бейбітшілік заманында Ауғанстанда әскери борышын өтеуге барған ағаларымыз қанды шайқаста құрбан болды. Батырлық пен ерен ерлік көрсеткен жерлестеріміз мәңгі есте қалмақ.

Кешіміздің қонағының құрметіне Болатұлы Әлішер мен Сүлеймен Бауыржанның орындауында «**Қазақ елі**» әні орындалады.

Қаламқас:

- КСРО басшысы Л.Брежнев КОКП ОК саяси Бюросының мүшелері Ю.Андропов, А.Громыко, М.Сулов және Д.Устиновтің келісімімен 1979 жылы 25 желтоқсанда Ауғанстанға әскер кіргізу жөнінде шешім қабылдайды. Бұл шешімнің салдары 9 жыл, 1 ай, 25 күнге жалғасқан соғысқа әкеліп соқтырды.

Настия:

- 1989жылы 15 ақпанда талай ата-аналарымыз боздақтарынан айырылып, мыңдаған бауырластарымыз қаза тапқан, қасіретті де қайғылы Ауған соғысы аяқталды. Содан бері аралықта 15 ақпан Ауған жерінде болған жауынгерлер күні болып аталып келеді. Ауған жерінен Кеңес Одағы әскерлерінің шығарылғанына биыл – 25жыл.

Есқат:

- Бейбіт өмірде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген өрімдей жас жігіттер Ауған соғысына аттанды. Мұнда қаншама жас қыршынынан қиылып, қаншама жас мүгедек болып оралды. Он жылға созылған Ауған соғысына 22 мың қазақстандықтар қатысқан, соның ішінде 44 сарбаз өзіміздің осы Семей өңірінен екен.

Сол боздақтардың бірі – жерлесіміз **Келденев Дулат Байқошқарұлына** Смағұл Бақытбек ағамыздың мына бір өлең жолдарын арнаймыз.

Аяулым:

- Армысыңдар, ауғандық жауынгерлер?
Жырым бар жараланған жаныңды емдер.
Өлгендердің жәннатта болсын жаны,
Тірілерің мың жаса, дәуірлеңдер!
Ерлік қылған аталарың аспан асты, жер үсті,

Біз сәндікке кимейміз деп шалбар менен бөрікті.
Отан – ана алдындағы өтеймін деп борышты,
Аттаңдындар, атқардындар соғысты .

Әділ:

- Жастығыңмен жауға атылдың оқ болып,
Әндетегін кездерінде ауылыңда төс керіп.
Жаудың оғы сал мүшенді төрт бөліп,
Кейбіреуің кеттің мүлде жоқ болып.
Жау дейміз-ау қолдан жасап жауыңды,
Саясаттың сайқалдығы-ай уландырған тамызды.
Бауырыңа бауыздатып балдай ішкен қаныңды,
Заманы еді кеңестің ол сұрапылды, дауылды.

Жансая:

- Құдай өзі бере жатар жауыздықтың жазасын,
Қыран ерлер, ардагерлер, сендер түгел тазасын.
Қасқыр мінез, қайсар жандар жалап жазған жарасын,
Жандарыңның жараларын қай мықты бір жазатын.
Сендер бірақ Отан үшін отқа тостың кеуденді,
Ерлігінді, өрлігінді ел көрді.
Бірге аттанған бауырларың жер жастанды, жерленді,
Жебейді олар аруағымен сендерді!

Нұриман:

- Аналардың көл боп ақты көз жасы,
Жетімдер мен жесірлерді ойлашы.
Сол күндерді көрмесін бұл халқымыз,
Елі үшін құрбандық тек ер басы.
Бүгін біздер солдатымыз Егеменді қазақтың.
Туды, міне, жас ұрпаққа ғажап күн!
Біздер көрдік азап пенен тозақтың,
Енді атса, тек бейбітшілік таңы атсын!

Айгерім:

- Еске алайық, құрметтейік, құрбандардың рухын,
Қабірлері нұрға толсын, суық көр де жылысын.
Есіл ерлер ескерткішке айналсаң да біз үшін,
Мәңгі-бақи тірісіңдер, тірісің!

- Құрметті Дулат аға, Ауған соғысына қатысып, бүгінде ортамызда отырсыз. Сол Ауған соғысы кезіндегі отты жылдар оқиғасынан әңгімелеп берсеңіз. Келесі сөз кезегі бүгінгі кешіміздің қадірлі қонағы Келденов Дулат ағаға беріледі.

Кешіміздің қонағы **Келденов Дулат Байқошқарұлы** әңгімесін айтады.

Көрініс: Ауған соғысы кезінен оқушылардың дайындаған шағын көрінісі ұсынылады.

Сұрақ-жауап бөлімі. Оқушылар өздерінің көкейіндегі сұрақтарын қойып сұхбаттасады.

Жанар:

- Ауған соғысы – жүректе жазылмайтын, тарихта орын алатын ерекше беттер. Отан үшін жанын қиған ержүрек батырларымызға мың да бір рахмет, мәңгі есте сақтап құрметтеу, кейінгі ұрпаққа ерліктерін дәріптеу – біздің міндетіміз деп білеміз.

Бейне көрініс тамашалау. «Ауған соғысы ардагерлерінің мәртебесін көтеру». Жарма ауданында да Ауған әскерлерінің қоғамдық ұйымы құрылған. Жетекшісі – Ыскаков Ә. Осы ұйым туралы қысқаша бейнесюжет тамашалайды.

Би: Мектебіміздің биші қыздары **«Қазақ биін»** мың бұрала билеп, кешімізге шырай келтірді.

Мұғалімнің сөзі:

- Отанды сүю отбасынан басталады, Отанымызды

сүйген әрбір жас өрен патриот болып, өз Отанын қастерлейді, сақтай алады. «Елім, жерім» деп еміренген ақын М.Жұмабаев: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты, мен жастарға сенемін» деп, болашақ жастарға үміт пен сенім артып кеткен. Сондай жастарымыздың бірі – «Ортабұлақ» ауылының тумасы, мектебіміздің түлегі, Ауған соғысында қаза тапқан Т.Оспановты айтпай кетуге болмайды (таныстырылым көрсетіледі). Дегенмен, Ауған соғысы ардагерлері туралы бір сағат, екі сағат айтып тауысу мүмкін емес...

«Ауған соғысы он екіде бір гүлі ашылмаған боздақтардың қанымен жазылған тарих деп біледі кейінгі жас буын өкілдері. Жылдар жылжып өткенімен, ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады» дей келе бүгінгі кешіміздің қадірлі қонағы Келденов Дулат ағамызға Абай мектеп-гимназиясы ұжымының атынан және 11-сынып оқушыларының атынан кешімізге келіп, Ауған соғысының отты жылдарынан әңгіме айтып, сұхбаттасып, ой бөліскеніңізге зор алғысымызды білдіреміз.

Серік Салтанат пен Ілиясов Санат өздерінің жыр шумақтарын арнайды.

Қорытынды.

Үлгі бізге ағалардың ерлігі,

Ұлағатты, өнегесі, еңбегі.

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,

Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі!

Тәуелсіз Қазақстанымыздың әрбір өренінің «елім, жерім, әкем, анам, Отаным» деп соғатын жұдырықтай жүрегі дәл осылай шаттанады.

Әлия МЕЙРАМҚАЗЫҚЫЗЫ,
Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны,
журнал жанашыры.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы.

ДҮНИЕ ӨЛЕҢ БОЛЫП ТӨГІЛЕДІ

ОЙ БӨЛЕК

Осыншама Алла берген қызыққа да тоймадым,
Қанағатты білмей жаным, тоқтамадым, қоймадым.
Уақыт келіп, енді, міне, жүрегім қаққа бөлінді,
Көрдік-ау қатты, сұм ажал, қаһарлы, қатал өлімді.

Білмеймін, қалай қолыма қалам аламын,
Бар жанымды қағазға қаламмен жыр қып жазамын.
Әрбір қайғы аямай жүрегімді жонады,
Қапырық жазда сонда да жаным қоймай тоңады.

Тереземнің әр жағында жапалақтап қар жауар,
Қармен бірге жүрекке аппақ ниет, гүл жауар.
Жүректегі гүлдерімді әрбір жанға беремін,
Арманыммен қанаттанып өмір сүріп келемін.

Білем, білем, ойлайсыздар,
жас қой әлі, бала деп,

Тәрбиені, өнегені әлі-ақ өзі алар деп.
Өтінемін, аңдамаңдар, қарамаңдар жасыма,
Басқа дүние ой бөлек жүрегімде, басымда.

ТУҒАН ЖЕРІМЕ

Сенде өткен әрбір менің балалығым есімде,
Шалғынында шалқайып, шарқ ұрған менің кезімде.
Балалық қайран гүл теріп, көбелек қуып ойнайтын,
Құласам да сан рет, шаршамай-ақ қоймайтын.

Жусан исі сендегі мұрнымнан еш кетпейді,
Қанша жерлер болса да ешбірі саған жетпейді!

Бұл өлеңім арналады құдіретті еліме,
Көлдеріме, шөліме, белес-белес беліме.
Қасық қанын аямай қаншама батыр жан берген,
Арналады бұл шумақтар қасиетті жеріме!

Шуағын шашар күндеріме,
Жұлдызды аспан түндеріме,
Мен ойнаған шалғындарға,
Ондағы бар балғындарға,
Асқарлы, биік тауларыма,
Бұлақ аққан бауларыма,
Мөлдір, тұнық өзендерге,
Бақытты әрбір кезендерге
Арнап өлең жаз, қалам!
«Сүйем сені жерім»-деп
Барша әлемге жар салам!

БЕЛГІСІЗ БЕЙНЕ

Салып сайран,
Сағым қуып,
Сандалған сары далада.
Жүрек толқып,
Жаным қорқып
Неше түрлі санада.

Қатты соқты,
Жайлады,
Ұқпадым жүрек қағысын.
Мұңысын ба?!
Жоқ әлде...
Басына қонған бағысың.

Кімсің өзің?!
Адамсың ба?!
Жоқ, әлде бір жануар.
Табиғаттың жаратқан
Пендесісің бе, жаны бар...

Бірде дыбыс,
Бірде тыныш
Жерімнің жұпар ауасы.
Жаһандағы
Адамсың ба
Бойында қызу қаны бар?

Танымадым,
Таппадым

Жұмбақ болған бейненді.
Жан дүниеміз
Өзгеше,
Әлде ұқсас па, тең-теңді.

Мейлі болса,
Жұмбаққа толса
Жүрегің алтын кен деймін!
Абыржып саспа,
Қиыннан қашпа
Жақсылыққа сен деймін!

ТӘТТИ КЕЗДЕР

Жүрегімнің түбінде бір тәтті кез сақталған,
Сол бір тәтті кездерде билейді бойды тәтті арман.
Көз жүгіртіп өткенге, уақыт бұрсам кеткенге,
Есімде тек қуанып, әрдайым бейнем шаттанған.

Қуыршақты көргенде, жайнайтұғын едім мен,
Доп қуалап, шаршамай қоймайтұғын едім мен.
Үй ішіне әпкелерім шақырса да тыңдамай,
Кеш батқанша жалықпай, ойнайтұғын едім мен.

Жетіге келіп ойынның ұмытыппын бәрін де,
Талпынады оқуға жасың тұрмақ, кәрің де.
Оқытып ұстаз, дүниені талай үйретіп,
Миға құйды, сіңірді білімнің тәтті нәрін де.

Балалық, шіркін, қандай едің, қандайсың?
Шырыны таза, тәп-тәтті бір балдайсың.
Жан анам, жаным жанымда, бақытты сол сәттер-ай,
Сағынды жүрек, кетті ғой, келмеске кетті, әттең-ай!

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 30.07.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3127.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2014 ж., 144 бет, Алматы.